

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті

ӘОЖ: 373.3.016:159.955

Қолжазба құқығында

ЕСНАЗАР АСЕЛЬ ЖАҢАБЕРГЕНҚЫЗЫ

**Пәнаралық байланыста бастауыш сынып оқушыларының
ойлау мен сөйлеу дағдыларын қалыптастыру**

6D010200 – Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі

Философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Ғылыми кеңесші
п.ғ.д., проф.
Жапбаров А.,
Шетелдік кеңесші
Туркер Курт,
PhD докт., доц.

Қазақстан Республикасы
Шымкент, 2022

МАЗМҰНЫ

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР	3
АНЫҚТАМАЛАР	4
БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР	5
КІРІСПЕ	6
1 ПӘНАРАЛЫҚ БАЙЛАНЫСТА БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ОЙЛАУ МЕН СӨЙЛЕУ DAҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ-ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ	14
1.1 Ойлау мен сөйлеу дағдыларын қалыптастырудың философиялық генезисі	14
1.2 Ойлау мен сөйлеу дағдыларын қалыптастыру мәселесінің психологиялық-педагогикалық еңбектерде қарастырылу жайы	24
1.3 «Пәнаралық байланыс», «ойлау мен сөйлеу дағдылары» ұғымдарының мәні мен құрылымы	34
2 ПӘНАРАЛЫҚ БАЙЛАНЫСТА БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ОЙЛАУ МЕН СӨЙЛЕУ DAҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫ МОДЕЛЬДЕУ	53
2.1 Пәнаралық байланыста ойлау мен сөйлеу дағдыларын жаңартылған білім мазмұнында жүзеге асырудың мүмкіндіктері	53
2.2 Пәнаралық байланыста бастауыш сынып оқушыларының ойлау мен сөйлеу дағдыларын қалыптастырудың әдістемелік жүйесі	64
2.3 Пәнаралық байланыста бастауыш сынып оқушыларының ойлау мен сөйлеу дағдыларын қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі	78
3 ПӘНАРАЛЫҚ БАЙЛАНЫСТА БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ОЙЛАУ МЕН СӨЙЛЕУ DAҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ТӘЖІРИБЕЛІК-ЭКСПЕРИМЕНТТІК ЖҰМЫСЫ	89
3.1 Пәнаралық байланыста бастауыш сынып оқушыларының ойлау және сөйлеу дағдыларын қалыптастырудың бастапқы диагностикасы	89
3.2 Пәнаралық байланыста бастауыш сынып оқушыларының ойлау және сөйлеу дағдыларын қалыптастырудың әдістемесі	101
3.3 Зерттеу мәселесі бойынша жүргізілген тәжірибелік- эксперименттік жұмыс нәтижелері	117
ҚОРЫТЫНДЫ	125
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ	127
ҚОСЫМШАЛАР	136

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Бұл диссертациялық жұмыста нормативтік құжаттарға сәйкес сілтемелер пайдаланылған:

Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Ұлттық даму жоспары (Стратегиялық даму жоспары жаңа редакцияда – ҚР Президентінің 26.02.2021 № 521 Жарлығымен).

Қазақстан Республикасында білім беру мен ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 1 наурыздағы №205 Жарлығы).

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. 27.07.2007 ж., №319-III ҚРЗ. Астана. Ақорда.

Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы).

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. 27.07.2007 ж., №319-III ҚРЗ. Астана. Ақорда.

Қазақстан Республикасының Президенті Қ.Тоқаевтың 2019 жылғы 2 қыркүйектегі «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауы.

Бастауыш білім беру деңгейінің 2-4 – сыныптарына арналған «Қазақ тілі» пәнінен үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту қазақ тілінде). – Астана, 2018 жыл.

Бастауыш білім беру деңгейінің 1-4 – сыныптарына арналған «Дүниетану» пәнінен үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту қазақ тілінде). – Астана, 2018 жыл.

Бастауыш білім беру деңгейінің 1-4 – сыныптарына арналған «Жаратылыстану» пәнінен үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту қазақ тілінде). – Астана, 2018 жыл.

Бастауыш білім беру деңгейінің 2-4 – сыныптарына арналған «Әдебиеттік оқу» пәнінен үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту қазақ тілінде). – Астана, 2018 жыл.

Бастауыш білім беру деңгейінің 1-4 – сыныптарына арналған «Математика» пәнінен үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту қазақ тілінде). – Астана, 2018 жыл.

АНЫҚТАМАЛАР

Бұл диссертациялық жұмыста келесі терминдерге сәйкес анықтамалар қолданылған:

Пәнаралық байланыс – жеке пәндерге тән ортақ қасиеттерді білу, саналы меңгеру – оқушылардың білім танымының жоғары дәрежелігін көрсетеді, дүниетанымдық көзқарасының орнықты қалыптасу үдерісін танытады.

Пәнаралық сабақтастық – білім алушыларда білім, білік және дағдыларды қолдану және әрі қарай дамытуға тірек жасау, бұл арқылы оқушыларда әртүрлі байланыстар құрылады, тақырыптың негізгі идеялары ашылады, жаңа ескі білімдер өзара әрекет етеді, нәтижесінде терең және берік білімдер жүйесі қалыптасады.

Интеграция – бұл екі ғылым элементтерінің жай қосылуы емес, ол табиғат заңдылықтарын тереңірек түсінуге мүмкіндік беретіндей дәрежеде олардың жаңаша жүйеленген ішкі бірлігі педагогикалық техника – мұғалім іс-әрекетінің ішкі мазмұны мен сыртқы мазмұнының үйлесімді бірлігіне әсер ететін тәсілдер жиынтығы.

Ойлау – сыртқы дүние заттары мен құбылыстарының байланыс қатынастарының мида жалпылай және жанама түрде сөз арқылы бейнеленуі.

Сөйлеу – адамдардың материалдық өзгертуші іс-әрекеті процесінде тарихи тұрғыда қалыптасқан тіл арқылы болатын қарым-қатынас нысаны.

Тыңдалым – тілге сай әрекет ету, яғни тілдің дыбыстық мағынасын түсіну.

Айтылым – өзге адамдармен қарым-қатынасқа түсу барысында ойымызды жеткізу үшін тілдік бірліктерді қолдану.

Оқылым – мәтінді жазу, айтудан гөрі жауап қайтару немесе мақсатқа сай әрекет етуді білдіреді, яғни жазба тілдегі мәтінді түсіну.

Жазылым – продуктивті дағдылар қатарына жатады. Продуктивті дағды дегеніміз – тілді қолданып сөйлеу немесе жазу.

Талдау - ой арқылы түрлі заттар мен құбылыстардың мәнді жақтарын жеке бөлшектерге бөлу.

Жинақтау - ой арқылы заттың, құбылыстың барлық элементтері біріктіріледі.

Салыстыру - заттардың ұқсастығы, айырмашылығы айқындалады.

Ұғым – дүниені танып-білу сатысындағы белгілі бір тұтастықта қарастырылып отырған заттың мәнін оның қалыптасу тәсілін анықтау арқылы олардың теориялық танымының формасы.

Пікір – бір нәрсенің беймәлім жағын ақиқат не жалған деу тұрғысынан мақұлдайтын немесе теріске шығаратын талас ой.

Ой әрекеті - бұл мақсатты түпкі ойды құруға, қойылған мақсаттарға сәйкес ситуацияда даму тәсілдерін ұйымдастыруға, жұмыс тәсілдерінің тиімділігін әрі қарай талдауға негізделген рухани белсенділіктің түрі.

БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

ҚР МЖМБС – Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты

ЖОО - жоғары оқу орны

БОПӘ - бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі

ӘК - әдістемелік кешен

БС - бақылау сыныбы

ТС - тәжірибелік сынып

ПБ - пәнаралық байланыс

4К модель - сыни ойлау (critical thinking), қарым-қатынас (communication), креативтілік (creativity), командалық жұмыс (collaboration)

STEM – S – ғылым, ғылыми түсінік (science), T – технология (technology), E – инженерия (engineering), M – математика (mathematics)

КІРІСПЕ

Зерттеудің өзектілігі. Қазір еліміздегі жаһандық білім беру үдерісі мақсатты, тәуелсіз, мобильді тұлғаны дайындауда оқушының жеке басын дамытуға, оның қажеттіліктері мен мүдделерін қанағаттандыруға бағытталған. Бұл оқыту үдерісіне педагогикалық көзқарастардың түбегейлі өзгеруін білдіреді, интеллектуалды дамыған, белсенді, өзін-өзі басқара алатын, ақпаратты өз бетінше іздейтін және сыни тұрғыда ойлауға қабілетті тұлғаны қалыптастыруға ықпал етеді.

Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Ұлттық даму жоспарында (ҚР Президентінің 26.02.2021 №521 Жарлығымен) Сапалы білімге байланысты: «Оқушылардың ойлау дағдыларын қарапайым деңгейден (білу, түсіну, қолдану) жоғары деңгейге дейін (талдау, синтездеу, бағалау) қалыптастыру, пәнаралық байланыстарды барынша тиімді ұйымдастыруға мүмкіндік беретін «өтпелі тақырыптардың» болуы маңызды болады» деп міндеттейді [1]. Аталған міндеттер өз кезегінде бастауыш сыныптан бастап оқушылардың ойлау мен сөйлеу дағдыларын қалыптастыруды пәнаралық байланыстар арқылы жүзеге асыруды көздейді. Ендеше, оқу үдерісіндегі пәнаралық байланыс оқушылардың ойлау мен сөйлеу дағдыларын қалыптастырудың құралы бола алады.

Бұған сәйкес, Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы): «Білімді функционалдықпен және шығармашылықпен қолдана білу, білім алушы тұлғасының үйлесімді қалыптасуы мен дамуына сын тұрғысынан ойлай алатын, коммуникацияның түрлі тәсілдерін, оның ішінде тілдік дағдыларды меңгеру, топпен және жеке жұмыс істеу сияқты кең ауқымды дағдылар» деп көрсетілген [2]. Білім беру стандартындағы көрсетілген дағдылар теориялық ойлауы жетілген, тілдік дағдыларды игерген, пәндік білімді меңгерген бастауыш сынып оқушы тұлғасының үйлесімді дамуы мен қалыптасуына мүмкіндік береді.

Қоғам сұранысына қарай, Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының мақсаты: «Қазақстандық білім мен ғылымның жаһандық бәсекеге қабілеттілігін арттыру және жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде тұлғаны тәрбиелеу және оқыту», - деп беріледі [3]. Аталмыш мақсатқа қол жеткізуде бірнеше міндеттерді шешуді болжайды, соның бірі – оқушылардың ойлау мен сөйлеу дағдыларын қалыптастыруды пәнаралық байланыста жүзеге асыру. Мұндағы берілген міндеттердің шешімі бастауыш сынып оқушыларының моделін жетілдіруде қоғамның жаңа талаптарына бағытталған ойлау мен сөйлеу дағдыларын қалыптастырудың жаңаша сипатын анықтап отыр.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 1-бап 26-тармағында: «.....интеграцияланған білім беру бағдарламалары – білім беру бағдарламаларының тиісті мазмұнды аспектілерін біріктіру негізінде әзірленген білім беретін оқу бағдарламалары», - деп атап көрсетілген [4].

Мұндағы көрсетілген бап бастауыш білім беру үдерісінде ұсынылған білім беру бағдарламаларының пәнаралық байланыста қамтамасыз етілуін жүзеге асырады.

Жоғарыдағы талданған нормативтік құжаттар барысы көрсетіп отырғандай бастауыш сынып оқушыларының жеке басын дамытуда, соның ішінде ойлау мен сөйлеу дағдыларын қалыптастырудың маңызды екендігін айқындай түсті. Ендеше, пәнаралық байланыста бастауыш сынып оқушыларының ойлау мен сөйлеу дағдыларын қалыптастыруда теориялық талдауларды төмендегідей қарастырамыз.

Ойлау мен сөйлеудің қалыптасу генезисінің дамуы терең талдауларды қажет етеді. Әсіресе, бастауыш сынып оқушыларын олар үшін іс-әрекеттің жаңа түріне – оқу әрекетіне өту кезеңінде оның қажетті және маңызды құрамдас бөлігі – ойлау мен сөйлеу болып табылатындығы философтардың, психологтардың, педагогтардың еңбектеріне негізделген. Атап айтсақ:

- ойлау мен сөйлеу дағдыларын философиялық тұрғыда зерттеген ғалымдар Аристотель [5], Аугустин, Бойций, Абеляр [6], Әл-Фараби [7], Р.Декарт [8], Дж.Локк [9], Г.Гегель [10], Л.А.Фейрбах [11] және В.Г.Афанасьев [12], А.Құнанбаев [13], А.Байтұрсынов [14], Ж.Баласағұн [15], М.Жұмабаев [16], Г.Нұрышева [17] т.б. еңбектері жұмысымыздың теориялық негіздерін құрайды;

- ойлау мен сөйлеу дағдыларын қалыптастыру мәселесінің психологиялық-педагогикалық астарлары С.Л.Рубинштейн [18], Л.С.Выготский [19], Н.И.Жинкин [20], А.Н.Леонтьев [21], И.А.Зимняя [22], М.Р.Львов [23], Б.В.Беляев [24], Е.И.Пассов [25], Г.Рассел [26], Р.Солсо [27], Р.Андерсон [28], Д.Халперн [29], А.Кинг [30], Ф.Гюнеш [31], О.Куру [32], Д.Серен [33], Л.М.Садику [34], Т.Уоллис [35] және Ж.Аймауытов [36], М.Мұқанов [37], Ә.Алдамұратов [38] Қ.Жарықбаев [39], Ж.И.Намазбаева [40] т.б. ғалымдардың еңбектерінің түйінді мәселесі болған;

- пәнаралық байланыс идеясының тарихи көрінісі, олардың оқу үдерісіндегі рөлін әр дәуірдің педагогтары Я.А.Коменский [41], И.Г.Пестолоцци [42], К.Д.Ушинский [43], Н.К.Крупская [44], В.Н.Максимова, И.Д.Зверев [45], М.М.Левина [46] және отандық ғалымдардың А.А.Бейсенбаева [47], Н.А.Оразахынова [48], А.М.Мұханбетжанова [49] А.Д.Болтаев [50], Д.С. Байғожанова [51], Д.Ж.Кішібаева [52], Г.К.Шолпанкулова [53], Р.А.Дарменова [54], Ә.М.Шарзадин [55], Г.С.Квасных [56], А.А.Куралбаева [57], А.Ш.Доспенбетова [58], С.А.Фейзулдаева [59], Ж.М.Саурыкова [60], Ж.А.Жұмабаеваның [61] еңбектерін талдауда пәнаралық байланыс мәселесі аса өзекті болып отыр. Сонымен қатар, пәнаралық байланыс ұғымын кең контекстте шетел ғалымдары Б.Айбек [62], Ө.Турнай [63], К.Голдинг [64], М.Кастэ [65], А.Лиан [66] қарастырды;

- бастауыш мектеп оқушыларын оқыту мен тәрбиелеудің түрлі бағыттарын, бастауыш білім берудің ғылыми-теориялық және әдістемелік аспектілерін зерттеген ғалымдар С.Рахметова [67], А.Жапбаров [68], Г.Уәйісова [69], Ә. Жұмабаева [70], Ұ.Молдабек [71], Н.М.Сламбекова [72], М.Ә.Ермекбаев [73], Н.Ж.Құрманова [74], Р.О.Ізғұттынова [75], С.Жораева [76],

Р.Ж.Базарбекова [77], Р.С.Рахметова [78], А.Қ.Рауандина [79] сондай-ақ, Б.А.Тұрғынбаева [80], А.С.Амирова [81], А.Т.Туралбаеваның [82] зерттеулері ойлау мен сөйлеу дағдыларын қалыптастырудың теориялық және әдістемелік негіздерін анықтауға мүмкіндік берді.

Зерттеулер көрсетіп отырғандай, жан-жақты талданған ғылыми-педагогикалық еңбектерде, пәнаралық байланысты жүзеге асыру арқылы бастауыш сынып оқушыларының ойлау мен сөйлеу дағдыларын қалыптастырудың теориясы мен практикасы жеткілікті деңгейде қарастырылмағандығын анықтадық.

Осыған орай, зерттеу жұмысын жүргізу барысында мәселеге қатысты мынадай қарама-қайшылықтар анықталды:

- бастауыш сынып оқушыларының қоршаған әлемді тұтас қабылдауға деген қажеттілігі мен пәндік оқытудың үстемдігі арасындағы;

- бастауыш сынып оқушыларының ойлау мен сөйлеу дағдыларын қалыптастырудың қажеттілігі мен бастауыш мектептің оқыту үдерісінде пәнаралық байланысты қолданудың ғылыми-әдістемелік негіздерінің жетік дәрежеде негізделмеуінің арасында **қарама-қайшылықтардың** бар екендігі анықталды.

Бұл қарама-қайшылықтар білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында бастауыш сынып оқушыларының ойлау мен сөйлеу дағдыларын қалыптастыруда пәнаралық байланысты қолдану үдерісі ғылыми негізделген ұйымдастыру мәселесін зерттеуді қажет ететіндігін көрсетеді.

Аталған қарама-қайшылықтарды шешудің қажеттілігі біздің зерттеуіміздің көкейкестілігін анықтап, тақырыпты: «Пәнаралық байланыста бастауыш сынып оқушыларының ойлау мен сөйлеу дағдыларын қалыптастыру» деп таңдауға негіз болды.

Зерттеудің мақсаты: пәнаралық байланыста бастауыш сынып оқушыларының ойлау мен сөйлеу дағдыларын қалыптастыруды теориялық-әдіснамалық тұрғыда негіздеу және оның әдістемесін жасап, тәжірибеден өткізу.

Зерттеудің нысаны: жалпы білім беретін мектептегі бастауыш білім беру үдерісі.

Зерттеудің пәні: пәнаралық байланыста бастауыш сынып оқушыларының ойлау мен сөйлеу дағдыларын қалыптастыру әдістемесі.

Зерттеудің ғылыми болжамы: егер, пәнаралық байланыста бастауыш сынып оқушыларының ойлау мен сөйлеу дағдыларын қалыптастырудың теориялық-әдіснамалық негіздері айқындалса, «пәнаралық байланыста ойлау мен сөйлеу дағдыларын қалыптастыру» түсінігі нақтыланып, оның әдістемелік жүйесі жасалса, құрылымдық-мазмұндық моделі және әдістемелік кешені дайындалып, білім беру үдерісіне шығармашылықпен енгізілсе, *онда* оқушылардың ойлау мен сөйлеу дағдыларын қалыптастырудың жоғары деңгейіне қол жеткізу мүмкін болады, *өйткені* пәнаралық байланыста жүргізілген жұмыстар бастауыш сынып оқушыларының ойлау мен сөйлеу дағдыларын қалыптастыруда қоғам сұранысын қамтамасыз етеді.

Зерттеудің міндеттері

1. Бастауыш білім беру жүйесінде пәнаралық байланыста бастауыш сынып оқушыларының ойлау мен сөйлеу дағдыларын қалыптастырудың теориялық-әдіснамалық негіздерін анықтау;

2. Пәнаралық байланыста бастауыш сынып оқушыларының ойлау мен сөйлеу дағдыларын қалыптастырудың әдістемелік жүйесін жасау;

3. Пәнаралық байланыста бастауыш сынып оқушыларының ойлау мен сөйлеу дағдыларын қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделін дайындау;

4. Пәнаралық байланыста бастауыш сынып оқушыларының ойлау мен сөйлеу дағдыларын қалыптастырудың әдістемелік кешенін жасап, оның тиімділігін тәжірибелік-экспериментте сынақтан өткізіп, ұсыныстар беру.

Зерттеудің жетекші идеясы: пәнаралық байланыста бастауыш сынып оқушыларының ойлау мен сөйлеу дағдыларын қалыптастырудың теориялық негіздеріне сүйеніп жасалған әдістемелік кешен бастауыш сынып оқушыларының қоршаған әлемді тұтас қабылдауға және теориялық ойлау мен тілдік дағдыларды жетілдіруге, білім беруді кешенді ұйымдастыруға, интегралды білім беруге қол жеткізіледі.

Зерттеудің теориялық және әдіснамалық негіздері: адамның тұлға ретінде қалыптасу деңгейін анықтайтын таным теориясы, тұлға теориясы, іс-әрекет теориясы негізге алынып, ойлау мен сөйлеу ұғымдарының мәні туралы философиялық, психологиялық, педагогикалық теориялық қағидалар, әдіснамалық негіздерінде жүйелілік тұғыр (В.В.Краевский, Ш.Т.Таубаева, Н.Д.Хмель), іс-әрекеттік тұғыр (С.Л.Рубинштейн, А.Н.Леонтьев), интегративті тұғыр (Б.Г.Ананьев, А.А.Бейсенбаева, В.С.Безрукова), орта тұғыр (В.А.Левина, Ю.С. Мануйлова, Ю.С.Бродский), тілдік дағдыларды қалыптастыру теориялары, пәнаралық байланыста оқытудың әдістемелік негіздері туралы тұжырымдамалар негізге алынды. Сондай-ақ, зерттеу жұмысында ойлау мен сөйлеуді қалыптастыру әдістемесіне байланысты заманауи оқыту технологиясының жетістіктері, оқытудың тиімді әдістері туралы тұжырымдар басшылыққа алынды.

Зерттеу көздері: үздіксіз педагогикалық білім беру туралы ресми құжаттар (Заңдар, тұжырымдамалар, бағдарламалар, жолдау және т.б.); зерттеу мәселесі бойынша философтардың, психологтердің, педагогтердің, ғалымдардың еңбектері; бастауыш білім беру үдерісі туралы педагогикалық зерттеулер, оқу бағдарламалары, оқулықтар мен оқу-әдістемелік құралдар, электрондық оқу құралдары, мерзімдік ғылыми-әдістемелік ақпараттар, мектептердің іс-тәжірибе жұмыстары, озат педагогикалық тәжірибелер, автордың жеке педагогикалық іс-тәжірибесі алынды.

Зерттеу әдістері

- теориялық: зерттеу мәселесі бойынша философиялық, психологиялық, педагогикалық және ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді талдау, контент-талдау, жинақтау, құрылымдау, нақтылау, салыстыру, ғылыми мәліметтерді талдау, жалпылау және интерпретациялау, моделдеу әдістері;

- эмпирикалық: педагогикалық бақылау; сауалнама жүргізу, сұрау, тестілеу; эксперимент нәтижелерін математикалық талдау; эксперименттік мәліметтерді жүйелеу және түсіндіру.

Зерттеу базасы: Тәжірибелік эксперимент жұмысы Шымкент қаласы білім басқармасына қарасты «№68 жалпы орта білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі және Түркістан облысы, Сайрам ауданы «№43 Абылай хан атындағы жалпы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің бастауыш сыныптарында жүргізілді. Тәжірибеге барлығы 119 оқушы қатысты, оның 59 оқушысы тәжірибелік сыныбы және 60 оқушысы бақылау сыныбы ретінде алынды.

Зерттеу кезеңдері: Зерттеу үш кезең бойынша жүргізілді.

Бірінші кезеңде (2018-2019 жж.) білім саласында жүріп жатқан өзгерістерге орай пәнаралық байланыста бастауыш сынып оқушыларының ойлау мен сөйлеу дағдыларын қалыптастыру мәселесінің өзектілігі айқындалып, зерттеу мәселесіне отандық және шетелдік тәжірибелер бойынша материалдар жинақталып, философиялық, психологиялық, педагогикалық және әдістемелік еңбектерге талдау жасау барысында зерттеудің теориялық негіздері; зерттеу тақырыбы және ғылыми аппараты анықталды.

Екінші кезеңде (2019-2020 жж.) пәнаралық байланыста бастауыш сынып оқушыларының ойлау мен сөйлеу дағдыларын қалыптастырудың әдістемелік жүйесі және құрылымдық-мазмұндық моделі жасалып, оның компоненттері, өлшемдері, көрсеткіштері, деңгейлері анықталды. Зерттеу тақырыбының тиімділігін арттыратын тәжірибелік-экспериментке арналған әдістемелік кешен әзірленді: 1. Бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған «Бастауыш мектепте ойлау мен сөйлеуді пәнаралық байланыста қалыптастыру негіздері» атты ғылыми-әдістемелік семинарының бағдарламасы; 2. Бастауыш сынып оқушыларына арналған «Ойлау мен сөйлеудің құпиясы» атты факультативтік курс бағдарламасы; 3. Пәнаралық байланыста ойлау мен сөйлеу дағдыларын қалыптастыруға арналған жаттығулар мен тапсырмалар жүйесі жүйеленді және тәжірибе жүзінде оның тиімділігі тексерілді.

Үшінші кезеңде (2020-2021 жж.) зерттеу нәтижелеріне талдау және жинақтау жасалып, алынған ғылыми нәтижелердің өңдеуі құрастырылды. Нәтижелерге түзету енгізу, теориялық және эксперименталды мәліметтерді нақтылау жұмыстары жүргізіліп, қорытындылар мен ұсыныстар жасалды.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы мен теориялық маңызы

1. Бастауыш білім беру жүйесінде пәнаралық байланыста бастауыш сынып оқушыларының ойлау мен сөйлеу дағдыларын қалыптастырудың теориялық-әдіснамалық негіздері анықталды.

2. Пәнаралық байланыста ойлау мен сөйлеу дағдыларын қалыптастырудың әдістемелік жүйесі жасалды.

3. Пәнаралық байланыста ойлау мен сөйлеу дағдыларын қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі дайындалып, компоненттері, өлшемдері мен көрсеткіштері, деңгейлері анықталды.

Зерттеу жұмысының практикалық мәнділігі

1. Бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған «Бастауыш мектепте ойлау мен сөйлеуді пәнаралық байланыста қалыптастыру негіздері» атты ғылыми-әдістемелік семинарының бағдарламасы жасалды.

2. Бастауыш сынып оқушыларына арналған «Ойлау мен сөйлеудің құпиясы» атты факультативтік курс бағдарламасы әзірленді.

3. Пәнаралық байланыста ойлау мен сөйлеу дағдыларын қалыптастыруға арналған жаттығулар мен тапсырмалар жүйесі жүйеленді.

Зерттеу нәтижелерін жалпы орта білім беретін мектептің бастауыш сыныбында, жоғары және орта арнаулы педагогикалық оқу орындарында, біліктілікті арттыру жүйесінің тәжірибесінде пайдалануға болады.

Зерттеу нәтижелерінің дәлелділігі мен негізділігі: зерттеу тақырыбына сәйкес ғылыми-теориялық қағидалардың әдіснамалық тұрғыда негізделуімен, зерттеу пәніне сәйкес пәнаралық байланыста бастауыш сынып оқушыларының ойлау мен сөйлеу дағдыларын қалыптастырудың әдістемесінің қолданылуымен, тиімділігінің тәжірибелік-экспериментте дәлелденіп практикаға енуімен қамтамасыз етіледі. Зерттеу жұмысының негізгі тұжырымдары, теориялық және практикалық нәтижелері халықаралық конференцияларда және ғылыми басылымдарда талқыланды.

Қорғауға ұсынылатын қағидалар

1. Пәнаралық байланыста ойлау мен сөйлеу дағдыларын қалыптастыруда ұғымдық-категориялық аппараттың түзілуі негізгі ұғымдардың, түсініктердің мәнін философиялық, психологиялық, педагогикалық тұрғыдан талдау негізінде нақтылау, оның ішкі мазмұндық құрылымын анықтау - бастауыш сынып оқушыларының ойлау мен сөйлеу дағдыларын қалыптастыру үдерісін ұйымдастырудың ғылыми әдістемелік негізін жасаудың базасы бола алады. «Пәнаралық байланыс» ұғымының мәні - білімнің жүйелілік логикасын сақтай отырып, жоғары деңгейлі ойлауға бағыттайтын кешен. Ал, бастауыш сынып оқушыларының ойлау мен сөйлеу дағдыларын қалыптастыру – тілдік қатысым барысында талдау, жинақтау, салыстыру арқылы өз ойын анық, дұрыс және түсінікті жеткізуде тілдік дағдыларды меңгерту үдерісі.

Пәнаралық байланыста бастауыш сынып оқушыларының ойлау мен сөйлеу дағдыларын қалыптастырудың әдіснамалық негіздерінде жүйелілік тұғыр, іс-әрекеттік тұғыр, интегративті тұғыр, орта тұғырлары басшылыққа алынады.

2. Пәнаралық байланыста бастауыш сынып оқушыларының ойлау мен сөйлеу дағдыларын қалыптастырудың әдістемелік жүйесі: бастауыш сынып оқушыларының ойлау мен сөйлеу дағдыларын қалыптастырудың әдістемелік негізін қамтамасыздандыру; оқушылардың айтылым, тыңдалым, оқылым, жазылым дағдысын дамытуға арналған әдіс-тәсілдерді пайдалану; пәнаралық және танымдық мәтіндерін қолдану және пәнаралық байланыста ойлау мен сөйлеу дағдыларын қалыптастыруға арналған тапсырмалар мен жаттығулар жүйесімен қамтамасыз етіледі.

3. Пәнаралық байланыста бастауыш сынып оқушыларының ойлау мен сөйлеу дағдыларын қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі өзара тығыз байланыстағы мотивациялық, танымдық, нәтижелік компоненттерден түзілген өлшемдері мен көрсеткіштерінің жиынтығын құрайды және

деңгейлеріне (өте жоғары, жоғары, орташа, төмен, өте төмен) сәйкес жүзеге асырылады.

4. Пәнаралық байланыста бастауыш сынып оқушыларының ойлау мен сөйлеу дағдыларын қалыптастырудың әдістемелік кешені: «Бастауыш мектепте ойлау мен сөйлеуді пәнаралық байланыста қалыптастыру негіздері» атты ғылыми-әдістемелік семинарының бағдарламасы; «Ойлау мен сөйлеудің құпиясы» атты факультативтік курс бағдарламасы; пәнаралық байланыста ойлау мен сөйлеу дағдыларын қалыптастыруға арналған жаттығулар мен тапсырмалар жүйесі дайындалды және тәжірибелік-экспериментте сынақтан өткізіліп, ғылыми-әдістемелік ұсыныстар беріледі.

Зерттеу нәтижелерін сынақтан өткізу және ендіру. Диссертация материалдары бойынша жарияланған мақала саны – 7. Соның ішінде 1-еуі Scopus деректер қорына енетін жарияланымда, 4 мақала ҚР БҒМ Білім және Ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған ғылыми басылымдарда, 2 мақала халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдарында жарық көрді:

1. Determination of primary school children’s speech skills in interdisciplinary communication in learning environments. World Journal on Educational Technology: Current Issues. 12(4), 373-388. (Yesnazar, A. 70%), (Japbarov, A., Zhorabekova, A., Kabylbekova, Z., Nuralieva, A., Elmira, U. 30%).

2. «Пәнаралық байланыс» ұғымын анықтаудың дидактикалық тәсілдері // Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің Хабаршысы «Педагогика ғылымдары» сериясы. – 2019. - №4 (64). – Б.49-52. (Есназар А.Ж. 100%).

3. Бастауыш сынып пәндерін пәнаралық байланыста оқыту // Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің Хабаршысы. – 2020. - № 2(82). – Б.170-179. (Есназар А.Ж. 70%), (Жапбаров А. 30%).

4. Оқытудағы пәнаралық байланыс мұғалімдер тәжірибесінде // Қазақстанның ғылымы мен өмірі. Халықаралық ғылыми журнал. – Алматы, 2020. - №12/6 (152).- Б.60-64. (Есназар А.Ж. 80%), (Дошманова Л.Е. 20%),

5. Қазақ тілі сабағында пәнаралық байланыс арқылы сөйлеу әрекетін дамыту // Қазақстанның ғылымы мен өмірі. Халықаралық ғылыми журнал. – Алматы, 2020. - №12/7 (153).- Б.192-195. (Есназар А.Ж. 80%), (Кошкарлова М.Д. 20%).

6. The place of interdisciplinary communication in the updated educational program // Innovation and Global Issues congress v 2019. Ankara/Turkey, 2019. – Б.1211-1215. (Yesnazar A. 100%).

7. Бастауыш сынып оқушыларының ойы мен тілін дамытудың мәні мен мазмұны // «Педагогикалық білім берудің заманауи трендтері» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция. Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті. – Шымкент, 2020. – Б. 597-601. (Есназар А.Ж. 100%).

Диссертация құрылымы мен мазмұны. Диссертация кіріспеден, үш тараудан, зерттеудің негізгі тұжырымдары келтірілген қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен және қосымшалардан тұрады.

Кіріспеде зерттеу тақырыбының өзектілігі, ғылыми аппараты: мақсаты, нысаны, пәні, ғылыми болжамы, міндеттері, жетекші идеясы, теориялық және әдіснамалық негіздері, зерттеу көздері, зерттеу әдістері, зерттеу базасы, зерттеу кезеңдері, ғылыми жаңалығы мен теориялық маңызы, практикалық мәнділігі, зерттеу нәтижелерінің дәлелділігі мен негізділігі, қорғауға ұсынылатын қағидалар көрсетіледі.

«Пәнаралық байланыста бастауыш сынып оқушыларының ойлау мен сөйлеу дағдыларын қалыптастырудың теориялық-әдіснамалық негіздері» деп аталатын бірінші тарауда ойлау мен сөйлеу дағдыларын қалыптастырудың философиялық, психологиялық, педагогикалық еңбектерге теориялық тұрғыда жасалған талдаулар нәтижесінде «пәнаралық байланыс», «ойлау мен сөйлеу дағдылары» ұғымдары мен «пәнаралық байланыста ойлау мен сөйлеу дағдыларын қалыптастыру» түсінігінің мәні нақтыланады.

«Пәнаралық байланыста бастауыш сынып оқушыларының ойлау мен сөйлеу дағдыларын қалыптастыруды модельдеу» деп аталатын екінші тарауда пәнаралық байланыста ойлау мен сөйлеу дағдыларын жаңартылған білім мазмұнында жүзеге асырудың мүмкіндіктері, пәнаралық байланыста бастауыш сынып оқушыларының ойлау мен дағдыларын қалыптастырудың әдістемелік жүйесі және құрылымдық-мазмұндық моделі қарастырылады.

«Пәнаралық байланыста бастауыш сынып оқушыларының ойлау мен дағдыларын қалыптастырудың тәжірибелік-эксперименттік жұмысы» деп аталатын үшінші тарауда пәнаралық байланыста бастауыш сынып оқушыларының ойлау мен дағдыларын қалыптастырудың әдістемелік кешені ұсынылған және тәжірибе жүзінде іске асырудың кезеңдері мен тәжірибелік-эксперименттік жұмыстардың нәтижелері келтіріледі.

Қорытындыда зерттеудің негізгі нәтижелерін, ғылыми болжамды және зерттеуге ұсынылған қағидаларды дәлелдейтін қорытындылар, зерттеу нәтижесі бойынша ұсыныстар беріледі.

Қосымшаларда тәжірибелік-эксперимент жұмыстарында қолданылған диагностикалық әдістемелер, қысқа мерзімді сабақ жоспары және диссертацияға еңбеген басқада материалдар ұсынылады.

1 ПӘНАРАЛЫҚ БАЙЛАНЫСТА БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ОЙЛАУ МЕН СӨЙЛЕУ DAҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ-ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

1.1 Ойлау мен сөйлеу дағдыларын қалыптастырудың философиялық генезисі

Пәнаралық байланыста бастауыш сынып оқушыларының ойлау мен сөйлеу дағдыларын қалыптастырудың теориялық-әдіснамалық негіздерін айқындауда «ойлау» мен «сөйлеу» ұғымдары ең алдымен философиялық тұжырымдардан бастау алатындығын айтуға болады.

Философия – бұл тек ойлау туралы ғылым ғана емес, онымен бірге дүниені оймен ұғыну, ойдың тарихи белгілі бейнесі. Философия әр заманның өзіне лайық өмір-салтына қарай түрлі бағыттарда өрістегенмен, оның ең басты мәселесі – адам, адам болмысының өмірлік мәнді мәселелері болып келгені аян. Сондықтан да адамның бүкіл өміртанымының өзегі, тіршілігінің тірегі саналатын оқытуға қатысты кез-келген мәселенің негіздерін ашу үшін философияға жүгіну қажет деп саналады. Әсіресе, адамның ойлау мен сөйлеу дағдыларын жетілдіру, тұлғалық тәрбиелеу бағытындағы әрекеттерді дұрыс бағыттау үшін де оның философиялық негіздерін айқындап алу шарт [68,б. 48].

Ендеше, «ойлау мен сөйлеу дағдылары» ұғымдарының мәні философиялық болмысқа бағытталған тұжырымдарға тыңғылықты талдаулар мен логикалық пайымдаулар жасағанда ашылмақ. Сондықтан біз, ойлау мен сөйлеу дағдыларын қалыптастыру жайындағы философиялық көзқарастарға тоқталуды жөн деп санаймыз. Зерттеу мәселесі *ойлау, сөйлеу, тіл* ұғымдарын сөздік анықтамалары мен ғылыми түсіндірмелерді қарастыруды талап етеді.

Философиялық сөздікте: «ойлау – объективтік дүниені ұғым, пікір, теория мен т.б. формасында бейнелеудің *белсенді процесі*; бұл процесс белгілі бір мәселелерді шешумен, шындықты жанама бейнелендіру тәсілдерімен және оларды жалпылаумен байланысты жүзеге асады; айрықша түрде ұйымдасқан материя – мидың жоғарғы жемісі», ал, «сөйлеу – адамдардың материалдық өзгертуші іс-әрекеті процесінде тарихи тұрғыда қалыптасқан тіл арқылы болатын *қарым-қатынас нысаны*», - деп анықтама береді [83].

Зерттеу барысында философ ғалымдар сөйлеуді тілдік әрекет ретінде қарастырады. Сөйлеу тіл арқылы қарым-қатынас жасайтын процесс. Тіл мен сөйлеу бір-бірімен тығыз байланысты екі түрлі құбылыс. Философ ғалымдардың зерттеулерін талдау барысында ойлау мен тілді байланыста қарастырғанын байқадық. Сөйлеудің тілден айырмашылығы, тілдік құралдар жүйесі емес, қатысымдық байланыстарды шешетін тілдік әрекет екенін байқадық. Оның басты мақсаты тілдік бірліктерді зерттеу емес, тілдік бірліктерді ақпараттық мазмұн құруда, ақпаратты мәтін түрінде беру және сақтауда қолдану. Олай болса, тілдік әрекет ойлау әрекетімен бірге болады [84].

Адамзат философиясының тарихында алғаш рет ойлау процесін зерттеп, оны бір жүйеге келтірген ежелгі грек философы Аристотель (б.з.д.384-322) «логика ақиқатты ұғыну, дәлелдеу туралы, оны тиянақтау, негіздеудің әдістері жайлы ғылым. Ақиқат дегеніміз, оның пікірінше, ойдың шындыққа дәл сәйкес

келуі. Логика пәні адамның ойлау процесін зерттейді. Ал, тіл деп информацияны қалыптастыру, сақтау, тарату қызметін атқаратын кез келген таңбалық ақпараттық жүйені айтады. Тіл – белгілі бір ойды білдіретін белгілер жүйесі. Адам тілінің қалыптасуы ойлаудың қалыптасуымен бір мезгілде болатын құбылыс. Ойлау тілмен тығыз байланысты. Тіл ойдың тікелей шындығы болып табылады», - деп түсіндіреді [5,с. 68]. Шындығында адам ойы тіл арқылы туындап, тіл арқылы жүзеге асырылады.

К.Энтони өзінің еңбегінде Аугустиннің тіл біліміндегі орнын талдап көрсетті. Аугустин (б.з.д.354-430) өзінің бала күнінде тілді қалай үйренгені туралы былай дейді: «Үлкендер қандай да бір заттың атын атап, соған қарап сөйлеген кезде, мен де олардың әрқайсысын есімде сақтап отырдым. Сол затты көрсеткен кездегі олардың дыбыстаған сөзі арқылы заттардың қалай аталатыны түсінікті болды. Адамдар бір затты сұрағысы немесе алғысы келгенде қандай да бір ишара, белгі, яки қимыл жасайды. Сол арқылы заттың атауы белгілі болады, демек, кез келген халықтың табиғи тілі олардың бет-бейнесінен, ымдауынан, түрлі дене қозғалыстарынан және дыбыстардан тұрады. Бірте-бірте осындай белгілер арқылы сөздерді есімде сақтай бастадым және жиі естіген сөздерді әр сөйлемдегі тұрған орнына сәйкес қайталап отырдым. Сол арқылы өзімнің ойымды, қалауымды, тілегімді білдіруді үйрендім», - деп көрсетеді [6,б. 155]. Философ бұл үзіндіде, тілді үйренуде сөздің мағынасын түсінудің маңыздылығын көрсетіп отыр.

Сонымен қатар, латынтілді логиктердің көрнекті өкілдерінің бірі Боэций (б.з.д.480-524) логика мен тілдің тығыз байланысын көрсете алды. Ол: «Логиканың барлық қыры сөйлеумен байланысты» десе, француз философы логик-диалект Абеляр (1079-1142): «логика мен грамматика өзара тығыз байланысты және логиканы лингвистиканың бір бөлігі (*ars sermocinalis*) деп есептеді. Грамматика сияқты логика да сөздерді зерттейді, бірақ сөздер жай ғана дыбыс (*voces*) ретінде емес, мағыналы (*sermones*) бірлік ретінде қарастырылады. Дегенмен бізге дәлелді логика қажет болса, онда грамматиканы бастауыш және баяндауыш сияқты маңызды сөз таптарынан бастауымыз керек», - деп тұжырымдайды [6,б. 159]. Философтардың тұжырымын талдау барысында, біз логиканы грамматиканың бір бөлігі екенін құптай отырып, грамматика сөз арасындағы байланыстың бар екенін зерттесе, ал логика сөз арасындағы байланысты дәлелдеу, ой қорыту арқылы ойлау кеңістігінің көлемін кеңейту деп қарастырамыз.

Ұлы философ Әбу-Насыр Әл-Фарабидің (870-950) «Философиялық трактаттар» атты еңбегінде: «ойлаушы күшті алатын болсақ, басқа мүшелерде оның өз түріндегі қоректендіруші немесе қызмет етуші күштері жоқ бәрінен бұрын ол барлық басқа күштерге үстемдік жүргізеді, ал бұлар қиялдау күштері бола ма, әр түрлі негізгі күштер бола ма, яғни ішінде үстемдік етушілері де, бағыныштылары да бар күштер бола ма, бәрі бір. Ол (ойлаушы күш) қиялдау күші мен сезімдік күш пен қоректендіргіш күш сияқты үстем күштерді билеп-төстейді», - деп тұжырымдайды [7,б. 286]. Ұлы философ ойлаушы күшті басқа күштермен салыстыра отырып, оның басымдылығын ерекше атап көрсетті.

Диалектикада кез-келген құбылыс өзінің жеткен дәрежесіне қанағаттанып тұрып қалмай, оларды жоққа шығару арқылы жаңа сапаға көшеді. Ол терістеуді терістеу заңдылығы болады. Терістеу – дамудың қозғаушы күші. Терістеу белгілі бір зат пен құбылыстың қарама-қайшылықтарын ашу, олардың шешу жолдарын анықтау, жаңа сапаның орын алуына мүмкіндік туғызу. Жалпы алғанда, дамуға кедергі келтіретін компоненттер жойылады, оның орнына жаңалары пайда болады [59,б. 19].

Сөйлеу әрекеттері және ойлау әрекеттерін әртүрлі жолмен топтастыруды ұсынған А.Томас (1225-1274) болды. Тіл мен ой арасындағы байланыс қаншалықты жақын? Әртүрлі интеллектуалдық іс-әрекеттер мен соған тиісті сөйлеу актілерінің арасындағы байланыс қандай? Ол әр шешім сөйлем арқылы беріле алады деп есептеді. Бұл әр шешім көпшілік алдында немесе жеке қиялда сөз арқылы беріледі дегенді білдірмейді. Тіпті әрбір ой тіл арқылы жеткізіле алатынына қарамастан, ойдың аз бөлігі ғана тіл туралы бола алады [6,б. 183].

«Мен ойлаймын, демек, өмір сүремін» француз тілінің ең әйгілі сөз тіркесінің авторы Р.Декарт (1596-1650) «ойлау – адамның өмір сүретінін дәлелдейтін талассыз іргелі факт» деп сендірді. Бұл – алдын-ала белгілі жалғыз дәлел, әрі қарайғы пайымдаулардың бастапқы нүктесі. Осылайша дүниедегі бүкіл болмыс өмір сүрудің адам түсінігіндегі ең қарапайым формасы болып есептелетін ойлаудың бар болуына тәуелді», – деп түсіндірді [8,б. 84-85]. Философтың бұл ойынан, біздің қабылдауымыздағы түсіну, қалау, елестету, тіпті сезіну де ойлаумен бірдей екенін көрсетуге болады.

Танымал ағылшын философы Дж.Локк (1632-1704) «Адам ақыл-ой парасаты туралы тәжірибе» еңбегінде философия тарихында бірінші рет таным теориясының жүйеге келген негізі көрсетілді. Адамның ақылы, зердесі – зерттеудің негізгі объектісі. Сондықтан да ақылдың мүмкіндігін, оның қабілетін зерттей отырып, оны қайда пайдалану керектігін білуіміз қажет. Білім қандай жолмен пайда болады? Адамның жаны ақ қағаздай тап-таза, оған белгі түсіріп жазу жазатын сыртқы дүние. Ал сыртқы дүние сезім мүшелеріміз арқылы әсер етіп білім береді. Білімнің негізі тәжірибеде жатыр [9,б. 90]. Ғалымның ойынша, ақыл ойлау қабілетінің сатысы, ал ойлау процесінің қабілеті ақиқатты зерттеуге бағытталған.

Г.Гегельдің (1770-1831) айтуынша, ойлау өзінің әдеттегі субъективті мағынасында басқалармен қатар рухани іс-әрекеттің немесе сенсорлық қабылдау, сезім, қиял және қалау және т.б. қабілеттің бірі. Ойлау адамдардың бірлескен шығармашылығының барысындағы зияткерлік әрекеттерінің тұтас жиынтығы болып табылады. Жекелеген адам ұжымдық рухтың шығармашылығына, баршаға ортақ ойлаудың жұмысына, қоғамдық сананың дамуында іске асатын, шын бар ойлаудың заңдарына сәйкес қатысады [10,с. 112]. Философтың идеясын негізге ала отырып, бастауыш сынып оқушыларының ойлау әрекетін ұжым, сынып болып атқаратын интеллектуалдық іс-әрекеттер арқылы дамытуға болады деген тұжырым жасаймыз.

Л.Фейрбах (1804-1824) философиясы ойлауды дұрыс түсіндіруге қосылған елеулі үлес болды, оның философиясында тұңғыш рет адам шындық

тұрғысынан қаралды, идеалды бейнелер жүйесі адамның шын жағдайының әсерленген формасы екендігі көрсетілді. Жалпы ойлау дегеніміз, Фейрбахша айтқанда, ақыл-оймен анықталған және шектелген іс-әрекет, қиялы шексіз: ол мағынасыз орган, ол үшін заң да, шындық та жоқ адамдардың қиялы ғана [11, с. 12]. Философтың пікірінше, философияның негізі ойлау емес қиял болып табылады.

В.Г.Афанасьев (1922-1994) адам санасының қалыптасуында тілдің, анық сөздің үлкен маңызы болды. Адам іштей ойласын, ойларын естірте айтсын немесе жазба түрде баяндасын, - бәрін де ол сөзбен бейнелейді. Ой тілдің арқасында қалыптасып қана қоймайды, сонымен қатар білдірілетін, қабылданатын болады. Тіл, жазба болмаса адамдардың көптеген ұрпақтарының бағалы тәжірибесі түзсіз жоғалып, әрбір жаңа ұрпақ дүниені зерттеудің қиын процесін жаңадан бастауға мәжбүр болар еді [12, б. 70]. Бұдан шығатын қорытынды тіл мен жазбаның адам өміріндегі маңызы, адамның ойы тіл арқылы шығатынын, тіл ой-сананы қалыптастыратын, ой-сананы жарыққа шығаратын құрал ретінде қарастырды.

Ойлау мен сөйлеудің маңыздылығы туралы тұжырымдар қазақ философиясының тарихынан бастау алғаны бәрімізге мәлім. Олай болса, қазақ үшін «ойлауы мен сөйлеуі қоса жетілген адам ғана жан-жақты жетілген адам» деп саналады. Сондықтан бастауыш сынып оқушыларының ойлау мен сөйлеу дағдыларын қалыптастыруға негіз болатын тұжырымдарды айқындауда бабалар дәртүрі мен ұлттық философиялық білімдерді бағамдау қажет.

Ой мен тілдің бірлігіне қатысты ой тұжырымдар қазақ мақалдарында айтылғандай, «Ойы байдың тілі бай», «Тіл – асыл ойдың бұлағы» деген тұжырымдар болуға тиіс. Өйткені дәл осы ойлар тіл мен ойды дамытудың философиялық бағытымен сәйкес келеді. Олай болса, тіл мен ойды бір-бірімен бөліп қарастыруға келмейтін біртұтас құрылым болып саналады.

Ой тіл арқылы жарыққа шығады. Оқушылардың ойлау мен сөйлеу дағдыларын дамытуда тіл сабақтарында қалыптасқан білім, білік, дағды ықпал етеді. Бұл даму тіл пәнінде игерілетін *тыңдалым, оқылым, айтылым, жазылым* дағдылары арқылы оқушының ойлауын дамыта отырып, қоршаған ортамен қарым-қатынас жасауға мүмкіндік береді. Ондай деңгейге көтерілу үшін оқушының тілді дамытуға деген саналы көзқарасы бала кезінен сезілуі шарт. Оқушы өз пікірін білдіріп, ойын тұжырымдай алған да ғана тілге деген *таным* айқындала бастайды. Бұл танымды қалыптастыруда оқушы тілді әртүрлі қырынан қарастыруға болатын феномен ретінде тани бастағанда ғана оқушының тіл жайындағы пайымдаулары пайда болады.

Демек, *таным теориясы* адам болмысымен, яғни, дүние туралы пайымдауы – философиямен, санасы – психологиямен, сөйлеу тілі – лингвистикамен байланысатын күрделі құбылыс. Таным барысында адам қоршаған ортаны игеріп, ол туралы білімі тереңдей түседі. Таным арқылы дүниетаным қалыптасады. Әлеуметтік түсіндірме сөздігі бойынша «дүниетаным» ұғымына былай анықтама берілген: «дүниетаным дегеніміз – адамдар мен табиғатқа, жалпы құндылықтарға, моральдық нормаға тұлғаның жалпы қатынасын білдіретін негізгі сенім, қалып, таным немесе қоғам

мүшелерімен ортақ көзқарас қалыптастырып қоршаған ортамен қатынас қалыптастырудағы негізгі өлшем». Тақырыбымыз тұрғысынан талдайтын болсақ, бастауыш сынып оқушыларының дүниетанымын қалыптастыруда тіл мен ойдың адамзат өміріндегі маңызы мен мәнін түсінуінен, қоршаған ортамен қарым-қатынас қалыптастырудың және тұлғаның дамуына әсер ететін құрал ретінде танылады. Дегенмен, бастауыш сынып оқушыларының дүниетанымын қалыптастыру ойлау мен сөйлеудің тек теориялық білімдері мен танымдық көзқарастарын жүйелеп берумен шектелмейді. Өйткені, дүниетаным адамның өзіне деген қажеттіліктерін, қоршаған орта туралы білімді, сонымен қатар болып жатқан нәрсені және адам мен қоршаған орта арасындағы байланыс қалай жүзеге асатынын, адамның ортада қандай орын алатынын бағалауды қамтиды [85].

Қазақ дүниетанымының ерекшеліктері туралы М.С.Орынбеков: «философиялық тұрғыдан алғанда дүниетаным барлық уақытта адам өмірінің орнықты негіздерін анықтауға, әлемдік тәртіптің жалпы байланыстарын жіктеуге, адам болмысының абсалюттік шекараларын айқындап, пайымдауға бағытталған», - деп түсіндіреді [86].

Қазақтың ғұлама философы, бас ақыны Абайдың қарасөздері адамның дүниетанымын көзбен және сөзбен тану мәселесіне назар аудартады. Абайдың он тоғызыншы қара сөзінде: «Ата-анадан туғанда есті болмайды: естіп, көріп, ұстап, татып ескерсе, дүниедегі жақсы, жаманды танидыдағы, сондайдан білгені, көргені көп болған адам білімді болады. Естілердің айтқан сөздерін ескеріп жүрген кісі өзі де есті болады... Сол естілерден естіп білген жақсы нәрселерді ескерсе, жаман дегеннен сақтанса, сонды іске жарайды, сонда адам десе болады» - деп тұжырым жасаған [13,б. 31]. Философ ақынның пікірінше, адамның есті болуы, ішкі рухани қазынасының молығуы тікелей өзіне байланысты екенін байқатты. Ақыл, сана күнделікті өмір тәжірибе барысында қалыптасатынын көрсетті.

Қазақ халқының дүниетанымында ойлау мен сөйлеудің бірлігіне қатысты тұжырымдар үлкен мәнге ие. Мысалы: «Ми ойлағанды тіл тындырады», «Тіл-асыл ойдың бұлағы», «Сөз – сөзден туады, сөйлемесе қайдан туады» деп ойдың жарыққа шығуына тіл қаншалықты қажет болса, тілдің өмір сүруі үшін қарым-қатынастың да соншалықты маңызды екенін пайымдатады. Ол жайында А.Салқынбай тіл ойдың нақты көрінісі болғандықтан, ойдың жарыққа шығып іске асырылуы үшін тілдік материалдарға негізделуі қажет. Ой тіл арқылы, тілдегі сөздер мен сөз тіркестері, сөйлемдер, мәтін арқылы көрініс табады деп есептейді [87]. Бұл әрине тіл мен ойдың байланысын көрсетеді. Сонымен қатар халық дүниетанымы оны «Ойдағыны тіл айтады», «Сөз – ойдың айнасы. Ойсыз сөз – сөз болмайды. Ой жетілу мен тіл жетілу қатар жүреді» деп ойдың шығуына тілдің маңыздылығын көрсетеді.

Бұл жерде А.Байтұрсыновтың тамаша сөздерін мысалға келтірген жөн: «Дүниеде ешбір тілді бір шешен кісі ойлап шығарған жоқ та, шығара да алмайды. Тіл деген нәрсе қалың елдің күндегі тұрмыс қазынасында қайнап, пісіп дүниеге келеді. Сонан соң ғана шешендер, «тіл көсемдері» бұл тілді безеп, жолға, жөнге салып өсіреді... Сондықтан әдебиет тіліне негіз етіп, ел аузындағы

тіл алынбаса, ол тіл адасып кетпек. Оған жұмбақ, мақал-мәтелдер, ертегі, аңыздар жатады», - дейді [14,б. 407]. Ғалымның еңбегінен, қазақтың тілі жазба мәдениеттің жетекші құралы екенін, тіл мен ойлау әлеуметтік кеңістіктің маңызды мәселесін шешуде өзара байланысатынын баса көрсетеді.

Сонымен бірге, Ж.Баласағұн оқу процесінде сөз әдебінің, ойды көркем әрі тұжырымды жеткізе білу шеберлігінің айқын мысалы бола алатын нақты үлгілерін көрсетті. Сондықтан жоғары сыныпта ғана емес, жалпы мектепте оқытылатын қазақ тілі сабақтарының оқу материалдарында ғалымның даналық ойлары мол беріліп отырылады. Себебі Ж.Баласағұн шығармаларында халық фольклорының мүмкіндіктері жазба тіл мәдениетімен шебер қиюласқан. Бұл да оқушылардың өз қорындағы түрлі аңыз-әңгімелерді, мақал-мәтелдерді, өлең-жырларды сөз арқауымен сабақтастыра өруіне үлгі етіп пайдалануына айқын жол бола алады [15,б. 130].

Алайда, ойлауды өркендету жолдарын М.Жұмабаев: «ойлау - жанның өте бір қиын, терең ісі. Жас балаға ойлау тым ауыр. Сондықтан тәрбиеші баланың ойлауын өркендеткенде сақтықпен, басқыштап, іс істеу керек. Өркендету жолдары мыналар: біріншіден, баланың жанында дұрыс әсерленулер һәм ашық суреттеулердің көп болуын қамтамасыз ету керек; екіншіден, бала заттарды, көріністерді ұқсас белгілері бойынша тап-тапқа бөліп үйренсін; үшіншіден, бала көріністердің, ойлардың араларындағы байламды тауып, олардың қайсысы қайсысына себеп екенін біліп үйрену керек», - деп бөлді [16,б. 113]. М.Жұмабаевтың пікірін түйіндейтін болсақ, бала сыртқы сезім құралдары арқылы әсер алып, әсер арқылы заттың өзін суреттеп, және суреттерден жаңа бір сурет жасап, оймен саралап, олардан ұғым, ұғымнан қиял жасайды.

Кез-келген халықтың тілінде ойлау мәдениетінің көріну дәрежесі шеберлікпен бөлініп қойылған: ақыл мен парасат («парасатсыз ақыл – бақытсыздық»), даналықпен ойлау және данасыну, данасу («ақылгөйсін кету»); тауып айту және ақылсыну, ақылдымсу; тапқыр ойлы, айлакер («айлакер Одиссей») немесе кеше болу (дөрекі, ебедейсіз ойлау), т.б. Сонымен бірге кейде: «Қанша бас болса сонша ақыл» деп те айтады [88]. Олай болса, ақыл, данышпан, парасат ұғымдарын қорытындылайтын болсақ, адам ойлауының бұл сипаттамаларынан бірдей анықтама беруге болатындай біреуін бөліп қарастыруға болмайтындығына көз жеткіземіз.

Осы тұрғыдан Әл-Фараби мақсатқа жетуге мүмкіндік беретін үш түрлі табиғи қабілеттің бірі - ой парасатын бөле қарастырады. Адам бойындағы сол үш қасиеттің үшіншісі адамның ойлау қабілетін дамытудың басты құралы сөз болғандықтан, тіл мен ойдың, ойлау мен сөйлеудің бірлігіне бағытталған оқыту жүйесін дұрыс таңдаумен сабақтасып жатыр. Ал сөз мәдениетіне қатысты материалдардың кез келгені осы қабілеттерді шыңдауға, жетілдіруге, шынайы тілдік қарым-қатынас барысында тіл дамыту, тіл ұстарту, шығармашылық жұмыстар арқылы әрі оқушыны ойландыруды, әрі сөйлеу әрекетіне төселдендіруді көздейді [7,б. 133].

Адам мен адамды, қазіргі мен болашақты байланыстыратын, адамның ойын жеткізетін, білімді жинақтайтын құрал – тіл. Тіл арқылы мәдениеттің өркендеуі туралы мәлімет аласын. Халықтың тілін зерттеу арқылы мәдениетін,

табиғатын, өмір сүрген кезең мен қоғамды танып білуге болады. Демек, қазақтың сөздік қоры бай, мағынасы мен мазмұны терең, өміршең тілін зерттеу арқылы ұлтымыздың этнос ретінде ерекшеліктерін зерттеуге болады.

Г.Нұрышева адам болмысының дамуында тілдің рөлін былайша түсіндіреді: «Адамдардың қалыптасуындағы еңбектің рөлін жоққа шығаруға болмас, бірақ адамның қоғамдық тіршілік етуші ретінде нағыз мәні басқалармен араласуда екендігі, ал бұл функцияны негізінен тіл атқаратыны шындық. Тілдің интериндивидуалдық деп аталатын бұл функцияның маңызы зор, себебі жеке адам тіл арқылы басқа адамды түсіне алады, өз кезегінде оған өзінің ойын жеткізеді, онымен араласып, сыр алмасады, яғни, өзін қоғамдық тіршілік етуші ретінде қалыптастырады. Адам болмысының өзі үнемі дамып, өзгеріп және жаңарып отыратын араласу үрдісі, ол адамның мәндік ерекшелігі. Адам өз болмысының құпияларын өзін қоршаған ортадан оқшау, тұйық жағдайда толық ашуды, көрсете алуы мүмкін емес. Адам болмысы оның өзіндік «Менінің» «Басқамен» үздіксіз жүріп отыратын вербальдық диалогында ғана айқындалады [17,б. 255]. Ғалымның тұжырымын талдай келе, адамдар сөйлеу арқылы қарым-қатынас жасағаннан кейін ғана сөз бен ойдың мағынасы мен бірлігі айқындалады. Адамдар арасындағы түсінік - пікір алысу, қорытынды жасау, пайымдау арқылы қалыптасып, өзара келісімге келеді. Сондықтан да, диалогтік, полиглоттік сипаттағы жұптық, топтық тапсырмаларды орындау оқушылардың ойлау мен сөйлеу дағдыларын қалыптастыруға септігін тигізеді деп ойлаймыз.

Қазақ халқының философиялық дүниетанымын тереңдеп зерттеген ғалым О.А.Сегізбаев қазақтардың ой қызметінің алғашқы кезеңдерінде дүние мен оны түсіну туралы информацияны жинап, сақтайтын және жалғастыратын коммуникативті функцияны атқарған модельдік-бейнелеу мен символдық-белгілік жүйелердің орнын басқан вербальды-дискурсивті ойлау орта ғасырларда қалыптасқанын айтып, «енді басты рөлді халықтың ауызекі тілі атқара бастады. Вербальды-дискурсивті дамудың негізгі құралы – «тіл, дыбыстық сөз» деп атап көрсетеді. Қазақтың сөз өнері жай ғана ауызекі тілдің функциясымен шектелмей, дискурсивті, яғни, пайымдық, пікірталастық сипатта болды. Дискурс ұғымын ең алғаш рет неміс философы Юрген Хабермас ХХ ғасырдың 70 жылдары енгізді. Батыс философиясында кеңінен қолданылып жүрген бұл ұғымды қазақ халқының сөз өнерінің ерекшеліктерін талдау ісіне де пайдалануға болатын секілді. Хабермастың ойынша, адам қоғамы осы қоғамда өмір сүріп отырған адамдардың бір-бірімен араласуы мен өзара, бірлесіп әрекет жасауы үшін жаралған, индивидтің қалыптасуы да осы араласуға тікелей байланысты [17,б. 254]. Автор тілге негізделген қарым-қатынасты еңбектен де жоғары қойып, ерекше бағалап, біріншіден, дискурспен толықтыру қажет, екіншіден, дискурс арқылы адамдар арасында түсінік пайда болады деп пайымдайды. Өйткені, тіл адамның қарым-қатынас жасауының қызметін атқаратын нағыз құралы.

А.В.Птушенко «Культура речи – культура мышления» деген еңбегінде: «Культура речи: норма и выразительность. Ее компоненты: мировоззрение, логическая культура, психологическая культура, коммуникационная культура,

лексика, стилистика, грамматика, фонетика, художественные средства», - деді [89]. Автор оқушының мәдениетті сөйлеуге үйрететін көрсеткіштерін нақтылай түсіп, оқушының сөйлеу дағдыларын дамытудың шешімі ретінде дүниетанымының дамуы мен логикалық, психологиялық және қарым-қатынас мәдениетінің бірлікте жасалатынын тұжырымдайды. Сондықтан бастауыш сынып оқушыларының сөйлеу мен ойлау дағдыларын қалыптастырудағы басты талабы олардың дүниетанымы мен логикалық ойлау қабілеттерін дамыту арқылы жеке тұлғалық қасиеттерін қалыптастырумен сабақтас қаралуы шарт. Демек, оқушының ойы мен тілін дамытуда оқу үдерісінде ұсынылатын пәндік мәтіндер, дидактикалық тапсырмалар, танымдық жаттығулар бір мақсатқа бағытталады.

Сонымен қатар, бастауыш сынып оқушыларының ойлау мен сөйлеу дағдыларын қалыптастыруда даналық сөздердің мағынасын ашып, тәрбиелік мәнін сипаттап түсіндірудің маңызы зор. Мұндай тапсырмалар оқушыны ойландыру, сөздік қорын байыту, өзіндік пікір айтуға үйретеді. Шындығында тілдің, сөздің қадірі мен құдыретіне қатысты тұжырымдардың қазақтың шығармаларында берілуі тіл мен сөздің рөлін анықтауға мүмкіндік береді. Мысалы, оқушылар Бөлтірік шешеннің «Сөз мәнісі» атты өлеңімен таныса отырып, ондағы философиялық тұжырымдарды талдауға үйретудің маңызы зор. Бөлтірік шешен:

Сөз мәнісін білмеген –

Ел мәнісін білмейді.

Ел мәнісін білмеген –

Жер мәнісін білмейді [90], – десе, Нұржан Наушабаевтың «Тақпақ» деп аталатын өлең жолдарында:

Білмей шалқып сөйлеуден

Сөйлемей тұру бес артық.

Байлауы жоқ шешеннен

Үндемеген есті артық [15,б. 151], - деп сөз қадірін айта кетті. Сондықтан да халқымыздың сөз байлығын, сөз бейнелігін, ой қуаттылығын көрсететін сөздердің мағынасын, мазмұнын ашатын танымдық тапсырмалардың берілуі оқушының ойы мен тілін дамытуға негіз болады. Мұндай ұлттық таным аясындағы қамтылған тапсырмалар сөздің рөлі мен орнын тануға мүмкіндік береді.

Философия тарихы көрсетіп отырғандай, түрлі философиялық бағыттар ойлау мен тілдің табиғатының белгілі бір түсінігін ұсынып қана қойған жоқ, сонымен бірге ойлау мен сөйлеу дағдылары мен оны дамытудың түсініктерін де қалыптастырды.

Олай болса, «ойлау» және «сөйлеу» ұғымдарына философиялық тұрғыда анықтама берген ғалымдардың пікірлеріне контент-талдауды ұсынамыз (кесте 1).

Кесте 1 – «Ойлау» мен «сөйлеу» ұғымдарына берілген философиялық анықтамалардың контент-талдауы

Автор, алынған әдебиеттер көзі	Философиялық анықтама	Негізгі комментарий
1	2	3
Реферовская Е.А. Философия лингвистики Гюстава Гийома. Санкт-Петербург, 1667. – 128 с.	Сөйлеу әрекеті – адамның санасында мұраланған толық құрылыстың бір түрі ретінде пайда болатын тілден басталады және одан әрі оның нәтижесі болып табылатын сөйлеудің пайда болуына дейін дамиды [91].	тілден басталады
Грицанов А.А. Новейший философский словарь. Минск, 1999. - 896 с.	Ойлау – сананың жұмыс істеуінің процессуалдық сипатын (танымдық іс-әрекетті) білдіретін категория-философия пайда болған сәттен бастап оның құрылымында кездесетін дәстүрлі философиялық пән [92].	танымдық іс-әрекет
Қазақ халқының философиялық мұрасы. Таным теориясы. Жиырма томдық. 18-том. Астана: Аударма, 2006. – 504 б.	Ойлау – тікелей пайымдау арқылы алынған мәліметтерді құрастырып түрлендіруді қамтитын мақсатты әрекеттің күрделі үдерісі болып табылады [93].	мақсатты әрекет
Бибихан В.В. Язык философии. Издание третье, стереотипное. Санкт-Петербург, 2007. – 394 с.	Ойдың қаруы бар. Оның құралы – тіл, сөйлеу, сөз. Тіл оны қалыптастыру үшін оймен жұмыс істемейтін сияқты, бірақ ой оны құрал ретінде пайдаланады [94].	тіл + сөйлеу + сөз
Амринова М.С. Философиялық сөздік. Өскемен, 2012. – 167 б.	Ойлау – объективтік дүниедегі ұғым, пікір, теория және т.б. формасында бейнелеудің белсенді процесі; бұл процесс белгілі бір мәселелерді шешумен, шындықты жанама бейнелендіру тәсілдерімен және оларды жалпылаумен байланысты жүзеге асады [95].	ұғым+пікір+теория, белсенді процесс, жанама, жалпылама бейнелендіру
Әбдіғалиева Г.Қ., Қаңтарбаева Ж.О. Философия тарихы. Алматы, 2013. – 221 б.	Ойлау жүйесі – абсолюттік идея, яғни қарама-қайшылықтардың қатынасы мен олардың қосындысы, мәнділіктің иесі [96].	абсолюттік идея
Иманқұл И., Бөрібай Т.Қ. Ілімі философия. Алматы, 2014. – 364 б.	Ойлау – практика барысында шындықты тікелей, жалпылай және жанамалай бейнелеудің белсенді процесі [97].	белсенді процесс
Турсыжанова Р.К. Основы философии: учебное пособие (2-е издание). Караганда, 2014. – 250 с.	Ойлау – бұл сананың танымдық іс-әрекетінің белсенді процесі. Ол объективті қызметпен тікелей байланысы жоқ деңгейде әрекет етеді. Бұл адамның санасында шындықтың маңызды қасиеттері мен қатынастарының мақсатты, жанама және жалпыланған көрінісі [98].	белсенді процесс, жанама және жалпыланған көрініс

1 – кестенің жалғасы

1	2	3
Иманкұл Н., Иманкұл Ж. Қазақия философиясы. Астана, 2018. – 448 б.	Ойлау (категориялар) – заңдылық қызметінің идеалдық формасы [99].	идеалдық форма
Декарт Р.	Ниеттену, тілеу, ойша сипаттауға сезіну, осының бәрі – ойлау деген сөз [8,б. 57].	ниеттену + тілеу +сезіну
Дидро Д.	Ойлау – бұл куәгердің айғақтарын салыстыратын және түпкілікті қорытынды шығаратын судья [8,б. 82].	қорытынды шығаратын судья

Кестеде ойлау мен сөйлеуге берілген анықтамалардың негізінде бастауыш сынып оқушы болмысының, оның мәдениетінің жоғары деңгейде көрініс табуымен сипатталатын үрдіс деп білеміз.

Философтар тұлғаны түсіну үшін оның дүниетанымын, көзқарасын, идеясын, білімін түсіну қажет деп санайды. Қазіргі таңда ойлау мен сөйлеу ұғымдарын танымның, мәдениеттің, қоғамның байланысы деп қарастырамыз. Олай болса, бастауыш сынып оқушыларының ойлау мен сөйлеу дағдыларын қалыптастыру философиялық көзқарасқа негізделіп жүргізіледі. Ойлау мен сөйлеу ұғымдарының мәнін тереңінен түсінген философ ғалымдардың ой-тұжырымдарын талдау бүгінгі бастауыш сынып оқушы тұлғасының дамуына елеулі үлес болып қосылады. Философтар ойлау мен сөйлеудің табиғатын түсіндіру барысында тіл мен ойдың байланысын, қарым-қатынастың ойлаумен байланысын, сөздің тілден көрініс тауып ой арқылы жарыққа шығуын қамтып, зерттеулеріне арқау еткенін көреміз.

Жоғарыдағы талдаулар көрсеткендей, ойлау мен сөйлеу ұғымы көне замандардан бері зерттеліп келеді, ойлау мен сөйлеудің байланысын, тілді үйренудегі сөздің мағынасы, логика мен грамматиканың байланысы, ойлаушы күштің басымдылығы және т.б. тұжырымдар қарастырған.

Қорыта келгенде, философия тарихын зерттеу барысында, ойлау мен сөйлеу ұғымдарының түпкі категорияларының философиялық бағыты *логика, ақиқатты зерттеу, зияткерлік әрекет, танымдық іс-әрекет, сөйлеу мен тілдің арасындағы қарама-қайшылық, белсенді процесс, мақсатты әрекет, жалпы және жанама көрініс, тілден бастау алатыны, тіл мен ойдың, ойлау мен сөйлеудің бірлігі, абсолюттік идея, белсенді процесс және т.б.* қамтамасыз етілетіндігін көрсетеді (сурет 1).



Сурет 1 – «Ойлау» мен «сөйлеу» ұғымының философиялық мәні

Философтар сөйлеу мен ойлаудың тығыз байланысын алға қойып, зерттеулерінде тұлғаның дүниені тануы мен пайымдауы тіл арқылы жүзеге асатындығы туралы пікірлері арқылы көрсетіп, ойлау мен сөйлеу дағдыларын қалыптастыруды философиялық тұрғыда негіздеді. Сонымен қатар бастауыш сынып оқушыларының ойлау және сөйлеу дағдыларын қалыптастыру педагогикалық-психологиялық негіздерге сүйенеді. Жұмысымызда бұдан әрі осы мәселелерге тоқталатын боламыз.

1.2 Ойлау мен сөйлеу дағдыларын қалыптастыру мәселесінің психологиялық-педагогикалық еңбектерде қарастырылу жайы

Қандайда оқытудың тиімді әдістемесін жасау педагогика мен психологияның заңдылықтарына негізделетіні сөзсіз.

Барлық когнитивті процестердің арасында ойлау ең күрделісі болып есептеледі. Ойлау мен сөйлеу өзара тығыз байланысты, сонымен қатар оларды бір мағынада айтуға болмайды. Сондай-ақ, біреу екіншісінен шығады деп те айтуға болмайды, бірақ бір-бірімен байланысын жоққа шығармау керек. Ұғым проблемалары психологиялық мәселелер шеңберіне жатады, онда әртүрлі психологиялық функциялар мен сананың әр түрлі түрлерінің өзара байланысы туралы мәселе туындайды. Бұл мәселенің басты сәті, әрине, ойдың сөзге деген қатынасы туралы мәселе болып табылады [84,б. 602].

«Ойлау» мен «сөйлеу» ұғымдарының мәнін ашып, ойлау мен сөйлеу дағдыларын қалыптастыру мәселесінің психологиялық-педагогикалық еңбектерде қарастырылуы білім беру үдерісіндегі қажеттіліктен туындап отыр. Осы мәселе тұрғыдан алғанда зерттеуіміздің негізгі міндеті бастауыш сынып оқушыларының ойлау мен сөйлеу ерекшеліктеріне, ғылыми көзқарастар мен ой-пікірлерге талдау жасау.

Ойлау мен сөйлеу дағдыларын қалыптастыру мәселесін педагогикалық және психологиялық тұрғыдан талдаудан бұрын «ойлау», «сөйлеу», «дағды»

ұғымдарына психологиялық және педагогикалық энциклопедиялық сөздіктерде берілген анықтамаларға тоқталуды жөн көрдік.

Педагогикалық сөздікте: «ойлау – бұл шындықтың жалпыланған жанама көрінісімен сипатталатын адамның *танымдық іс-әрекетінің* сөйлеумен тығыз байланысты процесі», «сөйлеу – адамдардың тіл құралы арқылы *қарым-қатынасының* тарихи қалыптасқан түрі. Ойлау мен сөйлеудің тығыз байланысы ойлаудың жоғары формаларының қалыптасуын қамтамасыз етеді» [100]. Ал, психологиялық энциклопедиялық сөздікте: «ойлау – сыртқы дүние заттары мен құбылыстарының байланыс-қатынастарының мида *жалпылай және жанама түрде* сөз арқылы бейнеленуі», «адамдардың материалдық өзгертуші іс-әрекеті процесінде тарихи тұрғыда қалыптасқан тіл арқылы болатын *қарым-қатынас нысаны*» [101], - деп анықтама берді. Сөздіктерді қарастыра, ойлау мен сөйлеудің мағынасы ауқымды екенін байқадық, өйткені олар белгілі бір көзқарасты, процесті, сипатты қамтиды. Сондай-ақ ойлау мен сөйлеу ұғымдарына педагогикалық-психологиялық тұрғыда Н.И.Конюхов [102], А.В.Морозова [103], М.Кордуэлл [104], И.М.Кондаков [105], Л.С.Выготский [106], С.Б.Давлетчина [107], Р.С.Немов [108], В.П. Зинченко [109], Ю.В.Байковский [110] және т.б. ғалымдар өз еңбектерінде анықтама берген. Ғалымдардың ұғымға берген анықтамалары қосымшада көрсетілген (Қосымша А).

Ал, дағды дегеніміз - автоматты түрде жасауға дейін жеткізілген әрекет; көп рет қайталау жолымен қалыптасады. Оқыту процесінде, әсіресе, жалпы оқу дағдыларын, пәнаралық мәндегі жазу дағдыларын қалыптастыру қажет. Демек, сөйлеу және ойлау дағдылары - оқушылардың салыстырмалы түрде өз бетінше саналы әрекет жүйесінде ептілік, тұрақтылық т.б. сапалардың қалыптасуы арқылы ойлау мен сөйлеу әрекетінің орындалуы болып табылады. Әрбір дағды әрекет ретінде амалдан тұрады. Мысалы, лексикалық дағды - *сөз таңдау*, сөзді орынды қолдану амалдары; грамматикалық дағды - *сөйлем құрау*, ойды, пікірді жарыққа шығару үшін сөйлем құрау амалы; мәтін құрастыру дағдысы - сөйлеу стиль түрлерін сақтау, тақырыпқа сәйкес *мәтін құрастыру* амалдары. Мұндағы сөйлеу икемділіктері ойлау деңгейі болып табылады. Оқушының ойлау мен сөйлеу дағдысын қалыптастыруда лексикалық дағдыларды, сөйлем құрастыру үшін грамматикалық дағдаларды, сөйлеу нәтижелі болу үшін мәтін құрастыра білу дағдыларын қалыптастыру керек деп тұжырымдаймыз [145,б. 65].

Психология ғылымында ойлау мен сөйлеудің байланысының себептері өте ертеден зерттелініп келеді. Осы орайда С.Л.Рубинштейннің зерттеулерінің орны ерекше. Ол « ... ойлау мен сөйлеуді бір-бірінен ажыратуға болмайды. Сөйлеу, сөз тек сөйлеуге дайын ойды білдіру, сыртқа шығару, басқасына жеткізу үшін ғана қызмет етпейді. Сөйлеуде біз ойды тұжырымдаймыз, бірақ оны тұжырымдай отырып, біз оны толығымен қалыптастырамыз. Ойлау мен сөйлеу бір процестің бірлігіне қосылады. Сөйлеудегі ойлау тек білдіріліп қана қоймайды, көп жағдайда ол сөйлеуде орындалады», - деген тұжырым жасаған [18,с. 466]. Ғалымның бұл пікірін психологиялық тұрғыдан алғанда, ойлау мен сөйлеу тығыз байланыста қалыптасады деп тұжырым жасаймыз.

Келесі бір талдауларда сөйлеу ұғымын психологтар қарым-қатынастың, тілдесудің құралы ретінде қарастырады. Ойлау мен сөйлеудің психологиялық негізін салған Л.С.Выготскийдің «Речь и мышления» атты еңбегінде: «сөйлеу – бұл ең алдымен әлеуметтік қарым-қатынас, тілдесу және түсіну құралы. Қатынас, саналы түсінікке және ойды әдейі жеткізуге негізделген, әрине, белгілі құралдар жүйесін талап етеді, еңбек процесінде қарым-қатынас жасау қажеттілігінен туындаған және әрқашан адамның сөйлеуі болып қалады. Сөйлеу әрекеті – бұл ойды материалдандыру процесі, яғни оны сөзге айналдыру. Ол сөздерді дайындау мен іске асыруды жүзеге асыратын сөйлеу әрекеттерінен немесе актілерден тұрады» деп түсіндіреді. Ол сөйлеу мәлімдемесінің мазмұнына әсер ететін үш түрлі факторды: «психологиялық факторлар бар: семантика, модальдылық, лингвистикалық және стилистикалық факторлар» деп ашып көрсетті [19, с. 19]. Л.С.Выготскийдің ойынша, ойлау мен сөйлеу әрекеттерін дамыту маңызды, яғни айтылған ойды түсіну мен түсіндірумен қатар, тыңдалым, айтылым, оқылым және жазылым дағыларын қалыптастыру керек деп есептейді.

Осы ретте психология ғылымы үшін сөйлеудің дамуын ары қарай Н.И.Жинкин қарастырған, ол «Психологические основы развития речи» атты мақаласында: «...оқушылардың дұрыс, мағыналы, сауатты сөйлеуін дамытуда мұғалімнің жүйелі жұмысы қажет екенін атап өтті. Жұмыс барысында сөздердің таңдалуын, құрастырылған сөйлемдердің грамматикалық құрылымын және жеке сөйлемдердің логикалық байланысын бақылау қажет. Сөйлеу – бұл көптеген адамдардың күшімен дамыған, қоғамға қызмет ететін және қоғамдық игілік болып табылатын тілді қолдану процесі» деп тұжырымдады [20, с. 39]. Біз жұмысымызда автордың психологиялық тұрғыда ұсынған идеяларын зерттеу нысанына пайдалануға болады деп есептейміз.

Оқушылардың ойлау мен сөйлеу дағдыларын қалыптастыру іс-әрекет жүйесі арқылы қарастырылады. Сөйлеудің психологиялық зерттеулеріне А.А.Леоньев өзіндік анықтама берді, олар:

- бірінші түрі – сөйлеу өзіндік әрекет ретінде басқа әрекет түрлерімен қатар тұрмайды, бірақ психологиялық даму процесінде орталықта орын алады; сөйлеудің дамуы ойлаудың дамуымен байланысты;

- екінші түрі – сөйлеу көп функциялы сипатқа ие, яғни, әр түрлі іс-әрекеттерде әрекет етеді;

- үшінші түрі, сөйлеу – бұл полиморфты әрекет;

- төртінші, сөйлеуде оның физикалық сыртқы жағын, оның пішінін және оның мағыналық жағын ажырату керек;

- бесінші, сөз адамның артикуляциялық сөйлеу бірлігі ретінде, біріншіден, пәндік сипатқа ие, екіншіден, мағынасы бар, яғни, жалпылаудың тасымалдаушысы болып табылады;

- алтыншы, сөйлеуді дамыту процесі баланың сөздік қорын және сөздің ассоциативті байланыстарын арттыруда көрінетін сандық өзгерістер процесі емес, бірақ сапалық өзгерістер, яғни, бұл ойлау мен сананың дамуымен ішкі байланысты болатын нақты даму процесі [21, с. 69]. Ғалым өзінің ұсынған

анықтамаларында сөйлеудің мағынасын ашып, қызметін айқындап, байланысын нақтылап түсіндірді.


Адамның қатысымдық әрекетінде, оның басқа адамдармен қарым-қатынасында «сөйлеу әрекетінің» орны мен рөлі туралы И.А.Зимняянің зерттеулерінде көрініс табады. Адам әрекетінің жалпы құрылымы қоғамдық-өндірістік және танымдықпен қатар қатысымдық әрекетін де қамтиды, оның пікірінше, «қатысымдық әрекет – бұл, бірліктер мен оларды басқарудың ережелері жүйесі ретінде тілдің көмегімен жүзеге асатын және қарым-қатынас барысында сөйлеу әрекетінде (айтылым, тыңдалым, оқылым, жазылым) айқындалатын адамдардың өзара әрекеттесуінің күрделі процесі», - деп тұжырымдайды [22,с. 34-35]. И.А.Зимняяның тұжырымдамасынан оқушының сөйлеу дағдыларын қалыптастыруда қатысымдық әрекеттің алатын орны ерекше екенін байқаймыз.

М.Р.Львов өз пайымдауларының негізінде «тілдік материалсыз ойлау сәтті дами алмайды. Логикалық ойлауда ұғымдар маңызды рөл атқарады, онда құбылыстардың маңызды белгілері жалпыланған түрде жинақталады. Ұғымдар сөзбен белгіленеді, сондықтан, сөзде ұғым қарым-қатынасқа қажетті материалдық белгі ретінде ие болады», - деген қорытындыға келді. Ғалымның пікіріне қосыла отырып, бастауыш сынып оқушыларының ойлауын дамытуда ұғымның алатын орны зор екенін айтып өткен жөн. Өйткені, ойлау ұғымдарды бейнелейтін сөздерді қолдану барысында дамиды. Ұғым деген дүниедегі заттар мен құбылыстардың маңызды белгілерінің жалпыланған логикалық мазмұны деп түсінеміз. Әрбір ұғым, сол ұғымға сәйкес келетін сөз, терминмен байланысты [23,с. 13].

Тіл мен ойлаудың арақатынасын қарастырған Б.В.Беляев «ұғым, пайымдау, тұжырымдау мен ойлау үдерісі: салыстыру, қорыту, талдау – бірдей; тек ойлау мазмұны ғана әр халықта әртүрлі» - дейді [24,с. 30]. Ғалымның бұл пікірінен, тілге үйрету қажет емес, керісінше, сол тілде ойлауға үйрету керек деп есептейді.

Сөйлеуді үйретуде ойлаудың алатын орнын Е.И.Пассовтың еңбегінен көруге болады. Оның пікірінше, ең бірінші ойлауға үйрету керек, яғни, тілді үйретпестен бұрын дұрыс ойлауын жетілдіру қажет, өйткені тілге үйрету үшін алдымен дұрыс ойлауды оқытуға тура келеді. Демек, ол «тілді үйрену барысында сөйлеуден бұрын ең алдымен іштей сөйлеу әрекеті пайда болады», - деп пікір білдірді [25,с. 25]. Автордың пікірін түйіндейтін болсақ, адам айтар ойын жинақтап, іштей құрастырып алып, сөзбен, тіркеспен, сөйлеммен жеткізеді. Демек, айтылған ақпарат келесі адамға түсінікті болуы үшін сөйлем бірнешеу болуы мүмкін немесе бір тіркес, не бір сөйлем бәрінен хабардар етуі мүмкін.

Осы ретте оқушының өз-өзімен іштей сөйлеу идеясын қарастырған Закин (2007) оқушы мен мұғалімдерге қолдау көрсету үшін 3 элементтен тұратын модель ұсынады (сурет 2).




Сурет 2 - Ішкі сөйлеуді когнитивті бағалау құралы

Суреттегі, бірінші элемент - оқушының өзі қоятын сұрақтары; екінші элемент - оқушының проблеманы шешуіне көмектесетін іштей сөйлеу ескертулері; үшінші элемент - оқушы тапсырманы орындауға қатысты өзінің ішкі пікірі туралы не ойлайды.

Г.Расселдің «Бастауыш мектеп мұғалімі. Шеберлікті шыңдау» атты еңбегінде: Ойлау дағдылары кең ауқымда дамиды, алайда ортақ принциптері де бар: интеллект өзгереді, әр оқушы өз интеллектісін жетілдіре алады, кері байланыстың маңызы зор, оқыту шынайы өмір жағдайында жүргізілуі керек, балалар өз ойларын айтып, көзқарастарын басқалармен талқылауы керек, олар өз ойларын бақылайтын стратегиялар жасау керек (метатаным) және әртүрлі контекстегі ойлауды арнайы тәжірибеде қолданып көру. Бұл топтық талқылауды бағалайтын оқытудың әлеуметтік конструктивісті бағытына сәйкес келеді [26,б. 155]. Демек, оқушыларды не үйренуге емес, қалай үйренуге болатынына басты көңіл бөлуіміз керек.

Шетел зерттеушілерінің пікірінше, оқушылардың ойлау мен сөйлеу дағдыларын қалыптастыруда пікірталастың орны ерекше. Олардың көпшілігі оқушылар арасында пікірталас ұйымдастыру үшін KWHL кестесін тиімді қолданады. Ондағы К - бұрыннан білетіні, W - білгісі келетіні, Н - қалай білетіні, L - не білгені. KWHL кестесіне сәйкес танымал ойлау дағдыларының кейбір бағдарламаларын төменде ұсынамыз (сурет 3).



Сурет 3 – Ойлау бағдарламаларының матрицасы

Суретте көрсетілген ойлау бағдарламаларын оқушылардың ойлау дағдыларын қалыптастыратын құрал ретінде қарастырамыз. Ендеше, ойлау бағдарламаларына сипаттама берсек: CoRT - бірқатар ойлау дағдыларды дамытуға арналған 60 сабақ жиынтығы; TASC - әлеуметтік контекстегі белсенді ойлау; P4C - балаларға арналған философия немесе балалар философиясы; PWC - құрал-жабдықпен байыту; ACTS - балалардың ойлау дағдыларын жандандыру; HOT - жоғары деңгейдегі ойлау құралдары; SAME, CCASE - танымдық, жіктеу және себеп-салдар байланысын анықтау сияқты дағдыларын дамытуға арналған [26,б. 158].

Адамның ойлау мен интеллектінің арасындағы байланысты зерттеген когнитивті психологияның көрнекті өкілі Роберт Л.Солсо өзінің зерттеуінде ойлау мен интеллектінің арақатынасын зерттеп: «ойлау – жаңа ой репрезентациясы қалыптасатын процесс; ол міндеттерді шешу және қиялдау, пайымдау, дерексіздену, пікір айту тәрізді ой атрибуттарының күрделі өзара әрекетінде қол жеткізілген ақпараттарды қайта жасау жолымен жасалады», - деп анықтама берді [27,с. 286]. Біздің пікірімізше, ойлау ақпаратты өңдейтін процесс болып табылады.

Тілдің құрылымын және адам танымы үшін маңыздылығын зерттеген Р.Андерсон «адамның барлық когнитивті қабілеттерінің ішіндегі ең бір әсерлісі – тілді қолдануы, яғни сөйлесу болып табылады. Тіл – дінді, заңдарды және адамгершілікті енгізудің негізгі құралы» - деп, тіл мен ойлау арасындағы қатынастар мен ой-толғамдарды қарастырды. Тіл мен ойлау арасындағы байланыстарының ең күшті теориясын бихевиоризмнің атасы Джон Б.Уотсон ұсынды. Уотсонның көзқарасы бойынша «сөйлеу мен ойлаудың табиғаты бірдей, ойлау – ол да сөйлеу реакциясы, дәл бұлшықет жиырылуымен, бірақ аз қарқындылықпен жүреді» деп қарастырған [28,с. 303].

Теориялық зерттеулерді қарастыру бастауыш сынып оқушыларының ойлау мен сөйлеу дағдыларын қалыптастыру қажеттілігін көрсетіп отыр. Шетел зерттеушілері (Д.Халперн, А.Кинг, Дейл Х.Шунк, Л.М.Садику, Т.Уоллис, В.Е.Старина, Г.Дж.Уолберг т.б.) өз жұмыстарында оқушылардың ойлау мен сөйлеу дағдыларын қалыптастырудың теориялық, әдістемелік негіздері мен білім беру жағдайында оны жүзеге асыру жолдарын көрсеткен. Алайда бұл мәселе психология және педагогика ғылымында жүйелі талдауды, тиісті шешімін табуды қажет етеді.

Д.Халперн өзінің «Психология критического мышления» атты еңбегінде оқушылардың ойлау мен сөйлеу дағдыларын қалыптастыру оқу үдерісінде мұғалімнің қойған сұрақтары мен сұрақ қою дағдыларына байланысты екенін көрсетті. Психология профессоры Л.М. Веккердің айтуынша, «сұрақ – адамның толық психикалық ашылмауының бейнесі, пәнаралық байланыстарды айқындауға бағытталған ойлау үдерісі...» [29,с. 12]. Олай болса, сұрақ белгілі бір мәселені шешуге бағытталған адамның ойлау әрекетін ынталандыру арқылы кейбір түсініксіздікті анықтауға көмектеседі. Сондықтан мұғалімдер ойлау мен сөйлеу дағдыларын, танымдық қабілеттерін қалыптастыруға ықпал ететін ойлауды дамытатын жақсы сұрақтарды өз тәжірибесінде тиімді қолдануы керек.

Г.Б. Туреханова «Тиімді сұрақтар арқылы оқушылардың ойлау қабілеттерін дамыту: әдістемелік ұсыным» атты еңбегінде А.Кингтің ойлау дағдыларын дамытуға арналған сұрақтарын қарастырады. А.Кинг айтқандай, «ойлай алатын адам сұрақ та қоя алады» демек, кейбір мұғалімдер оқушылардың қойған сұрақтары арқылы олардың ойлау қабілеттерінің деңгейін анықтай алады. Білім алу барысында оқушыларды сұрақ арқылы белсенді диалогке түсуге ынталандырып, коммуникативтік дағдыларын қалыптастыру, іздену арқылы кез келген мәселені шешу жолдарын табуға үйрету қажет. Ендеше тиімді, жақсы сұрақ қоя білу дағдыларын қалыптастыру бүгінгі мектеп үшін өзекті мәселенің бірі болып табылады. Өзінің көптеген зерттеулерінде А.Кинг білім алушылардың ой-өрісінің, тілдерінің дамуына зор ықпал ететін фактор ретінде өзара тиімді сұрақ қою мен жауап беру жұмыстарын атайды. Осы зерттеулердің нәтижесінде ол адамдарды терең ойланып сұрақ қоя білу дағдысын дамыту қажет деп есептейді. Себебі адамдардың көбі жауап бермес бұрын біраз ақпаратты сараптап жауап беруді талап ететін сұрақтардан гөрі терең ойланып жауап беруді талап етпейтін қарапайым сұрақтарды қоюға әбден дағдыланған (мысалы: Қай жылы болды? Кім ойлап шығарды?). Осыған байланысты ол білім алушылардың ой-өрісін дамытуға ықпал ететін тиімді сұрақтарға қатысты жүргізген өзінің зерттеулерінің нәтижесінде жалпы сұрақтардың кешенін ойлап құрастырған. Бұл сұрақтарды кез келген жағдайға байланысты өзгертіп қолдану барысында оқушының ойлау процесіне бағыт беріп, ол дағдыларын қалыптастыруға болады. Кингтің айтуынша, «танысқан мәтіннің ақпараттарын қолдана отырып бұл сұрақтарға жауап берген білім алушылар ұсынған материалды өз беттерінше тез және сапалы меңгерген» [30,б. 12].

Оқушылардың ой-өрісін дамытуға арналған кейбір сұрақтар тізімін ұсынамыз (сурет 4).



Сурет 4 - Ойлауды дамытуға арналған сұрақтар (А.Кинг ұсынған модель)

Мұғалім сабақ барысында пәннің мазмұнына сәйкес ойлауды дамытуға арналған сұрақтарды жаңартып, әркез қолданудың арқасында оқушылардың ойлау деңгейлері жоғарылай түседі. Бұл жағдайға дағдыланған оқушы кез-келген осы тараптан берілген сұрақтарды таныс емес кездейсоқ жағдайда жүзеге асыра алады.

Оқушылардың ойлау, сөйлеу дағдыларын қалыптастыру мәселесін зерттеген отандық (Ж.Аймауытов, М.Мұқанов, Ә.Алдамұратов, Қ.Жарықбаев, Ж.И.Намазбаева) ғалымдардың еңбектерін атауға болады.

М.Мұқановтың пайымдауынша, ойлау деп адамның сыртқы дүниенің заттары мен құбылыстарының өздеріне тиісті қарым-қатынастарын жалпылап сөзбен бейнелеуін айтады. Ой әдетте бір қалыпта болмай, бірінен соң бірі үздіксіз еске келіп тұратын болғандықтан, процесс болып саналады. Демек ой үдерісі ұғыммен тікелей байланысты [37,б. 58]. Әсіресе Ә.Алдамұратовтың зерттеуінде ұғымдарды меңгерудің психологиялық негіздері жөніндегі айтқан пікірлері баланың сөйлеу дағдысын қалыптастыруға қатысты деп тұжырымдаймыз [38,б. 85].

Қ.Жарықбаевтың ғылыми еңбегінде: «ойлау мен сөйлеу бірдей нәрсе деп, бұлардың арасына теңдік белгісін қою дұрыс емес. Ой – сыртқы дүниені бейнелеудің ең жоғарғы формасы, сөз – ойды басқа адамдарға жеткізетін құрал. Ойдың сөз арқылы бейнеленуі арқасында адам өзінен бұрынғы ұрпақтар жинаған тәжірибе мен білімді сақтап қала алды, ойды өмірді онан әрі жақсарту мақсаттарына пайдаланды», - деп тұжырымдайды [39,б. 184]. Ғалымның пікірінше, ойлау мен сөйлеу әртүрлі генетикалық негіздерде дамығанына қарамастан, бұл екі үдеріс бірлікте болатынын автордың тұжырымынан байқауға болады.

Ж.И.Намазбаеваның пікірінше, ойлауды психологиялық тұрғыда зерттеу дегеніміз - оның ішкі, танымдық құпия мәнін және жемісті болуының себебін ашып көрсету, яғни психология детерменизм принципіне сүйене отырып ойлаудың мәнін зерттейді, әрбір адамның өзіндік ойлау ерекшеліктерін дамытып отыруға баса мән береді [40,б. 174]. Демек, оқыту үдерісінде ойлау дағдыларын қалыптастыруда талдау, жинақтау, салыстыру амалдарын қолданудың қажеттілігі көрінеді.

Ендігі кезекте сөйлеу барысындағы ойлау амалдарының жүйесіне тоқталайық. Оқушылар оқу үдерісінде оқу материалдарын ұғынуда талдау мен жинақтау маңызды рөл атқарады. Өйткені ойлау әрқашан талдау мен жинақтау үдерісінен басталады. Талдау - ой арқылы түрлі заттар мен құбылыстардың мәнді жақтарын жеке бөлшектерге ажырату арқылы тану. Ал, жинақтау - ой арқылы зат пен құбылыстардың барлық элементтері біріктіріледі. Мәселен, оқушы дыбыстан буын, буыннан сөз, сөзден сөйлем, сөйлемнен мәтін құрап, тілдің күрделі бірлігін жасайды. Сондай-ақ, оқушының ойлау мен сөйлеу дағдыларын дамытуға салыстыру амалы да маңызды рөл атқарады [145,б. 174].

Ойлау амалдарын қолдану мәселесін Б.А.Тұрғынбаеваның еңбегінен байқауға болады. Ғалым шығармашылық сәттерге тілдік материалдарды талдау, тілдік құбылыстарды салыстыру, топтастыру, қорытындылау деп түсінік береді [80,б. 125]. Демек, бастауыш сынып оқушыларының ойлауын дамыту үшін

тілдік материалдарды талдау, жинақтау, нақтылау, салыстыру арқылы жаңа нәтижеге жетуде шығармашылық тұрғыдан іске асырылуы қажет деп ойлаймыз.

А.С.Амированың еңбегінде: «бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық іс-әрекеті дегеніміз – алған білімін өздігінен толықтырып, кеңейтетін, жоғары деңгейде ойлайтын, өзіндік идеясын жүзеге асыруда пікірі мен тұжырымын дәлелдей білетін, саналы түрде рефлексивті әрекетке түсе алатын, өзі үшін жаңа болып табылатын нәтижеге жете білу», - деген анықтама берді [81,б. 120]. Ендеше ғалымның еңбегімен танысу барысында біздің пікірімізше, оқушы әр түрлі деңгейдегі шығармашылық тапсырмаларды орындауда өзіндік ой білдіруді, ой қорытындысын жасауды, шешім қабылдауды үйренеді. Олай болса, шығармашылық тапсырмалар оқушылардың ойлау мен сөйлеу дағдыларының қалыптасуына жол береді.

А.Т.Туралбаева өзінің ғылыми еңбегінде баланың дарындылық мәселесіндегі зерттеуінде дарынды бала қабілетінің сипаттамасына: бай сөздік қор, ақпаратты шоғырлай және жинақтай білу, күрделі ойларды аулай білу, талқылай білу, болжам жасау, ойлау мен әрекетте икемділік, ойлау жылдамдығы, өзіндік идеяларын айта білу және жаңа бір нәрсені ойлап табу қабілеті, - деп талдау жасаған [82,б. 44]. Демек, дарынды баланың қабілетінде сипатталған көрсеткіштерді дамыту ойлау мен сөйлеу дағдысын қалыптастыруда маңызы зор. Яғни, бала дарындылығын дамыту ең алдымен ойлау дағдыларын қалыптастыруды қажет етеді.

Өзге де шетел ғалымдары (Ф.Гюнеш, О.Куру, Курудаоглу, Озбай, Л.М.Садику, Уоллис, В.Е.Стариба, Г.Дж.Уолберг) сөйлеу дағдысын дамыту мәселесіне қызығушылық танытып, көптеген еңбектер арнаған. Солардың ішінде атап өтетін зерттеу – Түркия ғалымы Ф. Гюнеш еңбектері.

Түрік ғалымы Ф.Гюнеш оқушылардың сөйлеу, ақыл-ой, сөйлеу кезінде сөздердің таңдалуы жайында зерттеу жүргізе келе: «сөйлеу тікелей тыңдаумен байланысты. Балалар алдымен қоршаған ортадағы адамдардан сөйлеуді үйренеді. Содан кейін олар жеке күш салу және әлеуметтік қарым-қатынас арқылы сөйлеу дағдыларын жетілдіреді. Оқушылар өз ойын білдіру, қарым-қатынас жасау, білім алу және ақыл-ой құрылымдарын дамыту үшін сөйлеу шеберлігінің пайдасын көреді. Сөйлеу - оқушылардың бірлесіп жұмыс жасауы, талқылауы, бірлесіп шешім қабылдауы және проблемаларды шешудің маңызды саласы болып табылады», - деп түсіндіреді [31,р. 117]. Автор сөйлеу дағдыларын жетілдіру мақсатында проблемаларды шешу және сыныптағы ынтымақтастық сияқты сөйлеуге негізделген оқу әрекеттеріне көбірек көңіл аударады.

О.Куру 4-ші сынып оқушыларының сөйлеу дағдыларын жетілдіру мәселесін зерттесе [32,р. 32], С.Серен және Г.А.Эмель көп салалы сыныпта оқитын бастауыш сынып оқушыларының ауызша сөйлеу дағдыларын мультфильмнің көмегімен жетілдіруге болатынын қарастырды [33,р. 32].

Л.М.Садику мақаласында «тіл көптеген мақсаттарға қызмет етеді. Тілдің болмауы, бұл қарым-қатынастың болмауы. Тілдің төрт дағдысы ретінде белгілі – айтылым, оқылым, тыңдалым, жазылым - тіл үйренудің кез-келген

мәселесінде маңызды рөл атқарады. Төрт дағды – бұл сізді үлкен биіктерге жетелейтін тілдің шындары. Олар бір-бірінен бөлек, бірақ ажырамас белгілермен байланысты» дей келе:

- оқылым – бұл қоршаған ортаны танудың қызықты тәсілі. Оқу кезінде сансыз дәйексөздер мен мақал-мәтелдерді оқиды, оқудың арқасында көп білім жинақтап, яғни, тілдік шеберлікті қалыптастырады. Лексикаға бай адам, жақсы тыңдайды, сөздердің мағынасын түсінеді, мәтін жазу кезінде сөздік қорға ие. Әр түрлі жазу стильдері мен жаңа сөз туралы хабардар болу үшін күніне кемінде жарты сағат оқыған жөн. Сондықтан оқу әдетін қалыптастыру қажеттілігі өте маңызды. Мықты шынайы әдет пайда болғаннан кейін дағдылар автоматты түрде пайда болады;

- жазылым – бұл адамның интеллектуалды деңгейін көрсететін, жазбаша мәтін арқылы ойларды дұрыс білдіру қабілетінде көрінетін шеберлік. Мәтін құруда үш қадам: бірінші қадам, тақырыпты тауып, идеясын жүзеге асыруға тырысамыз; екінші қадам, алғашқы жобамызды жазамыз; үшінші қадам, қайта қарау, ол дегеніміз «қайтадан көру» дегенді білдіреді. Әр қадам бір-бірін алмастырады, білім алушылар кем дегенде үш қадам болуы керек екенін түсінуі керек;

- тыңдалым – бұл тілдің тағы бір қажеттілігі. Қоғамның кез-келген мүшесі сияқты, тыңдау қабілеті де маңызды дағдылардың бірі болып табылады, өйткені жақсы тыңдау қарым-қатынас процесінің ажырамас бөлігі болып табылады. Жақсы тыңдаушы дайын және дыбысты сөздерге және олардың контекстік мағынасына айналдыра алады. Содан кейін жақсы тыңдаушы берілген мәндерді басқа тәжірибелермен байланыстырады және жауапкершілікті спикермен бөліседі. Академиялық тұрғыдан алғанда, тыңдау дағдылары оқыту циклінде маңызды рөл атқарады. Білім алушы жақсы тыңдай алатын кезде жақсы үйренеді. Тыңдаушының көзқарасы – бұл шеберлікке жетудің тағы бір қадамы;

- айтылым – оқылған сөздер, жазылған идеялар және естілген ойлар болса сөзбен жеткізе білу. Сіздің айтқаныңыз сіздің экспрессивтілігіңізді анықтайды. Статистика көрсеткендей, адам сөйлеген кезде секундына бес буынды қолданады, ал бұл қырықтан астам түрлі сөйлеу дыбыстары бар. Сондықтан дұрыс айтылу, дикция және жақсы лексиканы қалыптастыру сіздің басымдықтар тізіміңізде болуы керек, - деп тұжырым жасайды [34,р. 30-31]. Автор еңбегінде, оқу үдерісінде сөйлеудің оқылым, тыңдалым, айтылым, жазылым дағдыларын қолданудың маңыздылығын көрсетті. Бұл тілдік дағдыларды әдіс-тәсілдер мен стратегияларды қолдану арқылы жүзеге асырды, яғни, бұл дағдылар жеке салалар ретінде ерекшеленбейді, олар сөйлеу әрекетінің бірыңғай циклін құрайды.

Шетелдік ғалымдар Т.Уоллис, В.Е.Стариба және Г.Дж.Уолберг «Teaching speaking, listening and writing» атты еңбегінде: «мектепте және өмірде оқушылар тілдік дағдыларды талап ететін түрлі жағдайларға тап болады. Осы себепті мектепте тыңдалым, айтылым, оқылым және жазылым дағдыларды игеру жетістікке жету үшін көмектеседі. Олар, мысалы, әр түрлі жазуды үйренуі керек. Мұғалімдер кез-келген жазуға жалпы ұсыныстар бере алады, бірақ

өлеңдер мен эсселер сияқты жазудың белгілі бір түрлері арнайы сабақтарды қажет етуі мүмкін. Жазбаша жұмыстарда оқушылар өз сезімдері мен тәжірибелерін білдіре білуі керек, сонымен қатар өз зерттеулерінің нәтижелерін дұрыс сипаттауы керек. Әр формада қолданылатын жазба жұмыстары әдетте егжей-тегжейлі дайындықты, жиі тәжірибені және оқушыларға олардың жетістіктері туралы ақпарат беруді қажет етеді», - деп түсіндірді [35, р. 9]. Ғалымдардың пікірін түйіндейтін болсақ, тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым – бұл оқу бағдарламасының барлық салаларында маңызды болып табылатын қарым-қатынас дағдылары. Демек, тілдік дағдыларды дамыту оқу бағдарламасында басты орынға ие болуы керек деп санаймыз.

Ойлау мен сөйлеу дағдыларын қалыптастыру мәселесі, білім берудегі оқыту сапасының нәтижелі болуына қолайлы жағдай туғызу үшін қажет. Жоғарыдағы талданған еңбектердің нәтижесінде, ойлау мен сөйлеу дағдыларын қалыптастыру мәселесінің психологиялық-педагогикалық тұрғыда зерттелінуінің көпқырлылығы әдіснамалық маңызы бар тақырыптардың бірі екенін көрсетті. Ойлау мен сөйлеу дағдылары жеке маңыздылығы бар және субъектінің танымдық іс-әрекетінде көрінетін мақсаттарға бағытталған таным қажеттіліктерінің пайда болуымен байланысты болады.

Бізге талдаулар нәтижесі көрсеткендей, ойлау мен сөйлеу дағдылары психологиялық тұрғыда: *тұлғаның танымдық процесі, шындықтың жалпыланған және жанлама түрдегі көрінісі, шығармашылық белсенділігінің жоғары нысаны, білімді интеллектуалдық тұрғыда қолдану, қорытынды шығару, когнитивті іс-әрекет, рефлекс жүйесі* ретінде көрініс табады. Ал, педагогика ғылымында: *қатысымдық әрекет, тілдік дағдылар (тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым), ұғым қалыптастыру, дағды икемділіктері, тілдік дағдыларды* орынды қолдануда қарастырылады.

Қорыта айтқанда, оқушылардың ойлау мен сөйлеу дағдыларын қалыптастыру психологиялық, педагогикалық зерттеулерде орын алады. Зерттеу жұмысымыздың келесі тараушасында «пәнаралық байланыс», «ойлау мен сөйлеу дағдылары» ұғымдарының мәні мен құрылымын талдайтын боламыз.

1.3 «Пәнаралық байланыс», «ойлау мен сөйлеу дағдылары» ұғымдарының мәні мен құрылымы

«Пәнаралық байланыста ойлау мен сөйлеу дағдыларын қалыптастыру» түсінігін нақтылауда *«пәнаралық байланыс», «ойлау мен сөйлеу дағдылары»* ұғымдарының мәні мен құрылымын айқындаймыз. Ол үшін ғылыми ілімдер, пікірлер мен тұжырымдарға талдау жасайтын боламыз.


«Пәнаралық байланыстар» терминін анықтауда жалпы зерттеушілер әр түрлі көзқараста болды, көбінесе бұл түсінікті, бірнеше мәнде түсіндіреді (оқыту жағдайында, жүйелік бөлігінің ұстанымында және құрамында, жүйесінде т.б.), бұның себебін біз әр ғылым саласындағы терминдерді жүйесіз пайдалануда деп есептейміз, оны пәнаралық байланыстардың өзінің көп қызметтік сипатының нысанды түрде орын ала алмағандығынан деп санаймыз.

Педагогикалық энциклопедиялық сөздікте: «пәнаралық байланыс – тәрбие мен оқытуға кешенді көзқарасты көрсетеді, олар білім беру мазмұнының негізгі элементтерін де, пәндер арасындағы қатынасты да ажыратуға мүмкіндік береді. Пәнаралық байланыс білім алушылардың нақты білімін қалыптастырады, гносеологиялық мәселелерді ашып көрсетеді, онсыз ғылым негіздерін жүйелі түрде игеру мүмкін емес. Пәнаралық байланыс оқушыларды жалпы ғылыми сипаттағы танымдық әдістермен (абстракция, модельдеу, аналогия, жалпылау және т.б.) жұмыс істеуге дағдыландырады», - деп анықтама берілген [100,с. 35].

Пәнаралық байланыстарды *дидактикалық шарт* деп түсіну кең таралған, ол тек қана оқушылардың білім жүйесін қамтамасыз етіп қоймай, оның *танымдық қабілеттілігін, белсенділігін, мүдделерін, ойлау әрекетін* қамтамасыз етеді. Сонымен қатар, байланыстарды оқулық бағдарламалардың және пәндер бойынша оқулықтардың үйлесімділігін қамтамасыз ететін құрал ретінде түсінетін тар әдістемелік түсінік орын алған.

Бұл түсініктің мағыналық мәнін жөнге келтіру пәнаралық байланыстардың да түрлерін жөнге келтіру сияқты тек жүйелілік амал негізінде ғана болады.

«Пәнаралық байланыстың» үш элементтен тұратын жүйесі бар (сурет 5).



Сурет 5 – Пәнаралық байланыстың үш элементтен тұратын жүйесі

Жалпы көптеген зерттеулерге сүйене келе, пәнаралық байланыста оқыту мәселесі оқыту үдерісінде оқушылардың білім жүйесін дамыту ретінде ғана емес, сондай-ақ білім беру жүйесінің сатылары ретінде қарастырылады. Олай болса, біз оқу үдерісіндегі білім сапасын арттыруда пәнаралық байланысқа басымдық береміз. Ендеше, «пәнаралық байланыс» ұғымының мәнін аша отырып, талдау жүргізейік.

Оқушылардың білім беру жүйесін қалыптастыру және оқу үдерісінің тұтастығын қамтамасыз ету үшін оқу пәндері арасында байланыс орнатудың қаншалықты маңызды екенін Я.А.Коменский өзінің «Тандаулы педагогикалық шығармалар» (Москва, 1954) атты еңбегінде: «...өзара байланыста болатындардың барлығы сондай байланыста оқытылуы тиіс» - деп көрсетті [41,с. 287].

Пәнаралық байланыс идеясын дамытуға ары қарай көптеген педагог, психолог ғалымдар (И.Г. Пестолоцци, К.Д. Ушинский, Н.К. Крупская, В.Н. Максимова, И.Д. Зверев, М.М. Левина т.б.) үлес қосты. Олардың зерттеулерінде пәнаралық байланыстың мәні, оны жүзеге асыру жолдары, ортақ түсініктер, пәнаралық байланыстың қызметі, пәнаралық байланыстың психологиялық-педагогикалық негіздері зерттелді.

И.Г. Пестолоцци дамыта оқытудың идеяларын насихаттай отырып, оқу пәндерінің өзара байланыстарының көп түрлілігін ашты. Ол келесі талаптарға сүйенеді: «Өзінің сана-сезімінде барлық өзара байланысты заттарды олардың табиғатта шын мәнінде болатын байланысына алып келеді». Онда жоғарғы сыныптарда бір пәннің келесі пәнмен байланысының үзілуі қауіпті деп атап көрсеткен [42,с. 175].

К.Д. Ушинский әр түрлі оқу пәндерінің жалпы ұғымдары мен жетекші идеяларды анықтау арқылы пәнаралық байланыстарды жүзеге асыру жолдарын әзірлеп оның дүниетанымдық негіздемесін анықтап, «әрбір ғылымға тән болатын арнаулы түсініктерден басқа, көп ғылымдарға, ал кейде барлық ғылымдарға жалпы болатын түсініктер бар» - деп тұжырымдады [43,с. 35]. Зерттеушінің тұжырымдамасынан, жалпы ұғымдар арқылы пәндер арасындағы байланысты жүзеге асыру білімді тереңдете отырып дүниетанымдық жүйеге айналдыруға және оқушының ойлау мен сөйлеу дағдысын қалыптастыруда белгілі бір пәнаралық үйлесімділікті құрайтындығын пайымдауға болады.

Н.К.Крупскаяның пайымдауынша, мазмұны жағынан жақын пәндердің өзара байланысы оқушылардың білім сапасын арттыруды қамтамасыз етіп қана қоймай, сонымен қатар оқушылардың практикаға дайындауға, олардың жан-жақты ғылыми көзқарасын дамытуға ықпал ететінін атап өтті [44,с. 137]. Автор нақты мысалдарды келтіре отырып пәнаралық байланыстардың әсерін ашып, олардың танымдық белсенділікті ынталандыратынын, оқушылардың жан-жақты дамуына ықпал ететінін, ғылымның түрлі салаларында ой-өрісін кеңейтетінін, ең бастысы, оқушылар табиғат пен қоғам құбылыстарын түсінуге диалектикалық көзқараста болатынын қалыптастырды.

Пәнаралық байланысты жүйеліліктің жалпы әдіснамалық ұстанымдарының нақты формаларының бірі, ақыл-ой қызметінің ерекше типін жүйелі ақыл-ойды детерминацияға түсіреді, - деп И.Д.Зверев және В.Н.Максимова өз еңбектерінде тұжырымдайды [45,с. 158]. М.М.Левина пәнаралық байланыстарды педагогикалық зерттеулерде өзіндік кешенді бағыт ретінде қарастыру керек деп есептеді, себебі олар бұл мәселені тәрбиелеу, оқыту теориясы тұрғысынан қарастыра келіп, оның барлық негізі жалпы педагогикалық, дидактикалық, жеке әдістемелік және психикалық аспектілерінде дамып келе жатқан тұлғаға бүтіндей кешенді әсер ету тұрғысында түсіндіреді [46,с. 137].

Елімізде пәнаралық байланыс мәселесін алғашқы зерттеген ғалымдардың бірі А.А.Бейсенбаева болды. Оның докторлық диссертациясында: «пәндердің байланысы барлық жастағы оқушылардың білімін ізгілендіру мақсатында пәндер арасында байланысты орнатуға мүмкіндік жасау үшін қажетті шарт болып табылады» - деп тұжырымдайды [47,с. 220]. Автор «пәнаралық байланыс», «интеграция» категорияларының қызметіне аса мән бере отырып: «...пәнаралық байланысты, яғни жеке пәндерге тән ортақ қасиеттерді білу, саналы меңгеру – оқушылардың білім танымының жоғары дәрежелігін көрсетеді, дүниетанымдық көзқарасының орнықты қалыптасу үдерісін танытады»; ал «...ғылымдар интеграциясы – бұл екі ғылым элементтерінің жай қосылуы емес, ол табиғат заңдылықтарын тереңірек түсінуге мүмкіндік беретіндей дәрежеде олардың жаңаша жүйеленген ішкі бірлігі», - деп

анықтама береді [47,с. 439]. Ғалымның еңбегінен оқушылардың дүниетанымдық көзқарасын, оқу үдерісінде ортақ пәнаралық ұғымдарды мағынасын білу ойлау мен сөйлеу дағдыларын қалыптастыруда негіз болатынын байқадық.

Біздің зерттеуімізге мазмұны жағынан жақын келетін еңбектердің бірі Н.А.Оразахынованың кандидаттық диссертациясында: «пәнаралық байланыс – жеке пәндерді терең меңгеруде оқушылардың білім деңгейін барынша кеңейте беру мақсатында аралас, сабақтас пәндермен байланыстыру, осының нәтижесінде оқушының белгілі бір пәннен алған білім шеңберінің кеңінен басқа пәндерден алған білімін пайдалана білу мүмкіншілігін, іскерлігін, дағдысын қалыптастырады» - деп анықтама береді [48,б. 73]. Автор өз зерттеуінде пәнаралық байланысты оқыту мен тәрбие жұмыстарын ұйымдастыру үдерісінде өз алдына жеке принцип ретінде және пәндер арасындағы өзара байланыстардың болуы ғылым мен білім жүйесі дамуының алғы шарты деп қарастырды.

А.М. Мұханбетжанова «Бастауыш білімнің интеграциясы арқылы оқушыларда дүниенің ғылыми бейнесін қалыптастырудың теориялық-әдіснамалық негіздері» атты докторлық диссертациясында: «...Ғылымның интеграциясы «қиылысушы» және «өтпелі» ғылымның пайда болуында байқалады. Ал білімнің синтезі неғұрлым жалпылама ұғымдарда, қағидаларда, теорияларда, тұжырымдарда, дүниенің локальдық бейнесін құруда, дүниенің жалпы ғылыми бейнесін жасауда көрініс табады», - деп пікір білдіреді [49,б. 37].

Ғалым А.Д.Болтаевтың пікірінше, «пәнаралық байланыс табиғаттың танымдық материалдық, адамгершілік-эстетикалық салаларын ашу міндетімен ғана шектеліп қоймай, табиғатты сұлулық, адамгершілік заңдылығымен қайта құру, жақсарту әрекетімен жұмылдырудағы жасампаздық қасиетіне теориялық талдау жасалып, экологиялық тәрбие проблемасын шешудегі пәнаралық байланыстың өзіндік орны, ерекшелігі анықталады» - деп қорытындылады [50,б. 131]. Автордың зерттеуінен біздің тұжырым, пәнаралық байланыс экологиялық білім мен тәрбие беруді дамытудың және тәрбие үдерісін ұйымдастырудың негізгі құралы ретінде қызмет ететіндігінде.

Д.С.Байғожанова өзінің еңбегінде: «Бастауыш мектепте информатика элементтерін пәнаралық негізде оқытуды жүзеге асыру оқушылардың информатика элементтерін оқып үйрену бойынша алған алғашқы білімдерін, іскерліктері мен дағдыларын қалыптастыруға және олардың сауат ашу, әліппе, ана тілі, қазақ тілі, математика мен бейнелеу өнері пәндерінен алған білімдерін нақтылап бекітуге мүмкіндік беретінін» пайымдады [51,б. 37]. Ғалым 1-3 сыныптарда сабақтарда ақпараттық технологияларды қолдану және пәнаралық байланыс негізінде оқушылардың логикалық ойлауын дамыту жолдарын көрсетті. Автордың еңбегінен оқушы информатика элементтерін меңгере отырып басқа да пәндерге деген қызығушылықтары артатынын көреміз.

Д.Ж.Кішібаева пәнаралық байланысты жүзеге асырудың жолдарын: пәнаралық іскерліктерді, шығармашылық іскерліктерді талдау; пәнаралық байланыс негізінде шығармашылық іс-әрекетті мазмұндық аспектіде

қамтамасыз ететін оқу материалдарын іріктеу; процессуалдық аспектіде жүзеге асыру; пәнаралық байланысқа негізделген оқытудың әдістері мен құралдар жүйесін тиімді пайдалану, - деп көрсетеді [52,б. 65]. Біз ғалымның ұсынған пәнаралық байланысқа негізделген оқытудың әдіс-тәсілдерін зерттеу жұмысымызда қолданатын боламыз.

Г.К.Шолпанкулова «...пәнаралық байланыс – ғылымдар арасындағы интегративті фактор бола отырып, оқыту процесінің функциялары негізінде жеке тұлғаның гумандық қарым-қатынасты қалыптастырушылық қызмет атқарады» деп анықтама береді [53,б. 59]. Ғалымның гумандық қатынасты қалыптастыруда пәнаралық байланыс көрініс табатынын көрсетті.

Р.А.Дарменова студенттердің эстетикалық талғамын дамытуда пәнаралық байланыстың педагогикалық шарттарының маңыздылығын, оның әдістемелік жолдарына ғылым салаларының жетістіктері және педагогикалық технологияның тиімді тәсілдерін оқу-тәрбие процесіне ендіру қажет, - деп қорытындылады [54,б. 144]. Ғалымның еңбегінде оқу-тәрбие үдерісінде «еңбек пен өнер» деген қағиданы пәнаралық байланыста студенттердің эстетикалық талғамын дамыту мақсатында сабақтастық жүйеде қарастырылғанын байқадық.

Ә.М.Шарзадин пәнаралық байланыстың құрылымын келесі ерекшеліктер арқылы негіздейді: біріншіден, пәнаралық байланыс ерекше орынға және жалпы педагогикалық маңызға ие болуда; екіншіден, пәнаралық байланыстың классикалық педагогикадағы қалыптасқан идеясының өзіндік даму тарихы бар, сонда да пәнаралық байланыс ұғымы ғылыми-педагогикалық әдебиеттерде жаңа мәнмен енгізіле бастады; үшіншіден, пәнаралық байланыс ұғымы «табиғат-қоғам-адам ойы» жүйесінде білім негізін, пәнішілік қатынастарды және ғылымдардың кіріктірілуін әдіснамалық және реттеуші қызметін жүзеге асырады; төртіншіден, пәнаралық байланыстың өзіндік құрылымы үш компонентті қамтиды (құрамы, амалы, бағыттылығы); бесіншіден, пәнаралық байланыс маңызды дидактикалық ұғым ретінде бұрынғы алынған біліммен кейінгі білім арасындағы байланыс болып табылады [55,б. 31]. Бұдан шығатын қорытынды пәнаралық байланысты жүзеге асыру мәселесі оқыту үдерісін дамытудың бірден бір жолы болып табылады.

Г.С.Квасных бастауыш сынып оқушыларының сөйлеу әрекетін пәнаралық байланыста қалыптастыруды ұсынды. Оның пікірінше, пәнаралық байланыстар оқу пәндерінің құрамы мен құрылымына әсер етеді, ал әр пән пәнаралық байланыстың (танымдық, лексикалық немесе тақырыптық) бір немесе бірнеше түрінің көзі болып табылады. Пәнаралық - бұл бірқатар пәндердің оқу материалын іріктеу мен құрылымына әсер ететін, оқушылардың білім жүйелілігін күшейтетін, оқыту әдістерін белсендіретін, оқытуды ұйымдастырудың кешенді формаларын қолдануға бағытталған, оқу процесінің бірлігін қамтамасыз ететін оқытудың заманауи принципі [77,б. 45].

Жаңа форматта дайындалған еңбектің бірі А.А.Куралбаеваның «Бастауыш сынып пәндерін интеграциялау негізінде білім сапасын арттыру» атты (PhD) философиялық диссертациясында: «біз оқытуда, білім сапасын арттыруда пәнаралық интеграциялаудың психологиялық-педагогикалық негізін

құраушысының бір элементтеріне оқушылардың логикалық ойлау тәсілдерін (логикалық методологиялық білімдерді, пәнаралық іскерліктерді) жатқызамыз. Логикалық ойлау - білім сапасын арттырудағы оқушының ойлау қызметін қалыптастыру (ойлау тәсілдері) және оқу материалдарындағы негізгі, маңыздыны бөлу; себеп-салдарлық байланыстарды бөліп алу; салыстыру; талдау; жинақтау; талдап қорыту және т.б. оқу іс-әрекетінің жалпы тәсілдері», - деп тұжырымдайды [56,с. 61]. Демек, оқушының ойлау дағдысын қалыптастыруда пәнаралық байланыстың алатын рөлін байқадық.

А.Ш.Доспенбетованың «Пәнаралық байланыстар негізінде оқушылардың экономикалық мәдениетін қалыптастыру» атты монографиясында бастауыш сынып оқушыларының экономикалық мәдениетін қалыптастыруда «пәнаралық байланыс», «интеграция» ұғымдарына аса мән бере отырып: «*пәнаралық байланыс дегеніміз* – оқу тәрбиелік жүйенің мазмұнында, формалары мен әдістерінде қамтылған және шектелген бірлікте білімдік, дамытушылық және тәрбиеленушілік қызметтерін атқаратын нақты өмірдегі нысандары, құбылыстары және жүйелері арасындағы синтездік, кірігу қатынастарын белгілеуге арналған педагогикалық дәреже», ал, «*интеграция дегеніміз* бәріне ортақ бастапқы мағлұматтары болатын, намесе іріктеу арқылы бірігуге ықпал етуші бағыттары бар әртүрлі бөліктердің біртұтас ғылымға бірігуінің үздіксіз процесі» деп анықтама береді [57,б. 177]. Автордың анықтамасынан, пәнаралық байланыс пен интеграция ұғымы бір-біріне жақын келіп тұрған категория, ондағы пәнаралық байланыс интеграциясы, яғни пәндік, пәнаралық және жалпы ғылымдық байланыстардың анықталуы және ондағы байланыстар дамуы тереңдетілген іс-қимылдың жүзеге асуына мүмкіндік беретіндігін айтуға болады.

С.А.Фейзулдаеваның философия (PhD) докторы дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациясында: «пәнаралық сабақтастық арқылы болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби даярлау – жаңартылған білім беру жағдайында студенттерге кәсіби білім жүйесін, жеке, жалпы және кәсіби құзыреттілікті, тұлғаның өзін-өзі реттейтін интегративтік сапаларын меңгерту» - деп нақтылайды [58,б. 57]. Автор зерттеу жұмысында пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыру процесінде бастауыш мектеп мұғалімінің кәсіби моделін қалыптастырудың негізгі белгілерін анықтап, «сабақтастық», «пәнаралық байланыс», «интеграция» ұғымдарын қарастырып, ерекшеліктерін айқындады.

Ж.М.Саурыкованың пікірінше: «...ортақ тақырыптар аясында жеке пәндердің сабақтарында пәнаралық байланысты пайдалану - оқушының білім алуға деген ынта-ықыласы мен қызығушылығын арттырады, олардың өзіндік құзыреттіліктерінің дамуына өзек болып, ықпал жасайтын тиімді жолдардың бірі ретінде маңыздылығы ашылды, дәлелденді», - деп қорытындылайды [59,б. 131]. Бұдан шығатын тұжырым жаңартылған білім мазмұны жүйесінде пәнаралық байланысты ортақ тақырыптар арқылы жүзеге асыруда пәнаралық іскерліктер мен дағдыларды дамыту қажет.

Ж.А.Жұмабаева «Бастауыш білім беру пәндерін метапәндік тұрғыда оқыту» атты диссертациясында: «метапәндік тұрғыда оқыту – пәнаралық

өзара әрекеттесу, қоғамда ойлау мәдениетін, тұтас дүниетанымды қалыптастыру мәдениетін сақтауға, қорғауға мүмкіндік береді» деген тұжырымға келеді. Ал «метапәндік оқыту дегеніміз – оқушының пәндер аясында әмбебап оқу әрекеттері арқылы қалыптасқан метапәндік нәтижелерді өз тәжірибесінде бекіту үдерісі», - деп анықтама берді [60,б. 38]. Біз автордың пікірін талдай келе, метапәндік тұрғыдан оқытуды ұйымдастыру мен жоспарлау бастауыш сынып оқушыларының теориялық ойлауын, сыни тұрғыдан ойлауын, шығармашылық ойлауын дамытудың бірден бір жолы екенін анықтап, метапәндік тапсырмаларды құруда пәнаралық байланысты қолданғанын байқадық.

Сондай-ақ С.Е.Қаңтарбай, Ж.А.Жүсіпова өз оқулықтарында пәнішілік және пәнаралық байланысқа негізделген әрекеттің ортақ тәсілдерін қалыптастыруда, яғни кез келген есеп, жаттығу, тапсырмаларды орындауға ортақ жолды қарастыруды көрсетті. Тәжірибеде кез келген әрекет, оның ішінде еңбек әрекетінің жалпы амалдық тәсілдерін қалыптастыру төмендегідей түрде жүзеге асырылады:

а) бастауыш сынып оқушыларында әрекеттің ортақ (сәйкестік) тәсілдерін пәнішілік байланыс арқылы қалыптастыру;


ә) бастауыш сынып оқушыларында әрекеттің ортақ тәсілдерін пәнаралық байланыс негізінде қалыптастыруды жүзеге асыру [111].

Бұдан қай мағынадағы түсінікті алып қарасақ та, пәнаралық байланысты ізденіспен жүзеге асырылатын, белгілі бір уақыт көлемін қажет ететін үлкен маңызға ие үдеріс екендігіне көзіміз жете түседі.

Пәнаралық байланыстар негізіндегі оқу қызметі тұлғаның әртүрлі қабілеттілігін көрсетуіне және табысқа жетуіне, оқу себептерін жан-жақты кешенді дамытуға бай мүмкіндіктерді туындатады. Сондықтан да білім берудегі пәнаралық байланысты насихаттай отырып, осы тәсілдемені қолдана отырып, пәнаралық байланыс отандық педагогиканы дамытудың қандай да бір бағыты деп есептейміз. Пәнаралық байланыс білімнің пәндік нысанын дамытудың озық дидактикалық-әдістемелік үлгілерін көрсете алады, бұл ретте ол оқу пәні және оқу сабағы сияқты білім беру нысандары үшін дамудың жаңа перспективаларын ашуға мүмкіндік береді [112].


Педагогикалық әдебиеттерде пәнаралық байланыстар анықтамасын ғылыми негіздеуде, оның мәнін, оқу-тәрбие үрдісіндегі қызметтерін көрсететін, пәнаралық байланыстарды жүйелеудің ғылыми критерийлерін түсіндіруде, осы байланыстардың нәтижесін бағалауда әр түрлі тұғырлар бар. Пәнаралық байланыстарды жіктеген негізгі тұғырларды қарастырайық. Пәнаралық байланыстар мәселесін зерттеген ғалымдардың көпшілігі осы байланыстарды белгілі бір дәрежеде жүйелі жіктеуді ұсынды.

М.И.Скаткин ғылым негіздері мен оқушылардың өнімді еңбегі арасындағы байланыстың үш түрін ұсынады: 1-ші түрі – алдыңғы байланыстар; 2-ші түрі – кейінгі байланыстар; 3-ші түрі – ілеспе байланыстар [113].



Сурет 6 – Байланыстың түрлері (М.И.Скаткин)

Н.М. Верзалин, П.Г. Кулагин, Ю. Вайткевичус уақытша факторға сүйене отырып, байланыстың екі түрімен шектеледі: бірінші – синхронды байланыс; екінші – асинхронды байланыс [113,с. 106].



Сурет 7 – Байланыстың түрлері (Н.М. Верзалин, П.Г. Кулагин, Ю. Вайткевичус)


Н.М. Черкес-Заде пәнаралық байланыстарды жіктеуге басқаша көзқарас танытты. Ол байланыстарды келесі түрлерге бөлді:

1) алдыңғы, оқушылардан аралас пәндердің таныс материалын қалпына келтіру қажет болған кезде;

2) ілеспе, бір мезгілде немесе бір мезгілде дерлік зерттелетін ұғымдар, бөлімдер немесе сабақтас пәндердің тақырыптары байланысқан кезде; ілеспе байланыстар «синхронды» және «асинхронды» сипатқа ие болуы мүмкін;

3) тақырыптың немесе бөлімнің қандай да бір түсінігін ашу кезінде көп немесе аз алыс болашақта зерделенетін аралас пәннің материалын міндетті түрде тарту және ұғыну талап етілгенде перспективалы; перспективалық байланыс, әдетте проблемалық сипатта болады, өйткені оқушылардың алдына қандай да бір мәселе бойынша әлі шешілмеген мәселе қойылады [114].

И.Д. Зверев және В.Н.Максимова бұл мәселені басқаша қарастырады, олар жүйелілік тұғырды қолдана отырып, пәнаралық байланыстарды үш негізгі категория бойынша жіктейді: ақпараттық-мазмұндық, оперативті-әрекеттік, ұйымдастыру-танымдық. Жүйелілік тұғыр оқытудағы пәнаралық байланыстардың көп аспектілігін ашуға бағытталған [115].



Сурет 8 – Пәнаралық байланыстың түрлері (И.Д. Зверев, В.Н.Максимова)

Ф.Г.Федорец еңбектерінде пәнаралық байланысты ұйымдастырудың негізгі бағыттары келтірілген: пәнаралық байланыстар формалары, пәнаралық байланыстар типтері, пәнаралық байланыстар түрлері бойынша үш бағытта қарастырды [116]. Пәнаралық байланысты ұйымдастырудың негізгі бағыттары Ф.Г.Федорец еңбектерінде келтірілген (кесте 2).

Кесте 2 – Пәнаралық байланысты ұйымдастырудың негізгі бағыттары

Пәнаралық байланыстар формалары	Пәнаралық байланыстар типтері	Пәнаралық байланыстар түрлері
1.Құрамы бойынша	1. мазмұндық	Дәлел, түсінік, заң, теория, ғылым әдістері
	2. операциялық	Қалыптастыратын ептілік, машық және ойлау операциялары бойынша
	3. әдістемелік	Педагогикалық әдістер мен тәсілдерді қолдану бойынша
	4. ұйымдастырушылық	Білім беру жүйесін ұйымдастырудың әдіс және тәсілдері бойынша
2. Бағыты бойынша	1. бір жақты 2. екі жақты 3. көп жақты	Тікелей Кері Оңалту
3.Байланысты құрайтын элементтердің өзара әрекет ету тәсілі бойынша	1.хронологиялық 2.хронометриялық	Сабақтастық Синхрондық Перспективті, Локалды Орташа әрекетті Ұзақ әрекетті

Жоғарыдағы келтірілген жіктеулерді талдай келе ғалымдар пәнаралық байланыстарды әр түрлі жолмен, әр түрлі бағытта шешетінін және пәнаралық байланыстар мәселесі көп қырлы екенін, сандай-ақ қызметтері бойынша алуан түрлі екендігін көрсетті. Пәнаралық байланыс мәселесін шетелдік ғалымдар да кеңінен қарастырды. «Пәнаралық байланыс» ұғымын кең контекстте қарастырған түрік ғалымы Б.Айбек былайша анықтайды: «пәнаралық байланыс білім алушыларға әртүрлі салада ақпарат жинауға көмектеседі, тұжырымдамалар арқылы талдау және синтездеу сияқты жоғары деңгейлі ойлауға бағыттайтын оқыту тәсілі. Ол білім алушылардың оқу ортасын жандандыруға, шығармашылығын пайдалануға, олардың сабаққа қызығушылығын оятуға мүмкіндігін береді. Нәтижесінде оқытудың мағыналы деңгейіне жетеді» [61,б. 5]. Ал, Ө.Турнай мен Ө.Болати «пәнаралық - сөзі ұғым ретінде кем дегенде екі саланың бірігуін білдіреді. Пәнаралық байланыс - бұл тұжырымдаманы, тақырыпты немесе проблеманы зерттеу кезінде кем

дегенде екі пән бойынша әдістер мен білімді пайдаланатын бағдарламалық тәсіл», - деп түсіндіреді [62,р. 40].

К.Голдингің ғылыми еңбектері пәнаралық зерттеулерге, пәнаралық пәндерді енгізуге негізделген. Пәнаралық пәндер осы пәнаралық білім беруде негізгі рөл атқарады, танымның көптеген және жиі қарама-қарсы тәсілдерін қалай түсінуге, бағдарлауға және қолдануға үйретеді. Бұл пәндерде білім алушылар әртүрлі пәндер, әдістер туралы білімдерін дамытады, сондай-ақ алға жылжу үшін әртүрлі көзқарастарды мақсатты, рефлексивті интеграциялауды және синтездеуді үйренеді. Яғни, танымдық прогреске қол жеткізу үшін екі немесе одан да көп пәндерде немесе белгіленген білім салаларында білім мен әдістерді интеграциялау қабілеті ретінде пәнаралық түсінікті анықтайды [63,р. 2]. Егер білім алушылар осы пәнаралық қадамдар жасағысы келсе және интегративті құрылым құрғысы келсе, онда метапәндік дағдыларын, қатынастар мен түсініктерді меңгеруі тиіс. Бұл пәндерді оқытудың маңызы өте зор. М.К.Кастэ мен А.Домингос ғылыми білімнің бөлігі ретінде бастауыш мектепте пәнаралық байланысты қалай дамыту керектігін зерттеген. Пәнаралық байланыс біздің күнделікті өмірімізде кездеседі. Шын мәнінде, біз табиғатты түсіндіргенде немесе мәселелерді шешкенде, көбінесе математика, тарих, биология, физика, химия немесе басқа да пәндерден алған білімді қолданғанымызды байқамаймыз [64,р. 132]. Авторлар мақалада мұғалімдердің бірлескен білім беру бағдарламасы аясында ғылыми білім беруде пәнаралық қатынасты қалай дамытуға болатындығын қарастырған. Зерттеудегі басты мақсат - мұғалімдер бастауыш мектептің оқу жоспарына сәйкес келетін пәнаралық тапсырмаларды әзірлеу. Сонымен қатар, көптеген зерттеулерде бірнеше пәндер арасындағы пәнаралық байланысты, атап айтқанда STEM интеграциясы бойынша ұсыныстар берген.

Шетел ғалымы А.Лианның көзқарасы бойынша STEM интеграциясы әртүрлі деңгейде мүмкін болатынын атап өтті, олар:

1. Пән: ұғымдар мен дағдылар әр пәнде жеке зерттеледі.
2. Пәнішілік: ұғымдар мен дағдылар әр пәнде жеке зерттеледі, бірақ ортақ тақырып аясында.
3. Пәнаралық: білім мен дағдыларды тереңдету мақсатында екі немесе одан көп пәндерден тығыз байланысты ұғымдар мен дағдылар зерттеледі.
4. Пәнаралық: екі немесе одан да көп пәндер бойынша алған білімі мен дағдылары нақты тапсырмалар мен жобаларға қолданылады, бұл оқу тәжірибесін қалыптастыруға көмектеседі [65,р. 2].

Каррдың (2007) пайымдауынша, пәнаралық байланыс тәсілі білім өзара байланысты құбылыс деп санаған Джон Дьюидің еңбектеріне негізделеді. Оқыту мен оқудың бұл тәсілі оқытудың сындарлы тәсілімен тығыз байланысты, себебі оқушылар бірлесіп жұмыс істей отырып, пәндердің араларындағы мәселелерді талқылап пікірталас жүргізеді (Hayes, 2010). Оқушылар бір пәннің аясында үйренген мәселелерін екінші пәнге пайдалана алады немесе бір пәннің негізінде басқа пәнді оқуды жақсарта алады. Білімдерді ықпалдастыру оқушы үшін оқу үдесірін анағұрлым байланысқан және маңызды етуге бағытталған. Бастауыш мектептің 1-2 сынып оқушылары жаттығуларды белгілі бір пәнге

жатқызбайды, сондықтан пәнаралық байланыс тәсілі олардың оқу әрекетін анағұрлым нақты көрсетеді [117].

Пәнаралық байланыс жағдайында пәндерді оқытуды жүзеге асыру әр пәннің тақырыптық жоспарын жан-жақты талдауды қажет етеді деп айта аламыз. Пәнді оқу барысында оның ғылыми деңгейін арттыру және практикалық қажеттілікке, жалпы оқушылардың танымдық іс-әрекетіне тән дағдыларды қалыптастыруға назар аудару қажет. Сондықтан қазіргі уақытта пәнаралық байланыс, интеграцияланған оқыту жағдайында оқыту мәселесі ғылым саласында кең спектрмен зерттелуде. Тақырыпты талдау нәтижелері жаңартылған бағдарламадағы пәнаралық байланыстардың тиімділігі мен артықшылықтарын біле отырып, болашақ ұрпақтың білім деңгейін тереңдету үшін пәнаралық байланыстарды игеруіміз керек екенін көрсетті. Оқушылардың теориялық білімдерін әр сабақта тәжірибемен біріктіру үшін пәнаралық, пәнішілік байланыстардан бастау алатын біртұтас интеграцияланған білім беру жүйесін енгізу бойынша шығармашылық бастамалар қажет [118].

Жалпы алғанда, ғалымдардың талдауларына сүйенсек, пәнаралық байланыс оқушылардың жеке тұлғасын дамытуда, білім мен тәрбие беру міндеттерін шешуде маңызды болмақ, сондай-ақ білім беру үдерісінде педагогикалық іс-әрекеттердің ғылыми сипат алуына көмектеседі.

Жоғарыдағы теориялық талдауларды топтай отырып, «пәнаралық байланыс» ұғымының мәнін 3 – кестеде жіктедік.

Кесте 3 – «Пәнаралық байланыс» ұғымының мәні

Автор	Ұғымдарға сипаттама	Негізгі комментарий
1	2	3
В.Н.Федорова, Д.М.Кирюшкин	Пәнаралық байланыс – бұл табиғатта әрекет ететін объективті қатынастардың мектеп жаратылыстану пәндерінің мазмұнында дәйекті көрініс беретін дидактикалық жағдай [119].	Дидактикалық жағдай
П.Г. Кулагин	Пәнаралық байланыстар – бұл мұғалім мен оқушылардың жұмыс жүйесі, онда білімді игеру барысында бағдарламалық материалды неғұрлым берік игеру мақсатында сабақтас пәндердің мазмұны пайдаланылады [120].	Сабақтас пәндер
Н.М.Черкес-Заде	Пәнаралық байланыстарды дидактикалық шарт ретінде мойындай отырып, дұрыс әрекет ете отырып, пәнаралық байланыстар оқу процесін жүйелеуге және оқушылардың білімді игеруінің беріктігін арттыруға ғана емес, сонымен бірге оқушылардың оқуға деген танымдық қызығушылығын арттыруға және сонымен бірге табиғат заңдары, идеялар мен теориялар туралы ғылыми түсініктерге еруге ықпал етеді [114,б.20].	Дидактикалық шарт, танымдық қызығушылық, табиғат заңдары +идеялар +теориялар
Н.С. Антонов	Пәнаралық байланыстар – бұл оқыту мазмұнының өзіндік құрылымы, сондай-ақ білімді интеграциялаудың дидактикалық құралдарының бірі [121].	Интеграциялаудың дидактикалық құралдары

3 – кестенің жалғасы

1	2	3
Джобс (Jacobs, 1989)	Пәнаралық байланыс – белгілі бір тақырыпты, тұжырымдаманы немесе мәселені зерттеу үшін бірнеше пәннің әдіснамасы мен білімін қолданатын бағдарламалау менталитеті [122].	Бағдарламалау менталитеті
Лейк (Lake, 1994)	Пәнаралық көзқарастың сипаттамасында әр түрлі саладағы тақырыптар біріктіріліп, оқулықтардан өзгеше ресурстар пайдаланылады, жоспарлар қамқорлық жасайды, ал бағдарламалар икемді болып табылады [123].	Тақырыптарды біріктіру
Иылдырым (Yıldırım, 1996)	Пәнаралық байланыс – пәндер, ұғымдар немесе мәселелер төңірегінде оқытуды ұйымдастыру және әр түрлі пәндерден алынған білімді оларды өңдеу кезінде тиімді интеграциялау [124].	Пәндерді интеграциялау
Стембер (Stember, 1998)	Пәнаралық байланысты пәндердің азды-көпті интеграциясын немесе тіпті кейбір өзгерістерін қажет ететін әрекеттер деп анықтады [125].	Интеграциялауды жүзеге асыру
Ялчын, Иылдырым (Yalçın ve Yıldırım, 1998)	Пәнаралық байланыс – анықталған пәнді мағыналы түрде зерттеу және басқа пәндер тұрғысынан оқуға мүмкіндік жасау [126].	Пәнді зерттеуге мүмкін беру
Крусостомой (Chrysostomou, 2004).	Пәнаралық байланысқа негізделген бағдарламаларда бір тәртіптік тәсілге қарағанда көбірек ақпарат бар. Алайда барлық пәндерді біріктіру мүмкін емес. Интеграция пәндер арасындағы көзқараспен пәндер арасында мағыналы және сәйкес ақпарат болған жағдайда жасалады. Пәндер арасындағы байланыс күшті және түсінікті болуы керек [127].	Мағынасы жағынан пәндерді байланыстыру
Айдын, Валым (Aydın & Balım, 2005).	Пәнаралық байланыста белгілі бір тұжырымдаманы, мәселені негізге алып, оларды әр түрлі жағынан білуге болатын білімдер мен дағдыларды сабақтас пәндерден ала отырып біріктіруге болады [128].	Сабақтас пәндерді біріктіру


Отандық және шетел ғалымдардың зерттеулері көрсетіп отырғандай, «пәнаралық байланыс» ұғымы туралы түйінді ойлары бір-бірінен алшақ емес. Байқағанымыздай, «пәнаралық байланыс» ұғымына деген «сабақтас пәндер» + «дидактикалық шарт» + «пәндерді интеграциялау» + «тақырыптарды біріктіру» + «танымдық қызығушылық» + «пәнді зерттеу» + «сабақтас пәндерді біріктіру» және т.б. секілді түйінді ойларды біз өз анықтамамызды беруде негізге алатын боламыз.

Ғалымдардың теориялық талдаулары бізге: «пәнаралық байланыс - білімнің жүйелілік логикасын сақтай отырып, жоғары деңгейлі ойлауға бағыттайтын кешен» деп қорытынды жасауға негіз болды.

Талдауларға сүйене отырып, «пәнаралық байланыс» ұғымының **құрылымын: танымдық компонент** (жаңа материалдарды түсіндіруде де және

қайталауда да басқа пәндердегі алған білімдерге сүйену), *мазмұндық компонент* (бірнеше пәндердің арасындағы бірізділікте оқыту үшін пәндерді жақындату, бірқатар пәндер үшін жалпы болатын ғылыми идеялар мен танымдық шеберлікті байланысты түрде дамыту), *әдістемелік компонент* (әр түрлі ғылымдар арасындағы байланыстарды қамту қабілеттілігіне орай, мектеп оқулық пәндердің бөлімдері мен оқытуды деңгейлеп жүргізілуі, олардың мазмұндық байланысын орнатуда әдіс-тәсілдерді қолдану) деп қарастырамыз.

Пәнаралық байланыс ұғымының компоненттік құрылымы 9-суретте берілді.



Сурет 9 - Пәнаралық байланыс ұғымының компоненттік құрылымы

Ендігі кезекте, пәнаралық байланыста ойлау мен сөйлеу дағдыларын қалыптастыру түсінігінің келесі категориясы «*ойлау мен сөйлеу дағдылары*» ұғымы болады.

Біз, 1.1, 1.2 бөлімшеде ойлау мен сөйлеу дағдыларын қалыптастырудың философиялық, психологиялық, педагогикалық категориясын анықтадық:

- ойлау мен сөйлеу ұғымдарының түпкі категорияларының философиялық бағыты: логикадан бастау алатыны, логика грамматиканың бір бөлігі ретінде, танымдық іс-әрекет, белсенді процесс, мақсатты әрекет, жалпы және жанама көрініс, тілден бастау алатыны, тіл мен ойдың, ойлау мен сөйлеудің бірлігі және т.б. түсініктермен қамтамасыз етілген;

- ойлау мен сөйлеу дағдыларын қалыптастырудың психологиялық бағыты: тұлғаның танымдық процесі, шындықтың жалпыланған және жанама түрдегі көрінісі, шығармашылық белсенділігінің жоғары нысаны, білімді интеллектуалдық тұрғыда қолдану, қорытынды шығару, когнитивті іс-әрекет, рефлекс жүйесі ретінде көрініс табады.

- ойлау мен сөйлеу дағдыларын қалыптастырудың педагогикалық бағыты: қатысымдық әрекет, тілдік дағдылар (тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым),

ұғым қалыптастыру, дағды икемділіктері, тілдік дағдыларды орынды қолдануда қарастырылады.

Бастауыш сынып оқушыларының ойлау мен сөйлеу дағдылары білім берудің барлық деңгейлерінде өз алдына дербес мәселе ретінде үнемі жетілдіруді, дамуды, меңгеруді қажет етеді. Ендеше біз, «ойлау мен сөйлеу дағдылары» ұғымының әдіскер ғалымдардың теориялық талдаулардағы сипаттамаларын ұсынамыз.

Ойлау мен сөйлеу дағдыларын қалыптастыру сатыларын әдіскер ғалымдар әр түрлі жолдармен көрсетеді. Мәселен, бастауыш сыныпта тіл дамыту әдістемесінің негізін салған С.Рахметова ойлау сөйлеуден әлде қайда кең екенін, бақылау, байқау және басқа да әрекеттер кезінде ойлау күрделене түсетінін және тілдің дамуының өзі ой дамуына жағдай жасайтынын көрсетті. Ғалымның пікірінен, баланың меңгерген жаңа сөздері шындықтағы мәнді білдіруге тиіс. Мұның өзі ойлау мен сөйлеуді қамтамасыз етеді [67,б. 92]. Алайда оқушыда жаңа сөздер туралы ұғым қалыптаспаса ол сөздер жай ғана дәні жоқ қауыз сияқты бала ойында меңгеріледі. Демек, мұнда тіл қызмет атқарады, ал ой қызметсіз қалады. Оқушының ойлауын дамытуда ұғым маңызды рөл атықарады. Әдіскер ғалым «ұғымда шындықтағы заттар мен құбылыстардың жалпы және негізгі белгілері бейнеленеді. Бұл белгілер ұғымда жалпыланады, сондықтан кез келген ұғым – жалпылай алудың нәтижесі» [67,б. 22], - деп анықтама бере отырып, бастауыш сынып оқушысы жалпылау арқылы құбылыстардың сыртқы ұқсастықтарына мән береді. Мысалы, «жаңбыр», «үй», «қалам» ұғымдарын түсіндіргенде «жаңбыр жауды», «үйге кел», «қаламды ал» деп заттың сыртқы белгілерін келтіріп, ішкі белгілеріне мән берілмейді. Олай болса, заттың ішкі белгілерін анықтауда оқушылардың ойлауын дамыту қажеттілігі туындайды.

А.Жапбаров қазақ тілін оқыту үдерісінде мектеп оқушыларының ойлау және сөйлеу дағдыларын қалыптастыру әдістемесін арнайы ғылыми зерттеу деңгейінде қарастырды. Ғалым оқушылардың ауызша және жазбаша сөйлеу дағдыларын, қазақ тілін пәнаралық байланыста оқыту арқылы оқушылардың тілін дамытудың ғылыми әдістемелік негіздерін, қазақ тілін дамыта оқытудың логикалық амал-тәсілдерін зерттеді [68,б. 89].

Г.И.Уәйісованың зерттеуінде: «сөз мағыналарының сырлары, оларды мағыналық реңктеріне сәйкес талғап қолдану шеберлігін адам бірте-бірте меңгереді. Сондықтан оқушыларға өз беттерімен іздену дағдысын қалыптастырудың маңызы зор. Оқушыларды сөздіктермен жұмыс істей білуге ерте бастан баулу – оларға лексикалық ұғымдар мен дағдыларды жақсы меңгертудің кепілі болып табылады, - деп көрсетті [69,б. 191]. Ғалымның пікірінен, лексикалық дағдылар мен ұғымдарды қалыптастыруда оқушылардың сөздік қорын байыту, көп мағыналы сөздер туралы хабар беру, тұрақты тіркестердің дұрыс қолдану сияқты бағыттарын көруге болады. Біз ғалымның құнды пікірін оқушылардың сөйлеу дағдыларын қалыптастыруда басшылыққа алу қажет деп санаймыз.

А.Е.Жұмабаева қазақ тілі сабақтарында синтаксис материалдарын оқыту барысында бастауыш сынып оқушыларының логикалық ойлауын дамыту

жолдарын анықтап, оны жүйелі түрде қарастырып, логикалық ойлау операцияларын қалыптастыру жолдарын төмендегідей:

- 1) заттардың, сөздердің қасиеттерін сипаттау;
- 2) берілген қасиеттерге сай заттарды тану;
- 3) заттардың, сөздердің ұқсас және өзгеше қасиеттерін анықтау;
- 4) заттардың мәнді қасиеттерін белгілеу;
- 5) заттарды, сөздерді өзара салыстыра білуге үйрету;
- 6) заттарды, сөздерді топтау;
- 7) оқиғаның тізбектілігін анықтау;
- 8) қарама-қарсы құбылыстар жайлы пайымдау;
- 9) әр түрлі ұғымдарға анықтама беру», - деп тізбектеді. Бұл пікір бойынша,

логикалық амал-тәсілдерді қолдану бастауыш сынып оқушыларының теориялық ойлауын дамытуға негіз болатыны сөзсіз [70,б. 160]. Бастауыш сынып оқушысы 1-сыныпта сөйлеммен танысу үстінде логикалық амал-тәсілдерді (талдау, жинақтау, салыстыру, жалпылау, нақтылау) қолданса; 2-сыныпта мәтіндегі сөйлемдерді талдап, білімін тәжірибеде қолданады; 3-сыныпта өз пікірінің дұрыстығын дәлелдей алады; 4-сыныпта «тұжырымға сүйен», «пайымда», «ұғымдар байланысын анықта» сияқты сөздер пайдаланады. Яғни, бастауыш сынып оқушыларының ойлау дағдысын дамыту ерте кезден бастау алғаны жөн деп санаймыз.

Ғалым Ұ.Молдабек ойлау мен сөйлеудің бірлігін былай түйіндейді: «Баланың ой-әрекетімен ашылған заңдылық, байланыс, тілдік қатынастар тілдің сөздік және грамматикалық формаларында өмір сүреді. Ол танымның жоғары сапасы ретінде де, үдеріс ретінде де ойлау мен сөйлеудің бірлігінен туындайды. Осы бірліктің, тұтастықтың нәтижесінде жүзеге асатын тіл дамыту, ой дамыту болып табылады. Ой дамыту сөйлеу әрекетін туғызады, нәтижесінде тілдік қатысым жүзеге асады» - деген қорытынды жасаған [71,б. 265]. Ғалымның бұл қорытындысынан біз, оқушылардың сөйлеу мен ойлау қабілеттерін арттырып, қоршаған ортаны тану тілдік қатысым арқылы іске асырылатынын айта кеткеніміз жөн. Тілдік қатысым барысында оқушының ойлау әрекеті талдау, жинақтау, нақтылау арқылы жүзеге асады. Бастауыш сынып оқушыларына тілдік қатынасты меңгертуде ойлаудың амал-тәсілдерін ескеру керек. Бұл амал-тәсілдер арқылы игерілген білім ой қорытынды жасауға негіз болатыны сөзсіз. Ғалым бұған қоса есімді сөз тіркестері мен етістікті сөз тіркестерін оқытуда пәнаралық байланыстың ролін және математика, дүниетану пәндерін қазақ тілі пәндерімен байланыста оқытудың тиімділігін көрсетті.

Ғалым Н.М.Сламбекова «шағын комплектілі бастауыш сыныпта жазбаша шығармашылыққа негізделген тіл дамыту – оқушыларды шығармашылыққа әрекетке ынталандыра отырып, қиялына, сезіміне ерік бере отырып, өз туындысын түрлі сипаттағы мәтіндерді түзу заңдылықтары туралы жүйелі әрі қарапайым теориялық, іс жүзілік тұрғыда алған білімі мен мәнді мағыналық, грамматикалық, композициялық және стильдік жағынан дұрыс құрастыра білу біліктілігіне сүйену арқасында жарыққа шығара білуге үйрету», - дей келе [72,б. 70], тіл дамыту жұмысына ертегі құрастыру, өлең-жаңылтпаш шығару, жұмбақ құрастыру, диафильм жасау сияқты шығармашылық жұмыстарды

жатқызды. Бұл шығармашылық жұмыстар оқушының ойы мен тілін дамытуда, өз пікірін толық, тиянақты, жүйелі жеткізуде маңыздылығы басым деп санаймыз.

М.Ә.Ермекбаев «Бастауыш мектеп оқушыларының қазақша сөздік қорын молайту әдістемесі» атты кандидаттық диссертациясында: «бастауыш мектеп оқушыларының сөздік қорын байыту жұмыстарын жүргізген кезде ең алдымен оған қанша сөз беру, қандай сөз беру керектігін ескеру керек. Бастауыш мектеп оқушыларының сөздік қорын байыту жұмыстарына лексикалық минимум беру арқылы оқушылардың жаңа сөздерді игеру, сирек қолданылған сөздерді меңгеру жұмыстарын мақсатты, жоспарлы жүргізуге болады. Бұл үшін бастауыш мектеп оқушыларының сөз байлығын жетілдіруге ықпалы бар лексикалық тұлғаларды сабақ барысында жете түсіндіріп отыру қажет. Оқулық мәтініндегі сирек қолданылған сөздерді жеке-дара ұғындырмай, оны өтілген тақырыппен, сөз тіркесімен және сөйлеммен байланыстыру қажет», - деп түсіндіреді [73,б. 47]. Бұдан шығатын қорытынды оқушының ойы мен тілін дамытуда оқушылар сөздердің мағынасын түсініп, оны дұрыс қолдана білу қажет, ал оны сөздік қорын молайту аясында іске асырылатынын айта кеткеніміз жөн. Сөздік қоры дамыған оқушы өз ойын еркін түрде жеткізеді. Сонымен, автор: «сөздік қорды молайту дегеніміз – оқушылардың өздерінің сөздік қорындағы сөздердің мағыналарын түсініп, оны дұрыс қолдану қабілеттеріне ие болу, белсенді пайдалануы», - деп анықтама береді [73,б. 154].

Н.Ж.Құрманова сөз тіркесін дамыта оқыту арқылы оқушылардың логикалық ойлауын дамытатын жаттығуларды: «теориялық ұғым қалыптастыру дағдыларын дамыту жаттығулары, ғылыми байымдау жасауға машықтандыратын жаттығулар, ой қорытулар жасау машық-дағдыларын дамыту жаттығулары, логикалық символдармен жұмыс жасауға дағдыландыру жаттығулары» деп бөліп қарастырды [74,б. 283]. Автор сөз тіркесі синтаксисін дамыта оқытуда логикалық операцияларға негізделген жаттығулар жүйесін ұсынды. Зерттеуді талдау барысында теориялық анықтамаларды, ережелерді, теоремаларды дәлелдеуге үйрету тек математика, физика, химия пәндеріне ғана тән сияқты, бірақ логикалық әдістерді қазақ тілі пәнінде де қолдануға болатынына көз жеткіздік. Мысалы, балалық аңқаулық – бала аңқаулығы сөз тіркестерінің жұмсалуын қарастырған М.Серғалиевтің ізімен оқушыларға тапсырма берілді. Оқушыларға ұғымның жалпы және жеке қасиеті туралы түсінік беріп, талдау жасау ұсынылды. Нәтижесінде оқушылар балалық аңқаулық – жалпы ұғым, ал бала аңқаулығы - жеке ұғым болуы мүмкін деген болжам жасап, оны сөйлемге салып тәжірибе арқылы ойларын дәлелдеді [74,б. 240].

Р.О.Ізғұттынова «Мектептің бастауыш сатысында қазақ халық ауыз әдебиеті үлгілерін оқыту әдістемесі» атты кандидаттық диссертациясында: «Баланың ойын өсіріп, ақыл-парасатын, дүниетанымын баулуда ауыз әдебиеті үлгілері кешенді тәрбиенің таптырмас құралы. Мәселен, ойын өлеңдері арқылы балғын жастың денесі мен ойын қатар өсіру көзделсе, төрт түлік малмен байланысты өлеңдер оларды еңбекке тәрбиелеуді мақсат етті. Жұмбақтар баланың ақыл-ойын өсіріп, тапқырлыққа тәрбиелесе, ертегілер мен аңыз

әңгімелер олардың ой-қиялын қарыштатып, сана-сезімін дамытып, адамгершілік қасиеттерді бойына сіңірудің құралы болды» - деп қорытындылайды [75,б. 37]. Р.О.Ізғұттынованың пікіріне қосыла отырып, тақырыбымызға орай қазақ халық ауыз әдебиеті үлгілері бастауыш сынып оқушыларының ойлауы мен тілін дамытуға негіз болады деп есептейміз.

С.Жораева «Кіші жастағы оқушылардың ауызша сөйлеу дағдысын қалыптастыру» атты кандидаттық диссертациясы бойынша оқушылардың сөйлеу дағдыларын қалыптастырудағы ойлары мазмұны жағынан жақын келеді. Ғалымның пайымдауынан, «бастауыш мектеп оқушыларының ауызша сөйлеу дағдыларын қалыптастыру деп – оқушылардың ауызша және жазбаша тілдік қатынаста өз ойын анық, тілдік нормаларға сай толық, дәлелді және тіл тазалығын сақтай сөйлеуін айтамыз» деп анықтама береді [76,б. 60]. Ғалым кіші жастағы оқушылардың ауызша сөйлеу дағдыларын қалыптастыруда мынадай дағдыларды: оқушы айтатын ойын толық және жинақы жеткізу дағдысы+тілдің таза болу дағдысы+тілдік қатысымда орфоэпиялық заңдылықтарды сақтауын қалыптастыру дағдысы+оқушы сөзінің әсерлігінің болу дағдысы+өз ойын, пікірін жан-жақты дәлелдеу дағдылары деп атап өтті. Бұл әрине бастауыш сынып оқушыларының сөйлеу дағдыларын қалыптастыруға әкеледі.

Мәтін арқылы бастауыш сынып оқушыларын жазбаша байланыстырып сөйлеуге үйрету әдістемесін қарастырған ғалым Р.Ж.Базарбекованың еңбегінде: «Мәтін – жазбаша байланыстырып сөйлеуге үйретудің негізі. Мәтін лингвистикалық бірлік ретінде сөйлемдердің мағына жағынан жүйелі байланысынан тұрады. Бастауыш сынып оқушыларын жазбаша байланыстырып сөйлеуге үйретуде мәтінге тән байланыстылық, жүйелілік, аяқталғандық, бөлікке жіктеушілік сияқты белгілерін оқыту қарастырылды» [77,б. 126]. Бұдан шығатын қорытынды, «*мәтін құру*» + «*мәтінді талдау*» + «*мәтінді салыстыру*» + «*оны өңдеу*» + «*қайта жөндеу*» + «*өз ойынан мәтін құрастыру*» сияқты тапсырмалар бастауыш сынып оқушыларының ойлау мен сөйлеу дағдыларын дамытады. Сондай-ақ, автордың ұсынған танымдық, түзетуші және рефлексиялық жаттығулар біздің жұмысымыз үшін маңызы болмақ.


Р.С.Рахметова болашақ маман даярлауда қазақ тілі синтаксисін оқытуды екі бағытта: «біріншісі, қатысымдық тұрғыдан оқыту – оны басқа ғылым салалаларымен байланыста игеруге, қатысымдық бірліктердің мәнін айқындауға, алған білімдерін сөйлесім әрекеті арқылы іске асыруға мүмкіндік береді; екіншісі, танымдық тұрғыдан оқыту – студентті қоршаған ортаны, қоғамдық құбылыстар мен жаратылысты танып білуге жетелейді», - деп қарастырды [78,б. 297]. Автордың зерттеуінен біздің тұжырым, бастауыш сынып оқушысының ойы мен тілін дамытуда қатысымдық және танымдық тұрғыдан оқытуға болатындығында.

Қ.А.Рауандина кандидаттық диссертациясында: «сөйлесім әрекеті – белсенді, мақсатты түрде, тікелей тілдік жүйемен және қарым-қатынас жағдаятында негізделген хабарды беру және қабылдау, шығармашылық және рецепция үдерісі», ал «сөйлеу біліктері дегеніміз – қарым-қатынас үдерісінде

сөйлесім әрекетін орындай алу қабілеті», - деп анықтама береді [79,б. 44]. Автордың бұл анықтамасынан біз, бастауыш сынып оқушыларының сөйлеу дағдыларының қалыптасуы да сөйлеу біліктерінің қалыптасуымен тығыз байланыста екенін аңғардық.

Бірқатар зерттеулер көрсетіп отырғандай: *ойлау* - заттар мен құбылыстар арасындағы ішкі байланыстарды талдауды, жинақтауды, салыстыруды білу және бұрын жинақталған білім мен жаңадан алынған ақпаратты жалпылауды меңгеру әрекеті; ал, *сөйлеу* – тіл арқылы адамдар арасындағы қарым-қатынасты және ойлауды жүзеге асыру әрекеті.

Осы жасалынған талдауларға сүйене отырып, біздің тарапымыздан «*бастауыш сынып оқушыларының ойлау мен сөйлеу дағдыларын қалыптастыру – тілдік қатысым барысында талдау, жинақтау, салыстыру арқылы өз ойын анық, дұрыс және түсінікті жеткізуде тілдік дағдыларды меңгерту үдерісі*» деген анықтама береміз. Анықтаманың графикалық бейнесі төмендегі суретте беріледі (сурет 10).



Сурет 10 – Бастауыш сынып оқушыларының ойлау мен сөйлеу дағдыларын қалыптастырудың ішкі компоненттері

Суретте көріп отырғанымыздай, ойлау мен сөйлеу дағдыларын қалыптастыру ең алдымен тілдік қатысымның жүзеге асуы барысында талдау, жинақтау, салыстыру әдістерін білім беру үдерісінде қолдана білу біліктері, соның негізінде өз ойын анық, дұрыс және түсінікті жеткізіп, тілдік дағдылардың артуын қамтитын үдеріс.

Қорыта айтқанда, ғылыми еңбектерге жасалған талдау нәтижесінде, біз «пәнаралық байланыс», «ойлау мен сөйлеу дағдылары» ұғымдарының мәні мен құрылымын анықтауда келесі қорытынды жасадық:

- бастауыш білім беру пәндерін пәнаралық байланыста оқыту тиімді, өйткені әр пәннің ұғымдарының заңдылықтарын, қатысымдық бойынша икемділік пен дағдының қалыптасу жолдарын білмейінше оқушылардың ойлау мен сөйлеу дағдыларын қалыптастыру дұрыс нәтижеге жете алмайды. Сондықтан оқушы пән ғылымын оқытудың психологиялық негізінің бірі ретінде тілді қабылдау, сезіну, дамыту деген ұғымдарды меңгеруі қажет. Сол арқылы ол оқытудың маңызын, жүйесін, ерекшелігін игереді.

- бастауыш білім беру үдерісінде оқушының ойлау мен сөйлеу дағдыларын қалыптастыруға көңіл бөлінді. Тілдік дағдыларды орынды қолдану және талдау, жинақтау, салыстыру әдістерін жүйелей отырып, өз ойын сауатты жеткізуге, көпшілік алдында еркін сөйлеуге, диалог құруға және т.б қатысымдық дағдыларға мән берілді. Себебі осы бағыттағы білім беру мақсаты - оқушылардың ойлау мен сөйлеу дағдыларын қалыптастыруға деген танымдық қызығушылығы артатыны сөзсіз.

2 ПӘНАРАЛЫҚ БАЙЛАНЫСТА БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ОЙЛАУ МЕН СӨЙЛЕУ ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫ МОДЕЛЬДЕУ

2.1 Пәнаралық байланыста ойлау мен сөйлеу дағдыларын жаңартылған білім мазмұнында жүзеге асырудың мүмкіндіктері

Жалпы орта білімнің мақсаты әрбір адамның тұлғасын әржақты дамытуға ірге тасты қалаумен байланысты болады.

Ғылыми білімдердің қарқынды дамуы кезеңінде ғылым мазмұнын жетілдіруде, оларды философиялық және әдістемелік жалпыламалауда ерекше мәнді, бүгінгі күнгі мектеп оқушысы тұлғасының шығармашылық әлеуетін дамытуға бағытталған, өздерінің білімдерін өздігінше толтыру шеберлігі мен саяси ғылыми және техникалық мәліметтердің жылдам ағымында бағыт табуға мүмкіндік беретін құрылымдар алады [118,р. 1212]

Ал, ол құрылымдар «оқыту пәні» деп аталып, білім беру бағдарламалары, оқулықтар, оқу құралдары бойынша оқыту үдерісі ұйымдастырылады. Ол пәндерде жеке-жеке білім берілгенімен негізгі нәтижесі оқушының ойлау, сөйлеуін қалыптастыру болып табылады. Ол – пәнаралық байланыста оқыту деген мақсат.

Оқыту әрекетінің негізі ойлау мен сөйлеу әрекеті. Сондықтан біз пәнаралық мәселесін алдымен сөйлеу әрекетіне орай қарастырайық.


Сөйлеу әрекеті тілдік құралдарды қолдана білу негізінде жасалатыны белгілі. Ал сөйлеу нәтижесі – мәтін. Сондықтан мәтін түрлері көп. Бірақ осы мәтін түрлері бойынша оқушыларға білім, білік, дағды беру әдістемесі пәнаралық негізде қарастырылады. Оның бірнеше себептері бар:

а) тіл ортақ. Жазылғанды оқу немесе тыңдау арқылы бала сол мәтіндегі ой-пікірді түсініп қабылдайды. Бірақ бұл мәтіндердегі ой-пікір әр ғылым саласы бойынша берілген. Мәселен, терминдер 4-сыныпта математика, қазақ тілі, дүниетану, жаратылыстану және т.б. пәндер бойынша беріледі. Егер оқушылардың сөздік қорында бұл ғылым салаларындағы терминдер туралы түсінігі болмаса, онда сол пәндік мәтін мазмұны қабылданбайды.

ә) адамның сөйлеу әрекеті оның танымына, түсінігіне, ойлау дәрежесі мен сөздік қорына байланысты. Ал әр түрлі ғылым саласы өзіндік ұғым, пайым, ойлау амалдары арқылы білім, білік, дағдысын тіл арқылы жеткізеді. Егер оқушының әр ғылым саласындағы термин сөздер бойынша түсініп, пайымдау т.б. амалдары төмен болса, ғылымды меңгермейді, ол бойынша өз тұжырым түсінігін жеткізе де алмайды. Сондықтан оқушылар ең алдымен, оқулықтағы мәтіндерді түсініп қабылдау және қабылдағанын есте сақтау амалына жаттықтырылады. Бұл пәнаралық байланыс негізінде іске асырылмақ [129].

Пәндерді оқыту сабақтарында тек лингвистикалық білім, білікті меңгертіп қана қоймай, оқушының танымын, ойлауын да дамытып, сөйлеу әрекетін жетілдіру қажет. Сондықтан біз оқушының ойлау және сөйлеу тілін оқытуды ескеріп, ол туралы білім, білік, дағдыларын пәнаралық байланыста оқытуды қарастырдық.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығына сәйкес бекітілген «Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында» бастауыш білім берудің мазмұны оқыту нәтижелеріне бағдарланады және төмендегідей аспектілерді ескере отырып айқындайды (сурет 11).



Сурет 11 - Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты бойынша бастауыш білім берудің мазмұнын оқытудағы аспектілер тізімі

Жоғарыда аталып өткен кең ауқымды аспектілер бастауыш білім беру пәндерінің мазмұны пәнаралық және пәнішілік байланыстар негізінде қарастырылғанын көрсетеді [2]. Оқу пәндері мазмұнының *ықпалдасуы* әр түрлі білім саласы бойынша оқытылатын білімді бір жүйеге *біріктіруге*, түсініктер мен тақырыптар аясын *топтастыруға*, оқытуды ұйымдастырудағы *ортақ тақырыптардың* құрылуына алып келеді. Сондықтан қазіргі таңдағы жаңартылған білім беру бағдарламасы бастауыш білім беру пәндерін пәнаралық байланыста жүзеге асыру және *пәнаралық байланыстағы білімдердің ықпалдасуын* талап етеді.

Атап айтсақ:

- пәнаралық байланыс негізінде педагогикалық үдерісті ұйымдастыруға берілетін білімдер жиынтығы пәннің артықшылығы негізінде құрылған;
- білімді ықпалдастыру арқылы пәнаралық байланысты жүзеге асыруда әр түрлі білім беретін пәндердің бір-бірімен тең дәрежеде жүруі және оқу материалдарының мазмұны жағынан қамту мәселесі қамтылған;
- берілетін білім жағынан бір-біріне жақын туыс келетін пәндерді қамту қарастырылған және олардың біреуі өзіндік ерекшелігі жөнінен жетекші орынға ие болып, ал екіншісі оған көмекші ретінде кірістіріп оқыту орын алған;
- пәндердің оқу материалдарының мазмұнында бір-бірінен алшақ білімдерді ықпалдастыруда, яғни пәнаралық байланысты жүзеге асыру мақсатын көздегені анық білінеді;
- бастауыштағы білім берудің пәнаралық тәртібін олардың мазмұндық

ерекшелігіне сай жүргізу көзделген;

– пәнаралық байланыс негізінде білімдерді ықпалдастыру бағытымен танымдық тапсырмаларды орындау, шешімін табу басшылыққа алынған [60,б. 75-76].

Олай болса, жаңартылған білім беру бағдарламасының бір ерекшелігі - «ортақ тақырыптар» негізінде пәнаралық байланыстарды барынша тиімді ұйымдастыруға бағытталғандығында.

Ортақ тақырыптар - пәндер, бөлімдер, тақыптарды кіріктіру және пәндер арасындағы байланысты орнатудың құралы болып табылады. Олар барлық пәндердің мазмұнымен, ұзақ мерзімді және орта мерзімді жоспарлау жүйесімен байланысқан. Сондықтан, мұғалім қысқа мерзімді жоспар дайындауда ортақ тақырыптар жүйесін сақтау және тапсырмаларды құрастыру мен оқушылардың сабақтағы қызметін ұйымдастыруда оларды ескеруі тиіс. Мұғалім әрбір ортақ тақырып үшін сағат санын білім алушылардың дайындық ерекшелігіне байланысты өзі өзгертеді [130].

Бастауыш сыныпқа арналған ортақ тақырыптарды төменде ұсынамыз (кесте 4).

Кесте 4 - Бастауыш сыныпқа арналған ортақ тақырыптар

1 – сынып	2 – сынып	3 – сынып	4 – сынып
Өзім туралы	Өзім туралы	Тірі табиғат	Менің Отаным Қазақстан
Менің мектебім	Менің отбасым және менің достарым	Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен	Адами құндылықтар
Менің отбасым және достарым	Менің мектебім	Уақыт	Мәдени мұра
Бізді қоршаған әлем	Менің туған өлкем	Сәулет	Мамандықтар әлемі
Саяхат	Дені саудың - жаны сау	Өнер	Табиғи құбылыстар
Салт-дәстүр және ауыз әдебиеті	Салт- дәстүр және ауыз әдебиеті	Атақта тұлғалар	Қоршаған ортаны қорғау
Тағам және сусын	Қоршаған орта	Су-тіршілік көзі	Ғарышқа саяхат
Дені саудың – жаны сау	Саяхат	Демалыс мәдениеті. Мерекелер	Болашаққа саяхат

«Ортақ тақырыптар» пәнаралық мазмұнды анықтауға және оқушылардың сөйлеу дағдыларын қалыптастыру үшін сөз, сөз тіркесін, мәтіндерді және әр түрлі стильде, жанрда қолдануға мүмкіндік береді. Олай болса, мәтінді дайындау мен таңдауда ортақ тақырыптардың байланысына ерекше мән берілуі тиіс. Ортақ тақырыптар бойынша жұмыс жеке оқу қызметін ұйымдастыруды қажет етпейді, керісінше, пән бойынша және тәрбиелік міндеттерге қол жеткізу үшін оқыту мүмкіндігін кеңейтуге мүмкіндік береді.

Жоғарыда аталып өткен ортақ тақырыптар пәнаралық байланысты орнатуға мүмкіндік беретінін байқауға болады. Алайда, өткен бөлімдерде атап өткеніміздей, *пәнаралық байланыс арқылы оқыту* - сөйлеу процесін оңтайландырудың, оқушылардың вербальды қабілеттерін дамытудың маңызды

факторы, өйткені қоршаған шындық туралы барлық білімнің жиынтығы қатысымдық қарым-қатынастың негізінде пәндік білімдерді меңгерту болып табылады. Пәндерді пәнаралық байланыста оқытуда пәндік білімді беріп қоймайды, танымдық тапсырмаларды орындау, шешімін табу сияқты танымдық біліктер мен дағдыларды меңгертеді. Оларға мыналар жатады:

- ақпараттық әрекеттер, сондай-ақ ақпаратты қайта өңдеу дағдылары (мағыналы оқу, мәтінмен жұмыс);

- ақпаратты әр түрлі тұрғыдан сыни бағалау және түсіндіру, ақпараттық дереккөздердегі қайшылықтарды тану және белгілеу;

- логикалық амал-тәсілдерді қолдану дағдылары (талдау, жинақтау, салыстыру, интропретация және т.б.);

- ғылыми ұғымдармен іс-әрекеттер және дәлелдемелерді жалпы қабылдауды игеру.

Пәнаралық байланыста оқытудың бір артықшылығы – оқушылардың жеке тұлғасының дамуын, диалектикалық ойлау тәсілін қалыптастырады.

Жаңартылған білім мазмұны аясындағы оқулықтағы тапсырмалар пәнаралық байланыста оқытуда үлкен маңызға ие. Шынында да, осы тапсырмаларды орындау кезінде оқушылардың қоршаған орта туралы тұтас бейнесі қалыптасады. Біз пәнаралық байланыстарды жалпы педагогикалық тұрғыдан кешендік қатынастық оқытуға және тәрбиелеуге деген құралы ретінде қарастырамыз. Пәнаралық байланыстарды дидактикалық зерттеу оқыту үдерісінің бүтіндік идеялары, ішкі байланыстарды және оның әрбір деңгейіне қатысты тәуелділікті ең алдымен оқытудың барлық білім беру, тәрбиелеу және дамыту қызметін есепке алып, ішкі байланыстарды және тәуелділікті ашу негізінде мүмкін болады. Алайда, осы тұста *«Пәнаралық байланыста ойлау мен сөйлеу дағдыларын жаңартылған білім мазмұнында жүзеге асырудың мүмкіндіктері қандай?»* деген сұрақтың қойылуы заңды. Осы сұрақтың жауабын анықтау мақсатында бастауыш сынып оқушыларына арналған Ә.Е.Жұмабаева, Г.И.Уайсова, Г.Т.Сәдуақастың авторық бірлестігіндегі «Қазақ тілі» оқулығына [131], З.Мүфтибекова, Ә.Рұсқылбекованың авторлық бірлестігіндегі «Әдебиеттік оқу» оқулығына [132], Ә.Б.Ақпаева, Л.А.Лебедева, М.Ж.Мыңжасарованың авторлық бірлестігіндегі «Математика» оқулығына [133], Б.Тұрмашева, С.Салиш, В.Пугач авторлық бірлестігіндегі «Дүниетану» оқулығына [134], П.К.Бигазина, А.Ж.Жаманкулова, Э.А.Кажекенова, Г.А.Тураканова, М.К.Хонтайдың «Жаратылыстану» [135], Ш.Құлманова, Б.Сүлейменова, Тоқжановтың «Музыка» [136], Р.О.Ізғұттынова, Ә.Қ.Оралбекова, Қ.Ж.Тәттімбетованың «Өзін-өзі тану» оқулықтарына талдау жасадық [137].

Мәселен, 4-сыныпқа арналған Қазақ тілі оқулығында (1,2 бөлім) тілдік білім мен сөйлеу негізге алынған. Оқулық мазмұнының жүйелілігі, сабақтастығы, логикалық бірізділігі, пәнаралық және пәнішілік байланыстар сақталған. Пәнді оқытуда айтылым, тыңдалым, оқылым, жазылым дағдыларын дамыту арқылы тіл туралы бастапқы білімдерді меңгертуге және оны күнделікті өмірде қолдануға мүмкіндік жасау көзделген. Сөйлеу әрекетін дамытуда сөз, сөйлем, мәтін сияқты сөйлеу бірліктері мен сөз құрамы, сөз таптары, сөйлем

мүшелері сияқты грамматикалық категориялар берілген. Сондай-ақ, ойлау дағдыларын қалыптастыратын ақпараттарды салыстыру, өз бетінше талдау, ой-қорытындысын жасай алуға бағытталған тапсырмалар бар екенін аңғардық. Оқулықтағы пәнаралық түсінік, ұғымдарды меңгеруде өзіндік ой-қорытынды жасауға мүмкіндік беретін тапсырмалардың болуы пәнаралық байланыстың көрініс тапқанын көрсетеді. Оқулық мазмұнында оқушылардың тілдік сауаттылығын қалыптастыруға арналған тілдік дағды түрлері: *диалогтік сөйлеу, көпшілік алдында сөйлеу, топтық қарым-қатынасқа түсу, жазбаша қарым-қатынасқа түсуге* бағытталған тапсырмалар мен сөйлеу материалдары берілген [131].

Диалогтік сөйлеуге бағытталған оқулықтағы тапсырмалар:

Сұрақ-жауап, пікір алмасу түріндегі диалог, бірлескен әрекетке шақыру түріндегі диалог: №1 сабақ: Тіл және сөйлеу, 4-жаттығу, 6б.; №4 сабақ: Сөйлеу мәдениеті, 15-жаттығу, 11б., 22-жаттығу, 15б.; №7 сабақ: Фонетика әлеміне саяхат, 31-жаттығу, 21б., №26 сабақ: Жай сөйлем мен құрмалас сөйлем, 55-жаттығу, 61б.; №51 сабақ: Тұрақты сөз тіркестері, 15-жаттығу, 107б.; №53 сабақ: Біріккен сөздер, 28-жаттығу, 112б.; №57 сабақ: Қос сөздер, 50-51 жаттығу, 122б.

Мысалы, 4-жаттығудағы тапсырманың шарты бойынша диалогты парталасыңмен жалғастырып, диалогке түсуде сөйлеудің қай түрі жүзеге асатынын түсіндіреді.

- Қазақстанның мемлекеттік тілі қай тіл?
- Мемлекеттік тіл - қазақ тілі.
- Сен қай тілде сөйлейсің?
- Мен қазақ тілінде сөйлеймін.

1) Көпшілік алдында сөйлеуге бағытталған оқулықтағы тапсырмалар:

Берілген тақырыпқа хабарлама жасау: №1 сабақ: Тіл және сөйлеу, 5-жаттығу, 6б.; №20 сабақ: Мәтіннің түрлері, 27-жаттығу, 48б.; №59 сабақ: Сөйлеу мәдениеті, 60-жаттығу, 127б., Мысалы, 5-жаттығудағы тапсырмасы бойынша оқушылар «Қазақ тілі - ана тілім» тақырыбында көпшілік алдында сөйлеуге дайындалады. Ол үшін:

1. Жоспар құр.
2. Не сөйлейтініңді құрған жоспарыңа сәйкес ретте.
3. Сөйлейтін сөзіңді түсінікті, мәнерлі жеткізуге тырыс.
4. Сөйлегенде қанатты сөздер мен мақал-мәтелдерді қолдануды ұмытпа.

Осы тапсырма арқылы оқушының сөйлеу дағдысы қалыптасады.

3) Жазбаша қарым-қатынасқа түсуге бағытталған тапсырмалар:

Мақала, хабарлама жазуға: 42-сабақ: Мақала жаза аламын, 48,50-жаттығу, 92-93б.; 43-сабақ. Мақала жаза аламын. 52-жаттығу, 94б.; 61-сабақ: Нәтиже сабақ, 5-жаттығу, 132б.; №59 сабақ: Сөйлеу мәдениеті, 59-жаттығу, 127б.

Мысалы, 48-жаттығуда оқушы көп нүктенің орнын хабарлама шығатындай мәліметтермен толықтырып жазады.

5-жаттығу шарты бойынша оқушылар «Мамандық әлемі» тақырыбында кеш ұйымдастырмақшы. Кештің шақыру қағазын жазуға көмектес. Ол үшін

шақыру қағазын жазуға арналған төмендегі нұсқаулықты басшылыққа ал. Күрделі сөздерді қолдан.

- 1.Кімді шақыратыныңды қаратпа сөздер арқылы бер.
- 2.Шақырудың себебін немесе мақсатын жаз.
- 3.Өтетін орны мен уақытын жаз.
- 4.Шақырушыны көрсет.

4) Топтық қарым-қатынасқа түсуге бағытталған тапсырмалар: 1-бөлім: 13-сабақ. 5-жаттығу, 32б.; 29-сабақ. 3-жаттығу, 70б.;

Сондай-ақ, ойлауды дамытатын, ақпаратты өз бетінше талдауға, салыстыруға, бағалауға және өз бетінше ой қорытынды жасай алуға, пікірді дәлелдей білуге, мәселені шешудің балама жолдарын іздестіруге арналған тапсырмалар оқулықта кездеседі. Мысалы, бағандағы сөздерді салыстыр; сөйлемдерді оқып, өзара салыстыр; екі бөлікті салыстыр, қай бөлік мәтін? мәтін стилін анықта, қайсысы ғылыми мәтін? қайсысы көркем мәтін? және т.б. (1-бөлім. 8-сабақ. 35-жаттығу; 15-сабақ. 1-жаттығу; 26-сабақ. 54-жаттығу; 34-сабақ. 7-жаттығу; 43-сабақ. 51-жаттығу; 52-сабақ. 20-жаттығу) тапсырмалар көрсетілген.

4-сынып «Қазақ тілі» сабағында ойлау мен сөйлеу дағдыларын қалыптастыру мақсатымен әдебиеттік оқу, дүниетану, жаратылыстану, математика пәндерімен байланыстыра жүргізудің тиімді мүмкіншіліктері бар. 4-сыныпқа арналған «Қазақ тілі» оқулығында (1,2 бөлім) пәнаралық және пәнішілік байланыстар жүзеге асады: *әдебиеттік оқу пәнімен* – ақын-жазушылардың өмірбаянымен танысу, суреттерін көрсету, автор туралы мәлімет беру, тәрбиелік мәні бар көркем шығармаларды және жас ерекшелігін ескере отырып халық ауыз әдебиеттерін пайдалану; *дүниетану пәнімен* – қоршаған орта туралы заттар мен құбылыстардың атауларын таныстыруда, олар жайында түсінік беру, мәтінді түсіндіруде жер, су, қорық және т.б. туралы түсініктерін кеңейту, табиғат құбылыстары мен туған жердің табиғатын таныстыру; *математика пәнімен* – жұмбақ есептерді шешуде, сөздің мағынасын түсіндіру барысында өлшемдік ұғымдарды пайдалануда, заттың пішіні мен көлемін салыстыруда жүзеге асады.

Келесі талдауды 4-сыныпқа арналаған «Әдебиеттік оқу» (1,2 бөлім) оқулығының мазмұндық құрылымын қарастырсақ ғылымның әдеби-теориялық ұғымдары, ғылыми танымдық шығармалары оқушыға ұсынылып, шығармашылық, танымдық, практикалық тапсырмалар ретінде көрініс тауып, шығарманың жалаң оқылмауына көңіл бөлінген. Базалық мазмұнын құруда ауыз әдебиет үлгілері, ақын-жазушылардың шығармалары, олар туралы мәлімет, мәтінмен жұмыс, автор ретінде көзқарас білдіру, шығармашылық жұмыс, оқиғаны талдау, салыстыру, ақпаратпен жұмыс жасау, оқу дағдысын қалыптастыруға арналған тапсырмалар берілген. Пәнаралық байланысты жүзеге асыру үшін ортақ тақырыптардың мазмұны аясында оқу мақсатын жүзеге асыруда өзге де шығармаларды, мәтіндерді, танымдық тапсырмаларды қолдана алады. Сұрыпталған материалдар пәнаралық ортақ тақырыптарға сай құрылған және тұтастай білім алуға мүмкіндік береді. Мысалы, «Құндылықтар» бөлімінде топтастырылған шығармаларды оқи отырып, оқушылар ата-баба

тәрбиесі, адами асыл қасиеттерді, ұлттық құндылықтар туралы біледі, одан әрі құндылыққа негізделген мәтіндерді талдау арқылы осы бөлімнен алған білімін қорытындылайды. Оқулықтың әрбір ортақ тақырыбынан осындай бірізділікті байқауға болады. Сондай-ақ, оқулықтағы тапсырмалар қазақ тілі, дүниетану, музыка пәндерімен тығыз байланыста құрастырылған. Мысалы, 1-бөлім, 6-сабақ: Туған жердің таулары, 1,3-тапсырмаларды орындауда қазақ тілі және дүниетанумен оқытудағы байланысы бойынша талдайық. Көркем әдебиет тіл арқылы жасалады. Тапсырмада ойшыл ақын кез-келген таудың өзіндік тарихы, басынан өткен оқиғасы бар екенін меңзеп отыр. Өйткені әрбір сөздің түп төркінін, мән-мағынасын, бейнелі ойын, қолданылар орнын терең түсінбейінше көркем шығарманың табиғатын тану мүмкін емес, демек әдебиет сабағын қазақ тілі, дүниетану пәнімен байланыстыра оқытудың үлкен мәні бар екендігі көрінеді. Сонымен қатар, музыка пәнінен өткен Н.Әлімқұловтың сөзіне жазылған Н.Тілендиевтің «Алатау» әнін тыңдатып, бес жолды өлең құрастыру тапсырылады. Осындай тапсырмаларды орындау барысында пәнаралық, пәнішілік байланыс орын алады. Тақырыпты меңгеруде қазақ тілі, дүниетану, музыка пәндерінен алған білімдерін ұсынылған тапсырмаларды шешуде қолдана алды. Оқушы әдебиеттік оқу пәнінің құрылымдық сипатының сабақтастық жүйесін және пәнаралық байланыстың жүйесін жақсы түсінсе, әдеби көркем шығармалардың идеялық мазмұны, ерекшеліктері туралы толық дерек алады. Және ондағы оқиғалар, ой-пікірлер, тарихи жағдайлардың өзара сабақтас, тәуелді екенін терең түсінеді [138].

Осы оқулықтағы оқушылардың сөйлеу мен ойлау дағдыларын қалыптастыруға арналған тапсырмалардың әлеуеті төмендегідей: 1-бөлім: Кел, сөйлейік! 2-сабақ. 1,8-тапсырма; Сөйлесейік 7-тапсырма, 120б.; сондай-ақ, салыстыруға арналған тапсырмалар: 13,17, 50, 52,89 пікір айтуға арналған тапсырмалар: 25,40, 47, 58, 65, 68, 73, 81, 107,110 беттер; дәлелдеуге арналған тапсырмалар 31,41,54,58,73,83,91,124 беттер; ойлауға арналған тапсырмалар 32,51,52,59, 61,69, 87, 96, 98,112, 116-беттерде кездеседі. Демек, ойлау мен сөйлеу дағдыларын қалыптастыруға арналған тапсырмаларға ерекше көңіл бөлінген. Тапсырмаларды орындауда пікір білдіру, ақпаратты салыстыру, өз-пікірін сенімді түрде дәлелдеу алу, өзінің көзқарасын негіздеуді, көпшілік алдында сөйлеу және т.б дағдыларды қалыптастырады.

4-сынып «Әдебиеттік оқу» пәнін оқыту барысында мынадай пәнаралық байланыстар жүзеге асады: *қазақ тілі пәнімен* – сөздік қорымен тіл байлығын арттыруда, грамматикалық тұрғыдан жүйелі және дұрыс сөйлеуге, сөйлеу мәдениетін қалыптастыру, өз ойынан мәтін құрастыру, мәтін түрлерін анықтау, мәтінді талдау, жазба жұмыс түрлерін орындау, жазба жұмыс түрлерін орындауда грамматикалық ережелерді қолдану және лексика-семантикалық білімдерді жетілдіру; *математика пәнімен* – математикалық ұғымдар мен есептеулер арқылы сөздік қорын арттыру; сандарды ойын кезінде, ауыз әдебиет шығармаларында қолдану, тілді математикалық терминдермен байыту; *дүниетану пәнімен* – адамның табиғат пен қоршаған дүниемен қарым-қатынасын, қоршаған дүниенің біртұтастығы, олардың арасындағы байланыс туралы білімдерін қолдануда, табиғатта, серуен кезіндегі алған білімдерін

жазба жұмыстарда қолдану; *музыка пәнімен* - Қазақстан және өзге шетел қайраткерлерінің музыка саласына қосқан шығармаларын тыңдауда, ақындардың өлеңдерінің ырғағын анықтауда, өлеңге сай әуендер ойлап табуда, шығармаларымен танысу, автордың көңіл-күйін, сезімін білдіруде, кейбір шығармалардың әуенімен айтуда, теңеулердің музыка тіліндегі үндестігін ұғыну; *бейнелеу өнері пәнімен* – суретшілердің шығармалары арқылы оқушылардың сөз байлығын және тіл байлығын арттыру, рухани жан дүниесін байыту, сурет бойында сезімдерін, ойын, пікірлерін білдіру, мәтіндегі оқиғаға сай сурет салғызу, шығарма мен мазмұндама жазуда халық шеберлерінің шығармаларын қолдануда жүзеге асады.

Келесі талдауды 4-сыныпқа арналаған «Математика» оқулығының (1,2,3,4 бөлім) мазмұнын пәнаралық және пәнішілік байланыстары арқылы қарастыратын болсақ, оқулықтағы есептердің мазмұны ортақ тақырыптардың негізінде, яғни, Қазақстанның қалалары, Қазақстанның әлемдегі орны жайында, адами құндылықтар, қазақтың белгілі тұлғалары, қазақтың мәдени мұралары жайлы есептер қарастырылған. Сондай-ақ, оқулықтағы есептер жаратылыстану, көркем еңбек, дүниетану пәндерімен тығыз байланыста құрастырылған. Солардың біріне тоқталайық, 1 бөлім, №10 сабақ: Кеңістік геометриялық фигуралар, ортақ тақырыпқа қатысты деректері бар есептер құрастырады, шешеді. Математика сабағында дүниетанымдық тақырыптағы тапсырмаларды шешу оқушылардың табиғатқа деген қызығушылығын арттырады, ынталы, ізденімпаз адамдарды тәрбиелейді. Мысал келтірейік: 1-тапсырма. Сен туған өлкенің табиғатына байланысты аңыздарды білетін боларсың. Мысалы, Бурабай туралы аңыз. Тау нені есіңе түсіреді? Қоршаған ортадан осы сияқты пішіндегі заттарды ата? (40бет, 1А тапсырма). Бұл тапсырманы орындауда оқушылар әдебиеттік оқу пәнінен өткен «Қазақстан таулары» өлеңінде аталған тауларды суреттеп, орындайды. 2-тапсырма. Айналаңнан шамамен көлемі осындай заттарды табуға тырыс (41бет, 3А тапсырма). Математика сабағында кеңістіктегі геометриялық фигуралармен танысу кезінде оқушылар таулармен фигураларды салыстырады. Табиғатта геометриялық денелердің маңыздылығы өте үлкен және мысалдар жаратылыстанудан, дүниетану пәндерінен беріледі. Жаратылыстану – ғылыми циклдің барлық пәндерін оқыту математикамен байланысты. Математика білім алушыларға күнделікті өмірде және адамның еңбек қызметінде қажетті, сондай-ақ аралас пәндерді (жаратылыстану, дүниетану, көркем еңбек және т.б.) үйрену үшін маңызды білім мен білік жүйесін береді [138,б. 175]

4-сынып «Математика» пәнін оқыту барысында мынадай пәнаралық байланыстар жүзеге асады: *қазақ тілі пәнімен* – математикалық мазмұны бар есептерді, тұжырымдарды, қорытындыларды құру кезінде қазақ тілінің ережелерін қолдану, оқулықпен жұмыс жасауда сөйлеу дағдыларын ескеру; *дүниетану пәнімен* – математикалық мазмұны бар тапсырмаларды орындауда қоршаған ортадағы құбылыстар туралы білімдерін қолдану; *бейнелеу өнері пәнімен* – қол бармақтарының ұсақ бұлшықеттерінің даму деңгейін ескеру, қағаз бетінде жазықтықта немесе кеңістікте заттардың орналасуын қабылдай алу біліктілігін ескеру жүзеге асады.

Келесі талдауды 4-сыныпқа арналаған «Дүниетану» оқулығының мазмұнында пәнаралық және пәнішілік, жүйелілік, логикалық бірізділік сақталған. Мәселен, дүниетану оқулығы география, жаратылыстану, тарих, экономика пәндерімен байланыста қарастырылған. Мысалы: 6-сабақ. Мектептегі өзін-өзі басқару, 5-сабақ. Біздің отбасылық бюджетіміз атты тақырыбы мен ондағы тапсырмаларды орындауда математикадан алған білімді қолданады; 7-сабақ. Көшбасшы қандай болуы керек? атты тақырыпта «Кластер құрастырайық» тапсырмасы оқушылардың сөйлеу дағдысын қалыптастыруға ықпалы зор; 9-сабақ. Қазақ халқының шығу тегі тақырыбы мен ондағы тапсырмалардың мазмұнында тарихта болған оқиғалар туралы, қазақ халқының арғы бабалары туралы және т.б жайлы мағлұмат алады.

4-сынып «Дүниетану» пәнін оқыту барысында мынадай пәнаралық байланыстар жүзеге асады: *математика пәнімен* – тәжірибелік жұмыстарды түрлі өлшеу құралдарын пайдалану; *бейнелеу өнері пәнімен* – суретшілердің табиғат құбылыстары, жыл мезгілдеріне, қоршаған ортаға, Қазақстанның әсем жерлеріне арналған шығармаларын пайдалану арқылы жүзеге асады.

Алайда біз, осы пәндердің ішінен қазақ тілі пәніндегі ортақ тақырыптарды ескере отырып пәнаралық байланысты - танымдық мәтіндерді және ортақ пәнаралық ұғымдарды қолдану арқылы жүзеге асырамыз.

1. Пәнаралық байланыстың бірінші түрі - танымдық, оның мақсаты оқу пәндерінің қиылысатын тақырыптары негізінде оқушылардың санасында дүниенің біртұтас өзара байланысты бейнесін қалыптастыру. Танымдық типтегі пәнаралық байланыстарды жүзеге асыру оқушылардың танымдық іс-әрекетінің ауқымын кеңейтетін әртүрлі стильдегі мәтіндерді тарту арқылы қазақ тіліндегі оқу материалына қызығушылықты арттыру мәселесін шешеді, сонымен қатар осы материалдары бойынша ойлау және сөйлеу дағдыларын қалыптастырады.

Пәнаралық байланыстардың танымдық түрі қазақ тілі пәнінің оқу мақсаттарына жетуде пәнаралық материалды, мәтіндерді мұқият тандауды және осы материалды пайдалану мүмкіндіктерін анықтауды талап етеді. Мысалы, қазақ тілі сабағында «Табиғат құбылыстары» атты ортақ тақырып бойынша «Зат есім» сабағында пәнаралық ортақ ұғымдар - күн, бұлт, жаңбыр және т.б.; пәнаралық мәтіндерді: 4-сынып, «Жаратылыстану» оқулығы, 8 бет; пәнаралық иллюстрациялық материалдарды: 4-сынып, «Дүниетану» оқулығы, 69 бет. қолдану арқылы жүзеге асырамыз және оқушылардың ойлау мен сөйлеу дағдыларын қалыптастыруға арналған тапсырмаларды ұсынамыз. Демек, оқушыларда оқыту құралдарының «сөз-мәтін-иллюстрациялық материалдар» үйлесімінің арқасында тілдік дағдыларды қолданады. Пәнаралық мәтіндерді және иллюстрациялық материалдарды біріктіру сабақта бүкіл жұмыс жүйесін тілді қарым-қатынас құралы ретінде пайдалану дағдыларын қалыптастыруға бағыттайды. Пәнаралық байланыстың танымдық түрі оқушының тілдік тұлғасының дамуын қамтамасыз ететін сөйлеу ортасын құру құралы ретінде танымдық мәтіндер оқушылардың сөйлеу және ойлау дағдыларының қалыптасуын ынталандырады.

2. Пәнаралық байланыстың екінші түрі - пәнаралық ортақ ұғым. Пәндерді біріктіруге арналған пәнаралық ортақ ұғымдар болып табылады. Ендеше, 4-


сыныпқа арналған «Қазақ тілі», «Әдебиеттік оқу», «Дүниетану», «Музыка», «Жаратылыстану» және т.б. оқулықтарындағы сегіз ортақ тақырыптарының мазмұнын талдау нәтижесінде ортақ пәнаралық ұғымдарды анықтадық (сурет 12).



Сурет 12 – Пәнаралық ортақ ұғымдар тізбесі

Арнайы психологиялық-педагогикалық зерттеулер сөзбен жұмыс істеудегі ең тиімдісі сөйлеу әрекетінің барлық түрлерін (тыңдалым, оқылым, айтылым, жазылым) кешенді пайдалану болып табылатынын көрсетті, бұл оқушылардың ойлау мен сөйлеу дағдыларын қалыптастыруға, ой-қорытындысы мен тұжырымдар жасауға мүмкіндік береді. Мысалы, тірек сөзге немесе сөз тіркесіне мағынасы жағынан ұқсас сөздерді таңдап алуда «жел» сөзін айтқанда дауыл, шаң, жаңбыр және т.б. сөздер ескеріледі. Олай болса, мұғалім әр сөзбен жұмыс жасау кезінде оның сөздік көмегімен тексеруге болатын лексикалық мағынасын ғана емес, сондай-ақ көркем, ғылыми және танымдық мәтіндердің арқасында танысатын мағыналар жиынтығын да ескеруі керек. Әрине, ұқсас сөздер қатарын құру «Әдебиеттік оқу», «Дүниетану», «Музыка», «Жаратылыстану» және т.б. пәндердің пәнаралық байланыстарының нәтижесі болып табылады, өйткені «жел» сөзі әр пәннің оқу мәтіндеріне енеді, сондықтан әр оқушының осы сөздің мағынасы туралы өзіндік түсінігі қалыптасады. Атап айтсақ, «Қазақ тілі» оқулығында (2бөлім) 10 бет, «Табиғаттың таңғажайып құбылыстары» тақырыбында «Шөлде *жел* үнгіген тас қуыстар, үңгірлер бар. Құм бетінде желдің салған неше түрлі өрнегі бар»; «Жаратылыстану» оқулығында (1бөлім) 64 бет, «Желдің пайдасы мен зияны»

тақырыбында «Желдің көмегімен өсімдік тұқымы таралып, көбейеді. Жел бұлтты айдап, жаңбыр жауғызады»; «Музыка» оқулығында 78 бет, «Музыкадағы табиғат құбылыстары» тақырыбында «Жел бір кетсе бұрқанып, Жапырақты жылытар. Бірақ мені долы жел, Құлата алмай келеді» деп оқушылар «жел» сөздің мағынасымен толық танысады (сурет 13).



Сурет 13 –Пәнаралық байланыстың көрінісі

Осылайша, пәнаралық байланыстар оқу пәндерінің мазмұны мен құрылымына әсер етеді, ал әр пән пәнаралық байланыстың бір немесе бірнеше түрінің көзі болып табылады.

Сонымен, 4 сыныпқа арналған оқулықтардың мазмұнын талдау нәтижесінде, оқушылардың ойлау мен сөйлеу дағдыларын қалыптастырудың, пәнаралық байланысты жаңартылған білім мазмұнында жүзеге асырудың мүмкіндіктерін қарастыра келіп, төмендегідей қорытынды жасадық:

1. Оқу үдерісінде пәнаралық байланыстарды жүзеге асыру оқушы әлемінің тұтас бейнесін қалыптастыруға ықпал етеді. Бастауыш сынып оқушысы қоршаған әлемді тұтастай қабылдайды, өйткені ол үшін жеке пәндердің атаулары жоқ. Демек, оқушының ойлау және сөйлеу дағдыларын қалыптастыру үшін пәнаралық байланыстарды қолданған жөн, себебі, пәнаралық байланыстардың қажеттілігі жоғары жүйке қызметінің объективті заңдылықтарымен, психология мен физиология заңдылықтарынан туындайтын ойлаудың табиғатында жатыр, ескі мен жаңаны байланыстыра отырып оқытуды ұйымдастыру, әр түрлі оқу пәндерінің («Әдебиеттік оқу», «Дүниетану», «Музыка», «Жаратылыстану») бөлімдері арасындағы педагогикалық мақсатқа сай өзара байланыстарды жүйелі түрде дамыту ойлау мен сөйлеу дағдыларын қалыптастырудың қажетті шарттарының бірі болып табылады.

2. Оқу үдерісінде пәнаралық мәтіндерді, әдеби шығармаларды, кескіндемелерді, көркем еңбек оқулықтарының иллюстрацияларын, музыкалық сүйемелдеуді пайдалану есебінен сабақта шығармашылық ахуал туғызу ойлау

мен сөйлеу дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Сондай-ақ, пәнаралық ортақ ұғымдардың мазмұны мен мағынасын талдау сөйлеу дағдыларын дамыта отырып, пәнаралық лексикаға негізделген жаттығулар ойлауды қалыптастырады.

3. Диалогтік сөйлеу, көпшілік алдында сөйлеу, топтық қарым-қатынасқа түсу, жазбаша қарым-қатынасқа түсуге бағытталған және өз бетінше іздеуді, салыстыру, дәлелдеу, пікір білдіру, пікірталасты, оларды шешудегі белсенді ұстанымды талап ететін тапсырмаларды енгізу арқылы қажетті оқу ақыл-ой әрекеттерін, оқушының шығармашылық әлеуетін, оның сөйлеу мен ойлау дағдыларын қалыптастыруға бағытталады.

2.2 Пәнаралық байланыста бастауыш сынып оқушыларының ойлау мен сөйлеу дағдыларын қалыптастырудың әдістемелік жүйесі

Бұл тармақшада біз пәнаралық байланыста бастауыш сынып оқушыларының ойлау мен сөйлеу дағдыларын қалыптастырудың әдістемелік жүйесін қарастыруды жөн көрдік. Одан соң жүйеге түсірілген теориялық негіздерге сүйене отырып, пәнаралық байланыста бастауыш сынып оқушыларының ойлау мен сөйлеу дағдыларын қалыптастыру әдістемесін және оның тиімділігін педагогикалық эксперимент арқылы сынақтан өткізу міндеті шешілуі көзделуде. Осы орайда ең алдымен, пәнаралық байланыста бастауыш сынып оқушыларының ойлау мен сөйлеу дағдыларын қалыптастырудың әдістемелік жүйесін жасаудың қажеттігі туындайды.

Ендеше, ғалымдардың В.В.Краевский [139], Н.Л. Стефанова [140], Т.А.Вороненко [141], В.В.Малев [142] әдістемелік жүйеге берген анықтамаларын талдап өтейік:

- «әдістемелік жүйе» - педагогикалық іс-әрекеттің тұтас моделі, содан кейін ол осы іс-әрекеттің жобасында нақтыланады;

- «әдістемелік жүйе» - бұл өзара байланысты бес компоненттің жиынтығы: мақсаттар, мазмұн, әдістер, құралдар және оқытудың ұйымдастырушылық формалары;

- «әдістемелік жүйе» - бұл оқытудың мақсаттары, мазмұны, әдістері мен формалары, құралдары мен жоспарланған нәтижелерін қамтитын оқу процесінің әртүрлі компоненттерін көрсететін модель;

- «әдістемелік жүйе» - жүйеден тыс мақсаттар қою; әдістемелік жүйенің көптеген элементтерін келесі элементтерді қосу арқылы кеңейту; күтілетін оқу нәтижелері; оқытудың мазмұнын, әдістерін, нысандары мен құралдарын іріктеу технологиялары; әдістемелік жүйенің элементтері арасында байланыс орнату технологиялар жиынтығы;

- «әдістемелік жүйе» - оқу процесін ғылыми негізделген жоспарлау; теориялық және практикалық дайындықтың бірлігі мен өзара кірігуі; оқу материалын оқудағы қиындықтың жоғары деңгейі және жылдам қарқыны; білім алушылардың максималды белсенділігі мен жеткілікті дербестігі; жеке және ұжымдық іс-әрекеттің үйлесімі; оқу процесінің техникалық оқу құралдарымен молығуы; түрлі пәндерді зерделейтін кешенді тәсіл.

Пәнаралық байланыста бастауыш сынып оқушыларының ойлау мен сөйлеу

дағдыларын қалыптастырудың әдістемелік жүйесі - бұл оқытудың тиімділігін арттыруға бағытталған оқу процесін бақылау, талдау, түзетуді жоспарлау мен жүргізудің өзара байланысты және өзара шартты әдістерінің, нысандары мен құралдарының реттелген жиынтығы.

Ендеше, пәнаралық байланыста бастауыш сынып оқушыларының ойлау мен сөйлеу дағдыларын қалыптастырудың әдістемелік жүйесінің компоненттері: *мақсат => міндет => мазмұн => әдіс-тәсілдер=> форма => құрал => күтілетін нәтиже* және т.б.

Пәнаралық байланыста бастауыш сынып оқушыларының ойлау мен сөйлеу дағдыларын қалыптастырудың әдістемелік жүйесінің өзіндік сипаты төменде көрсетілген (сурет 14).


Біз ұсынған әдістемелік жүйенің мақсаты: пәнаралық байланыста оқушылардың ойлау мен сөйлеу дағдыларын қалыптастыру.

Әдістемелік жүйенің осы мақсаттан туындайтын міндеттері келесідей болып белгіленді: сөйлеу түрлерінің - тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым дағдыларын қалыптастыру; заттар мен құбылыстарды талдау, жинақтау, салыстыру арқылы ойлау дағдыларын қалыптастыру; тілдік қарым-қатынас мақсатында, әр ғылым саласы бойынша пәндердегі мәтінді орынды пайдалана білуді игерту.

Бастауыш сынып оқушыларының ойлау мен сөйлеу дағдыларын қалыптастыру үдерісі - тілдік білім берудің маңызды қызметі, ал тілдік материал (мәтін жиынтығы) және тілдік жүйе (сөздік және грамматика) ойлау мен сөйлеу дағдыларын қалыптастырудың құралы ғана болып табылады. Сондықтан да бастауыш сынып оқушысының ойлау мен сөйлеу дағдыларын, дүниетанымы мен айналасындағы қоршаған ортамен қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруда оқу үдерісіндегі «қазақ тілі» пәнінің алатын орны ерекше. Пәнаралық байланыста бастауыш сынып оқушыларының ойлау мен сөйлеу дағдыларын қалыптастыруға арналған арнайы білім мазмұнын іріктеуде және нақты тақырыптарды сұрыптауда бастауыш сыныптарға арналған «Қазақ тілі» оқу бағдарламасын басшылыққа аламыз.

Бастауыш мектепте «қазақ тілі» пәнін оқыту мақсаты – сөйлеу әрекетінің түрлерін: тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылымды дамыту арқылы тіл туралы бастапқы білімді меңгерту және оны тілдік нормаларды сақтай отырып, оқу әрекеті мен күнделікті өмірде қолдану [143]. Қазақ тілі сабағында оқушылардың әртүрлі қатысымдық біліктері мен ойлау дағдыларын қалыптастыруда ойдың даму логикасын түсіну, қажетті ақпаратты алу, диалог және монолог құру дағдылары, ақпаратты жинақтап, жүйелеп, жоспар құру, мәтінді талдау, жинақтау, салыстыру, сөйлеудің әр түрлі стилін қолдану қажеттілігін ескере отырып құрылуы керек.

Пәнаралық байланыста бастауыш сынып оқушыларының ойлау мен сөйлеу дағдыларын қалыптастырудың *әдістемелік негізі* - сөз, сөйлем, мәтін арқылы ойлау мен сөйлеу дағдыларын қалыптастыру.



Сурет 14 - Пәнаралық байланыста бастауыш сынып оқушыларының ойлау мен сөйлеу дағдыларын қалыптастырудың әдістемелік жүйесі

Сөз – тілдің дыбыстық, мағыналық, грамматикалық жақтарын көрсететін тілдің негізгі бірлігі. Сөз мағынасы ұғыммен тығыз байланысты. Сондықтан тілдік қатынаста белгілі бір ұғымды аңғартатын, лексикалық мағынасы бар сөздерді қатысымдық тұлғалардың қатарында қарастыру сөздің қатынас құралы ретінде жұмсалыуына негіз болады. Сөздер арқылы бірнеше сөздерді құрастырып, адам жеке өзінің ойлаған ойын жеткізе алады. Демек, сөз – адамның ойын жеткізуге, ойлау қабілетін арттыруға қызмет ететін құрал, тек адам ғана өз ойларын сөзбен жеткізудің мүмкіндігіне ие [71,б. 46].

Оқушылардың сөздік қорын байыту мақсатымен қазақ тілі, әдебиеттік оқу, дүниетану, жаратылыстану, математика пәндерін байланыстыра жүргізудің тиімді мүмкіншіліктері бар. Адамның танымдық іс-әрекетке қатысуы тұрғысынан тілді зерттеу қажеттілігі оқу процесінде пәнаралық байланыстардың рөлі мен маңыздылығын күшейтеді, оны жүзеге асыру білімді дүниетанымдық жалпылау негізінде ойлау мен сөйлеу дағдыларын қалыптастыру мәселесін шешуде мұғалімдердің бірыңғай көзқарасын қамтамасыз етеді. Пәнаралық байланыстар оқушының жеке басына бағытталған, оның әлем туралы түсінігін қалыптастырады, оқушының ойлау мен сөйлеу дағдыларын жан-жақты дамытуға ықпал етеді. Мысалы: қазақ тілі сабағында пәнаралық оқу материалдарын қолдану сөз мағыналарының жиынтығын, оның мағынасын, сөздің қызмет ете алатын әртүрлі сөйлеу жағдайлары туралы ақпаратты қалыптастыруға ықпал етеді. Пән мұғалімі өзінің сабақтарында тіл материалдарын өткенде әдебиеттік оқу пәніндегі ақын-жазушылардың шығармаларымен байланыстырып, тілдік құралдардың көркем мәтіндегі қолдану аясын іс-тәжірибеде игертсе, оқушылардың сөздік қоры молаймақ [56,с. 45]

Ойлау мен сөйлеу дағдыларын қалыптастыруда пәнаралық материалдарды ұйымдастыру жағдайын қарастыруды талап етеді. Пәнаралық байланыстар арқылы жүзеге асатын танымдық іс-әрекеттің нәтижесінде оқушылардың санасында сөздердің мағыналары білімді жетілдіруге мүмкіндік беретін және ойлау мен сөйлеу дағдыларының құрылымдық компоненттеріне айналатын тұжырымдамаларға айнала бастайды.

Б.Т.Ортаев өзінің зерттеуінде пәнаралық байланыстарды төрт бағытта: 1) уақыт критерийлеріне (алдын-ала, сәйкес кейінгі); 2) жекеленген пәндердегі жалпы ақпараттық мәні бар (фактілі, ұғымдық, теориялық); 3) білімдер мен іс-әрекет түрлері; 4) талдап қорытындыланған түрдегі (мазмұнды-ақпараттық, операциялық-іс-әрекеттік, ұйымдастыру-әдістемелік) деп қарастырады [144]. Біз де зерттеу барысында жекеленген пәндердегі жалпы ақпараттық мәні бар пәндік ұғымдардың мағынасын талдауды пәнаралық байланыста жүзеге асырдық.

Оқушылар сөздің мағынасын түсіну пәнаралық байланыстарды қолдану арқылы белсенді түрде жүреді. Сөзбен жұмыс жасау барысында сөздің оқылған әдеби шығармалардың контекстімен, суреттерді қабылдау арқылы қалыптасқан сөз идеяларының нәтижесінде пайда болады. Оқушы сөздің жеке күйде тұрғандағысы мен сөйлем құрамындағы мағынасы бір болмайтындығын мәтінді оқу барысында түсінеді. Оқушы туындының көркемдік бедер белгісін де сонда

ғана түсіне алады. Себебі әдеби шығармада көптеген сөз өзінің тура мағынасында қолданылмай, ауыспалы мағынада берілетіндері бар. Оқушылар көркем әдебиеттің бұл заңдылығын біле бермейді. Олай болса, оқушылардың сөздік қорын тура және ауыспалы мағыналы сөздермен толықтыру пәнаралық байланыста дамиды.

Сабақта пәнаралық байланыстар жүзеге асырылған кезде, сөз оқушыларда аталған затты ғана емес, сонымен қатар оның мағыналық жағы - түсі, иісі, түрі толықтырылады. Мысалы, «күн» сөзін айтқанда, жылулық, сәуле, жарық, ыстық және т.б. ескеріледі. Олай болса, мұғалім әр сөзбен жұмыс жасау кезінде оның сөздік көмегімен тексеруге болатын лексикалық мағынасын ғана емес, сонымен қатар оқушылар көркем, ғылыми және танымдық мәтіндердің арқасында танысатын мағыналар жиынтығын да ескеруі керек. Оларға мыналар жатады:

Сөздің перцептивті мағынасы – сезім мүшелері арқылы санадағы шағылысумен байланысты мағына. Мысалы, «қыс» сөзі, түсі – аппақ, қалың, таза; дыбысы бойынша - қоңырау, күңкілдеу; иісі бойынша – хош және т.б. Сөздің перцептивті мағынасы сөздің жеке авторлық бейнелі мағынасын анықтайды. Оқушылар үшін қыс – бұл: бораны алыс қап; кәрлі қыс: ұртында қар, мұртында мұз; кигізді үстіндегі ақ халатын; ақ уыздай ақша қарды басқан кім?!

Сөздің ассоциативті мағынасы. Сөз тудыратын ассоциативті мағынасының кендігі оқушылардың қоршаған әлем туралы мәтіндер, әңгімелер, суреттер, кескіндеме және музыка арқылы алған білімдерінің тереңдігіне байланысты. Сонымен, «жаңбыр» сөзі оқушылардың санасының әртүрлі бірлестіктерін тудырады: дауыл, құйын, жер үстіндегі торнадо; жеңілдік, қуаныш, сенім, еркіндік; нөсер, жел, шаң, тыныс алу қиын, қарсылық; терезе, таза ауа, денсаулық және т. б.

Сөздің этимологиялық мағынасы сөздікпен анықталады. Бастапқыда «жел» сөзі «жел құдайының» атымен байланысты болды. Желдің символдық мағынасы бар: ол Құдайдың хабаршысы және ғарышты басқаратын күш ретінде әрекет етеді. Жел көбінесе ашулы, болжанбайтын және жойқын күш, өзгерудің, тұрақсыздықтың күшті белгісі ретінде бейнеленген.

Сөздің мифологиялық мағынасы сөздікпен анықталады: танымал нанымдар бойынша жел - бұл жын-перілер, ол жақсы (жақсы, қолайлы жел) және жаман (қара жел, зұлым, өткір, суық) болуы мүмкін.

Бұдан шығатын қорытынды, оқушылар сөздің мағынасын түсіну арқылы әр ғылым саласы бойынша жазылған мәтіндерді түсініп оқу әрекетіне жаттықтырылады, түсініксіз ұғымның мәнін игереді.

Адамның ең қысқа ойы да қатысым да сөйлем арқылы жеткізіледі. Сондықтан оқушы өз ойын жеткізу үшін сөйлем құрау тәсілдерін игеру керек. Сөйлем сөз тіркестерінен тұратын болса, сөз тіркестері сөз түрлендіруші қосымшалардың қолданылу дағдысы арқылы қалыптасады. Оқушылардың сөз тіркестері туралы дағдыларын қалыптастыруда мынадай жұмыстар ұйымдастырылады: 1) оқушыларға сөз тіркесін түсіндіргенде сөйлемнен оқшаулап, жеке түсіндіруге болмайды. Өйткені, сөз тіркесі - сөйлем жасайтын

материал; 2) сөз тіркесінің толық мағыналы екі я одан да көп сөзден жасалатыны туралы мәлімет бақылау арқылы жүзеге асыру керек; 3) сөйлем құрамындағы сөз тіркестері сұрақ қою арқылы ажыратылады; 4) сөз тіркесін сұрақ-жауап арқылы үйрету [145].

С.Аманжолов сөйлемге мынадай анықтама берген: «Тиянақты ойды білдіретін бір сөзді, я бірнеше сөз тіркесін сөйлем дейміз». Демек, сөз тіркесі – сөйлем құрудың негізі болып саналады. Сондай-ақ, профессор сөз тіркесі туралы: «Кейбір сөз сөйлем мүшесі басқа сөзді, я сөз тізбегін анықтап, толықтап, пысықтап немесе түрліше қиюласып, бірін-бірі керек ету жолымен байланысады. Мұндай байланыстарды сөйлемдегі сөздердің тіркесі дейміз», - деген анықтама береді [146]. Автордың ойын қорытатын болсақ, бастауыш сынып оқушылары сөйлем құрауда сөз тіркесін синтаксисін меңгеруі керек, онда сөз тіркесі сөйлемдегі сөздердің байланысы болып шығады.

Бастауыш сынып оқушыларының сөйлем құрастыру дағдыларын арттыру үшін жаттығу жұмыстарын ұсынамыз: мәтіннен құрмалас сөйлемді табу, жай сөйлемнен құрмалас сөйлем жасау, берілген сызбаға сәйкес сөйлем құрау, сөйлемдерді талдау, жинақтау, салыстыру әдістерін қолдану, сурет бойынша, тірек бойынша сөйлем құрастыру оны талдау, сұрақтарға жауап жаздыру, сөздердің мағынасын өзгертпейтіндей етіп басқа сөздермен алмастыру, табиғатты бақылау арқылы ой, қиялдан туындайтын сөйлем құрастыру және т.б.

Осы ретте, К.Д.Ушинский: «егер сіз бір сөз айтқызудың өзі қиын соғатын класқа кірсеңіз, сурет көрсетуден бастаңыз, сонда класс сөйлей жөнеледі...», - дейді. Суретті бала көзімен көреді, сол заттар жөнінде ой өрісінің жетілуіне жәрдемін тигізеді. Оқушылардың ой-өрісін дамыту тіл дамыту жұмысымен тығыз байланысты. Олардың тілін дамыту, дүниеге көзқарасын кеңейту, ойын жетілдіру мақсатында мұғалім балаларды экскурсияға да алып шығады, түрлі жазба жұмыстарын да жүргізеді немесе суретшілердің суреттерін пайдаланып, әңгіме құратып айтқызады. Бұл жұмыстардың бәрінде де көзделетін мақсат – оқушыларды ұққан нәрселерін айтып беруге дағдыландыру. Мұнда: сөйлемдерді дұрыс құруға, ойларын жүйелі түрде баяндауға, әсерлі, көркем тілмен сөйлеуге үйрету [147].

Қорыта келгенде, сөз тіркесі мен сөйлем оқушылардың ойы мен тілін дамытудың әдістемелік негізі болады.

Сонымен, оқушы сөйлеуге үйрету үшін лингвистикалық білім негізінде мәтін түзе білуге жаттықтырылады. Бастауыш сынып оқушыларының ойлау мен сөйлеу дағдыларын қалыптастыруда мәтіннің алатын маңызы зор. Мәтін – қазақ тілін оқыту барысында негізгі оқыту нысаны. Біріншіден, тілден білім беретін материал оқыту мәтіндері болса, екіншіден, жаттығулардың тұтас мәтін түрінде берілуі де мәтінмен жүргізілетін жұмыстардың сараланып, жүйеленуін қажет етеді. Сондықтан, ең алдымен, мәтіннің қызметін таныту - оқушыға тіл бірліктерін игерту қызметтік тұрғыдан танып білуге, сол арқылы оқушының логикалық ойлау мен тілін дамытудың бірізді қалыптасуына мүмкіндік беріледі. Өйткені, мәтінде тіл бірліктері (сөз, сөз тіркесі, сөйлем) тегіс қатысады. Сондай-ақ мәтіннің грамматикалық болмысын таныту,

лингвистикалық білім беру арқылы оқушыларға тілдік жүйе, ол жүйенің жекелеген элементтерінің маңызды қызметтері мен олардың өзара байланыстары және соның негізінде туындайтын катынастардың ерекшеліктері меңгертіледі. Демек, мәтін туралы білім, білік, дағды дамыта оқыту мен оқыту пәндері бойынша қалыптасады.

А.Айғабылов «мәтін дегеніміз - бір тақырыпқа енетін мағыналық тұтастығы бар бірнеше сөйлемнің жиынтығы. Ол тақырып мазмұнына қарай ұзақ та, қысқа болуы мүмкін» деген пікір білдіреді [148].


Мұғалім мәтінді түсінікті, қарапайым тілмен түсіндіре отырып, балаға қоғамдық көзқарас қалыптастыруға тиіс. Ол мына сатылардан тұратын нұсқау түрінде болуы тиіс: біріншісі – мәтінді оқу, соның нақты мазмұнын түсініп, шығарманың тақырыбын игеру, бұл мәтінді оқудан туатын алғашқы жинақтау болмақ; екіншісі – сол шығарманың түрімен таныстыру, бұл танымның ғылыми сатысы. Оны шығарма идеясын және мәтінмен жұмыс жүргізу талқылау арқылы жинақтаймыз; үшінші саты – жинақтау кезінде бала сол мәтінді оқудан алған білімі мен әсерін байытады; төртінші саты - жүйелі түрде жаттығу арқылы іске асырылады. Ол тез оқуға, оқығанын ауызша айтуға, әсерлі дауыс арқылы жазып үйренуге, есте сақтау қабілетін дамытуға негізделеді. Осы төрт түрлі қасиетті баланың бойына дарытқанда ғана білімі баянды болмақ. Жүйелі жүргізілген белгілі бір мақсаттағы жаттығулар білімді дағдыға айналдырады. Осыдан барып бірнеше жаттығулардың нәтижесінен ол ұмтылмастай қалыптасады [77,б. 78]

Мәтінмен жұмыс істеу әдістемесі әрі теориялық әрі тәжірибелік ұғымда қолданылады, яғни бұл әдіс мәтінмен жұмыс кезінде теориялық дағды берудің тәсілдерін, соған байланысты тәжірибелік дағды мен тәлім-тәрбие беру амалдарын саралайды. Соны тәжірибе жүзінде іске асырудың тәсілі мен жолдарының жүйесін көрсетеді. Оқушылардың білімі мен тәжірибелік дағдысын қалыптастыру жолындағы мұғалімнің жүргізетін жұмыс түрі оқыту әдістерінің құрылымына тікелей байланысты. Мәселен, А.Байтұрсынов: «Әдіс - керекшіліктен шығатын нәрсе, әдістің жақсы жаман болмағы жұмсалатын орнының керек қылуына қарай», - деген [149].

Мәтінмен жұмыс жүйесін теориялық жақтан үйрену әдістері оқу материалдарының теориялық негіздері мен заңдарын меңгертумен бірге мұғалім тақырыптың өзіндік белгілерін ғылыми тұрғыдан сұрыптап, мәтіндердің мазмұны мен көлеміне және әрбір сабақтың құрамына сай оқытылу жүйесін белгілейді. Бұл бағдарламаның көлеміне негізделеді де, оқушылардың ой дәрежесі мен жас ерекшеліктеріне сәйкестендіріледі. Жаңа материалды меңгертуде әуелі мәтіннің ішкі қасиеттерін саралап, осыған лайықты дидактикалық материалдар пайдаланған жөн. Сонымен оқыту әдісін түрлендіру, оқушылардың өздігінен жұмыс орындауда белсенділігін арттыру мәселесі қойылады. Осыған орай көрнекті ғалымдар оқыту әдісінің көп екенін айтқан [149,б. 111].

Олай болса, пәнаралық байланыста бастауыш сынып оқушыларының ойлау мен сөйлеу дағдыларын қалыптастырудың әдістемелік жүйесін құраушы

келесі компоненті - *дәстүрлі және инновациялық әдіс-тәсілдер*. Әр әдіс-тәсілді тілдік дағдыларды ескере отырып топтастырдық [150].



Сурет 15 - Бастауыш сынып оқушыларының ойлау мен сөйлеу дағдыларын қалыптастырудың әдіс-тәсілдері

Оқытудың бұл әдістері мен тәсілдері оқушылардың ойлау мен сөйлеу дағдысы мен икемділіктерін, пәндік ұғымдарды меңгеруі мен жан-жақты дамуын, ойдың беріктігі мен қабілетін арттырады.

Ендеше, біз пәнаралық байланыста берілген мәтіндермен жұмыс жасауда ойлау мен сөйлеу дағдысын қалыптастырудың ұтымды әдістері ретінде «Сөйлемдер» стратегиясы», «Мәтінді қайта жетілдір», «Салыстыр және қарама-қарсы қой» және т.б. қарастырамыз. Бұл әдістердің тиімділігі тәжірибе барысында дәлелденді.

«Сөйлемдер» стратегиясы мәтінмен жұмыс жасауда қолданады, яғни оқушыларға мәтінді бірнеше бөлікке бөліп беріп, ондағы бөліктерді дұрыс реттілікпен орналастыруды сұраймыз. Ескеретін нәрсе: егер оқушылардың әлеуеті жоғары болатын болса, мәтінмен жұмыс барысында сол мәтінге жатпайтын өзге мәтіннің бір бөлігін араластырып беруге болады, бірақ оқушыларға артық сөз немесе артық мәтіннің бөлігі бар екенін ескереді [150].

1-тапсырма. Мәтіндегі сөйлемдерді ретімен орналастыр. Артық сөйлемді тап.

Бал арасы

Еңбек етуді арадан үйрену керек. Бал арасы осындай еңбеккер келеді. Анасы – трамбай жүргізушісі. Ол үшін он тоғыз миллион гүлге қонып, үш жүз мың километр жерді шарлайды. Бұл – Алматыдан Москваға дейін отыз мың рет ұшып барып келу деген сөз. Азаматтың мектебі үйлері жақын. Олар күні бойы тыным таппай гүлден гүлге ұшып-қонып, шырын жинайды. Бір

килограмм бал жинау үшін араға қанша еңбек ету керектігін сендер білесіңдер ме?

(М.Зверев)

«Мәтінді қайта жетілдір» әдісі. Мәтін бөліктерін реттеу, орны ауысқан сөйлемдерді реттеу мәтінді қайта жетілдіріп жазу тәсілі арқылы мүмкін болады. Мәтін бөліктерінде айтылған ойдың дамуының бірізділігі мен жүйесі болатынына талдау жасау арқылы көздерін жеткізіп отыру керек. Мысалы, оқушыға сөйлемдердің ретін тауып қоюға үйретуге мынадай тапсырма беріледі: мына мәтіндегі сөйлемдерді өз орнына қойып, реттеп жазыңдар.

2-тапсырма. Мәтінді оқы. Сөйлемдерді ретімен баянда.

Ақ бота

0) Ингеннің өзіне қатты ұқсаған, сүттей аппақ, кішкене ботасы бар.0) Аулада ойнап жүр едік, екі атты адам бір үйір түйені қуалай айдап, мал қораға кіргізді. 0) Қызық көріп, қасына бардық. 0)Түйелердің ішінде менің назарым ауганы – боталы ақ инген. 0) Қап-қара мойылдай дөңгелек үлкен көздері жәудіреп, еріксіз қызықтырады. 0) Әжемнің «Ой, ақботам» деп, мені айтпайтыны есіме түсіп, мен дәл осылай әдемі көрінем бе екен? – деп ойлады. 0)Шудалары ақ жібектей желпілдеп, тұла бойын басқан аппақ ұлпа жүндері мақтадай үлбіреп тұр.

(Баспа материалдары бойынша)

Оқушылар тапсырмадағы 0) деген жерге сөйлемнің орны тәртібі бойынша нөмірін қойып шығуы тиіс. Мәтіндегі оқиғаның жүйелі баяндалуын көрсететін айдап, кіргізді; көріп, бардық, бар, желпілдеп, тұр, қызықтырады деген сөздердің, яғни әрбір сөйлемде әрекеттің рет-ретімен орындалуын көрсететін, сөйлемдерді байланыстыратын сөздердің көмегімен реттеп жазуға болатыны түсіндіріледі. Мұндай тапсырмалар сөйлемнің мазмұнына, ойдың өрбуіне назар аудартып, сөйлемдерді байланыстыру жолын меңгеруге көмектеседі. Егер оқушы дайын мәтіндегі сөйлемдерді рет-ретімен орналастырып, бір-бірімен үйлестіруді жақсы меңгерсе, мәтін құраған кезде белгілі бір логикалық жүйемен байланыстырып жазу онша қиындық келтірмейді

«Салыстыр және қарама-қарсы қой» әдісі. Мәтіндердің бір-біріне қаншалықты ұқсас екенін бағалау мүмкіндігін қарастыруда салыстыру әдісінің орны ерекше. «Салыстыр және қарама-қарсы қой» әдісін қолдану арқылы оқушыға екі мәтін беріп, қандай ұқсастықтары мен айырмашылықтарды байқағандарын сұраймыз.

3-тапсырма. Екі бөлікті салыстыр.

Мінез – адам бойындағы алтын мен жауһардан да артық жылтырап, көзге ұрып тұратын әшекей. «Тегінде, адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, мінез, ар деген нәрселермен озады. Бұдан өзге нәрсеменен оздым зой демектің бәрі де – ақымақшылық» деген Абай атамыз он сегізінші қара сөзінде. Жақсы мінез – жан көркі. Адамды кең пейіл, көпшіл ететін де, я болмаса қытымыр, кекшіл ететін де –

Жақсы мінез жан азығың әрдайым,
Жақсы болсаң жарқырайды маңдайың,
Жаман мінез індетіне тұтылсаң,
Оңа қоймас бұл жалғанда жағдайың.

Жақсы мінез жанашырың жалғасың,
Ғылым үйрен, оқудан көз талмасың,
Заман тұрмас қадірін біл уақыттың,
Бүгінгі іс ертеңгіге қалмасың.

бойға біткен мінез.

(М. Тоқсанбаева)

(Н. Бимурзаев)

«Ұқсастық пен айырмашылық» әдісі. Оқушыларға мынадай сұрақтар қойылады: Бұл мәтіндердің ұқсастығы неде? Қай мәтінді түсіну оңай: бірінші автордың тырна туралы сипаттағаны ма, әлде екінші автордың тырна туралы айтқаны ма?

4-тапсырма. Мәтінді салыстыр.

Тырна

Қар еріп, сай-сала бұлақ сылдырына толғанда, көгілдір көктемнің көктегі жаршысындай болып тыраулап тырналар келеді. Оның алыстан талып жеткен үнін естігенімен, көзіңе бірден шалына қоймайды. Күн ұясына қона, тырналар аялдама жасайды. Ұзақ жолдан шаршаған олар күні бойы қонақтап, ертеңгі сапарға күш жинайды. Бәріміз осындамыз ба дегендей-ақ, таңертен бір-біріне дауыс беріп, түгендеп, хабарласып алады да, аспанға қайта көтеріліп, сап түзеп, кете барады. Тырна – өте сақ құс. Күзетте тұрған кәрі тырна жақындап келе жатқан адамды сезіп қалса болды, тыраулап қатер белгісін бере қояды [132,б. 52].

Тырна

Тырна – денесі ірі, мойыны мен аяқтары ұзын, құйрығы қысқа, жақсы жүгіретін құстар. Көпшілік түрлерінің ұзын кеңірдегі, төс қырының маңайында бірнеше түйін құрайды. Осы кеңірдегіндей түйіндердің әсерінен, олар күшті дыбыстар шығарады [132,б. 62].

Оқушыларға мынадай сұрақтар қойылады: Берілген мысалдар бір-біріне ұқсай ма? Қандай ұқсастық бар? Айырмашылығы неде?

Екі мәтінді салыстыру барысында оқушының мағыналы ойлау қызметі іске асады. Бұл мысалдағы ұқсастық оның тақырыбында болғанмен, екеуінде автордың айтайын деген ойы екі түрлі екенін оқушыға аңғарту көзделеді. Біреуінде тырна туралы нақты ақпарат берілсе, екіншісінде тырнаның әрекеті суреттеледі. Осы мысалдар арқылы оқушы мәтін тақырыбы бірдей болғанымен, берілетін ақпарат екі түрлі екенін анықтайды. Балалар «мәтінде ақпараттың баяндалуы әр түрлі болады» деген жалпы қорытындыны табады. Келесі тапсырмада бір мәтіннің ішіндегі екі кейіпкерді салыстыра сипаттау тапсырмасы берілген. Оқушы мәтіннің түрін таба отырып, екі кейіпкерді салыстыра отырып сипаттауы қажет.


5-тапсырма. Мәтінді оқы. Мәтін түрін анықта.

Мирас мен Диас үйелмелі-сүйелмелі. Екеуі бірге туғанмен, дене пішіндері де, мінездері де екі басқа. Мирас ақ құба өнді. Ал Диас жалпақ беттеу, тотыққан қызыл қоңыр, жұп-жұмыр. Мирастан жасы үлкен болса да, бойы үш елідей аласа.

Мирас елгезек. Жан-жануарға жаны ашығыш. Күшік көрсе де, мысық көрсе де, тимейді, ұрмайды [131,б. 45].

Оқушыға берілетін сұрақтар: Сипаттау мәтіні ме әлде пайымдау мәтіні ме? Екі баланы салыстыра сипаттауда қандай сөздер қолданылған? Олардың пішіні мен мінезінде айырмашылық бар ма?

Э.Венн диаграммасы арқылы екі кейіпкерді салыстыр.



Сурет 16 - Э.Венн диаграммасы арқылы екі кейіпкерді салыстыру

Оқушылар екі кейіпкердің мінезі мен пішінін салыстыра отырып ойлау қызметі іске асады. Олардың ұқсастығы бір ата-анадан туылғаны болмаса екеуіннің де мінезінде, пішінінде айырмашылықтардың бар екенін байқайды. Осындай тапсырмаларды орындау нәтижесінде ойлау әрекетін дамытуға болатынына көз жеткіземіз.

Топтық әдіс. Мәтін түрлерін құрастыруда оқушының белсенді іс-әрекетін жасауға мүмкіндік туғызатын әдістің түрі. Мысалы, мәтіннің түрін (типін) құруға үйрету үшін үш топқа мәтіннің алғашқы үш сөйлемі беріледі. Соны ары қарай жалғастырып жазуға тапсырма беріледі. Мысалы, әр топ «Жылқы» туралы әңгімелеу, сипаттау, пайымдау түрлерін бірінші сөйлемге сүйеніп, құрастырады. Мәтін түрлерін құрастырудың моделі төмендегі кестеде көрсетілген (кесте 5).

Кесте 5 - Мәтін түрлерін құрастырудың бағдарламасы

І топ	ІІ топ	ІІІ топ
Мәтін түрлері		
Сипаттау	Әңгімелеу	Пайымдау
Сызбасы		
1. Басы 2. Ортасы 3. Соңы	1.Түрі, сипаты 2. Ерекшелігі 3. Автор ойы	1.Кіріспе 2.Тезис 3.Қорытынды
Сұрағы		
Не істейді? Қайтеді?	Қандай?	Неге? Неліктен?
Мәтіннің бірінші сөйлемі		
Жылқы төрт түлік малдың ең қасиеттісі. ...	Жылқының басы созылған арықтау келеді. ...	Жылқының еті мен қымызы пайдалы, себебі Біріншіден, ... Екіншіден, ...

Оқушылардың біріккен әрекет жағдайында, өз ойларын бір-бірімен бөлісу жағдайында жазылған мәтіндері мағынасы жағынан, байланыстылығы жағынан оқушының жеке бір өзі құрастырған мәтінінен анағұрлым тартымды құрастыруы мүмкін. Мәтін мазмұнын құру, жоспар жасау, мәтін құрылымын бірігіп құрастыру, оларды бірігіп талдау, салыстыру оқушының сөйлеу дағдысының қалыптасуына жағдай жасайды.

Бірлесіп жұмыс жасау кезінде қандай да бір істің атқарылуы маңызды емес, оның ұжымда қалай жасалғаны маңызды. Бұл жағдайда жұмыстың

нәтижесі ғана емес, сонымен қатар жұмыс барысындағы бірлескен іс-әрекеті бағаланбақ, өйткені ұжымда жұмыс істей білу тұлғаны қалыптастырудағы маңызды құзыреттілік. Ұжыммен жұмыс істеуде мәтін құрастыруда оқушылар бір-бірімен ақылдасып, сұрақтар қойып өзара байланыс жасайды.

Проблемалық оқыту әдістері. Мәтіннің мазмұндық, құрылымдық ерекшелігін оқытуда проблемалық оқыту әдісіне негізделі отырып дайындалған тапсырмалар сөйлеу әрекетінің түрлерін қалыптастыруға оң ықпал ететіні анықталды.

Жалпы мәтіннің белгісін, құрылымдық ерекшелігін түсіндіру мәселелік сұрақтардан тұрады, мысалы, мәтіннің негізгі белгісінің бірі оның жүйесін жете аңғарту үшін сөйлемдердің орны ауыстырылып беріледі. Талдау барысында «мына мәтіннің мазмұнын тез түсіне аламыз ба?» деген сұрақ қойылады. Мұғалімнің «неліктен олай ойлайсың?» деген сұрағымен мәселе нақтыланады. Оқушылар мәселені шешу үшін өздерінің болжамын айтады: себебі мәтіндегі сөйлемдер мағынасы жағынан өзара байланыспай тұрғаны анықталады. Соңынан оқушылар мәтіндегі жүйе мен негізгі ойды түсіну үшін сөйлемдегі айтылатын ой мағынасы жағынан байланысуы қажет деген қорытынды жасайды. Оқушы өз шешімінің дұрыстығын мәтінді жетілдіріп қайта жазып шыққанда көзін жеткізеді [145,б. 57]

Қандай да бір жаттығуды орындау барысында оқушының теориялық ұғымын қалыптастыруға көңіл қоя отырып, мәселелік сұрақтар қою сол мәселені шешуге көмектеседі. Мысалы, оқушыны мәтін құруға үйрету барысында мынадай сұрақтар қойған орынды:

- Мәтінді тез түсінуге не кедергі келтіріп тұр?
- Неліктен олай ойлайсың? Ойыңды дәлелдей аласың ба?
- Мәтін түсінікті, жүйелі болу үшін не істеу керек?

7-тапсырма. Сөйлемдерді оқы. Қай бөлік мәтін екенін анықта.

1. Әр халықтың өзіндік дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары, діни сенімдері және өзіндік өмір салты бар. Білімді немесе мәдениетті адам ешқашан өсек айтуға, өтірік айтуға жол бермейді. Қарапайымдылық, адамгершілік, адалдық, өзгелерге жақсылық жасау, әрқандай қиындыққа сабырлылық таныту сияқты жақсы қасиеттердің бәрін бір ауыз сөзбен көркем мінез дейміз.

2. Мәдениетті адам – білімді және тәрбиелі адам. Ол қоғамда өзін қалай ұстау керектігін біледі, этикет ережелерін сақтайды. Демек, білімді немесе мәдениетті адам – кез-келген жастағы адам, ол өзін әр түрлі ғылымдармен, мәдениет пен өнер туралы білім негіздерімен, өз халқының салт-дәстүрлерімен және басқа елдердің мәдениетімен байытуға тырысады.

1. Екі бөлікті оқы. Екі сөйлемдер тобының қайсысында белгілі бір ой бар, қайсысында тұтас ой жоқ екенін дәлелде.

2. Сөйлемдерді бір-бірімен байланыстырып тұрған сөздердің астын сыз.

Тапсырманың мақсаты: мәтінді анықтау. Тапсырманы орындау нәтижесінде оқушы кез келген сөйлемдер тобы мәтін бола алмайтынын, мәтін болу үшін сөйлемдер арасында мағыналық байланыс болу керек екені түсінеді.

Интербелсенді әдіс - оқушылардың бірлескен іс-әрекет түрінде жүзеге асатын, тұлғаға бағдарланған білім беру идеясымен толықтай үндесетін заманауи әдіс. Әсіресе оқушылардың мәтін құруды үйретуде тиімді нәтижеге

жетуге көмектескен әдістердің бір түрі. Бұл әдісте оқушы тапсырманы орындауда қандай нәтиже көрсететінен гөрі сол нәтижеге жету барысындағы әрекеттері маңызды. Сондықтан біз өз жұмысымызда мәтінмен жұмыс жасауда сөйлеу әрекетін қалыптастыруда интербелсенді әдісті тиімді деп санап, тапсырмалар жүйесін дайындауда ескердік. Интербелсенді тапсырмалар жүйесін мәтіннің төңірегінде ұйымдастырып, сөйлеу әрекеттерінің түрлерін: оқылым, тыңдалым, айтылым, жазылым дағдысын дамыту көзделді [138].

8-тапсырма. Мәтінді оқы. Мәтінге ат қой.

Ел жайлаудан қайтты. Күзеуге келген соң күзем қырқылды. Жүн сабап, киіз үй басу басталды.

Ауылда бұл думанды әрекет. Әйелдер әндетіп отырып, сабаумен жүн сабайды. Біз: «Қой басты, қой басты» деп, киіз тебеміз. Сол кезде төбеден тыраулап тырналар өтеді. Қыздар: «Келесі көктемге дейін сау болыңдар» деп, қайтқан құстарға қол бұлғайды.

Бел астындағы егіс даласынан тракторлар тізбегі көрінеді. Олар ел ырысы – алтын дәннің алдағы қамын жасап жүр. Күз қарқынды еңбекпен, думанды қызықпен өтіп жатыр [132,б. 52].

Ғ.Оралбаев

Кесте 6 - Жұптық жұмыс. Мәтіннен сөз тіркестерді тауып, кестеге жаз

1-жұп	2-жұп	3-жұп	4-жұп

2. Анықталған сөз тіркестерінің байланысын көрсетіңдер. Бағыныңқы және басыңқы сыңарын табыңдар.

3. Мәтінде қарамен боялған сөздің синонимін тауып, сөйлем құрастыр.

«Күз» сөзіне синквейн жаз.

1-ші жол – бір сөзден тұратын тақырыптың атауы, зат есім

2-ші жол – тақырыпты не затты сипаттайтын екі сын есім

3-ші жол – автордың көзқарасын білдіретін үш етістік

4-ші жол – тақырыптың мағынасын ашатын төрт сөз

5-ші жол – бірінші сөзінің синонимі

Ойын әдісі. Оқушыны ойлау мен сөйлеу дағдыларына төселдіруде ойын түрінде ұйымдастыру жақсы нәтиже береді, ойын әдісі жөнінде (Б.П. Никитин, З. Фрейд, К.Гросс, Л.С.Рубинштейн т.б.) ғалымдардың ой-пікірлері бір идеяға, оның пайдалығы мен тиімділігіне, яғни бір арнаға тоғысады.

Ойын әдісін қолданғанда А. Байтұрсынұлының «баланы ойынға үйрету, ойынға қатыстыру арқылы ойыны қайсы, үйретуі қайсы екенін балалар айырмастай, сезбестей етіп үйрету керек» деген қағидасын басшылыққа алынады. Өйткені ойын – үйретудің ерекше түрі. Ойын үйренуді мәжбүр етпейді, баланың әрекеті өз еркімен, ынтасымен орындалады да, ойын барысында оқушының бәрі бірдей, «жақсы оқушы» немесе «нашар оқушы» деп бөлінбейді, бір-бірімен ойнау арқылы белсенді әрекет барысында тапсырманы тез және нәтижиелі орындауға әрекеттенеді.

Мәтінді үйретуде ойын мынадай міндеттерді шешуге көмектеседі: біріншіден, оқушы жазбаша байланыстырып сөйлеуге үйрену барысында мақсатқа жетуге деген эмоциялық қатынасын, ықыласын арттырады; екіншіден, ойынның шартын, түрін, тәсілін жүргізілу кезеңін және оны жүргізу барысында дұрыс сөйлеу, өз ойын байланыстырып жазуға, логикалық және шығармашылық мүмкіншілігін ашуға көмектеседі; үшіншіден, ойынды сабақтың талдау, бекіту, қайталау кезеңдерінде жүйелі түрде қолдану оқушының жазбаша сөйлеу қабілетін қалыптастырып, мәтін құрау шеберлігін ұштауға жағдай жасайды.

9-тапсырма. Қалай ойлайсындар, экономикадағы бағаның көтерілуі біздің отбасы бюджетімізге әсер ете ме? деген мәселелік сұрақ қоя отырып, оқушыға экономикаға қатысты жеке ұғымдарды қолдана отырып, өз ойын жазуға кеңес беріледі [58,б. 112].

Жаттығу әдісі. Бұл әдіс арқылы оқушының алған білімін тәжірибеде қолданып, білімін тереңдетіп, шығармашылық қабілеті дамытылады. Мәтін жайлы ұғымды меңгергеннен кейін мәтін құруға байланысты қарапайым және күрделі жаттығу жұмыстары беріледі. Жаттығу әдісі арқылы оқушының мәтін құрау дағдысын қалыптастыру бірнеше кезеңнен тұрады: бірінші кезеңде мұғалім мәтін белгілерін танытады; екінші кезеңде оқушы алған білімін тәжірибеде үлгі-нұсқау бойынша пайдаланады; үшінші кезеңде оқушының мәтін құру дағдысын өз бетімен қолдана білуі, яғни шығармашылығы іске асады. Жаттығу әдісін қолданғанда оқушылардың еліктеуі, өзіндік ой толғанысы ескеріледі. Мысалы мынадай тапсырмалармен жұмыс жүргізіледі [145,б. 65].

10-тапсырма. Мәтіндегі сөйлемдерді байланыстыратын «ал», «алдымен», «сонан соң», «ақырында» деген сөздерді орнына қойып жазындар.

Жылан дегенің жердегі емес, -талдың ұшар басына салған ұядағы жұмыртқаны да қоймайды. ... қырғауыл оңайлықпен жыланға жұмыртқасын жұтқызбайды. Ұя басып жатқанда қасына жақындаған жылан оның «қалжасы» болмақ. ... жыланның екі көзін шұқып алады. Алба-жұлбасын шығарып шоқып тастайды.

(Тұрар Избасаров «Қызыл қасқыр»)

Жүргізілген жұмыстың нәтижесінде оқушылар тілдік байланыс құралын меңгеріп, өз мәтінінде осы байланыс құралын қалай қолдануға болатынын үйренеді. Оқушыларға өз мәтінін құруға үйрету үшін осы жаттығуды үлгі ете отырып, мынадай беріледі: «Мен сүтті қалай ұйыттым» деген тақырыпқа лексикалық байланыс құралдарын (алдымен, содан кейін, сосын, соңында) пайдаланып, мәтін құрып жазындар. [129,б. 193].

Біз әдістемелік жүйені жасақтауда оқушылардың ойлау мен сөйлеу дағдыларын қалыптастыру үшін дәстүрлі әдістерді де (бақылау, ойын, жаттығу, топтық, т.б.) және оқытудың инновациялық әдіс-тәсілдерін де (проблемалық оқыту, сыни тұрғыда ойлауды дамытуға арналған әдіс-стратегиялар т.б.) бір-бірімен байланыстыра отырып, тиімді қолдануға тырыстық. Әдіс-тәсілдерді қолдану оқушылардың білімін тереңдетіп қана қоймай олардың тапсырманы

орындауға деген ынтасына, ізденуіне, шығармашылықпен жұмысты орындауына жағдай туғызды.

Әдістемелік жүйесін құраушы келесі компоненті - *оқыту құралдары*. Біз оқушылардың ойлау және сөйлеу дағдыларын пәнаралық байланыста қалыптастыруда әдебиеттік оқу, дүниетану, жаратылыстану, музыка, өзін-өзі тану оқулықтарының пәнаралық ортақ ұғымдарын, танымдық мәтіндерін қолдандық. Атап айтсақ, «Әдебиеттік оқу» оқулығынан: 8-жаттығу.«Отан!» К.Салықов б.7; «Туған жер» Ө.Қанахин б.10; «Сөз мәйегі» Б.Үсенбаев б.96; «Археолог» Б.Серікбай б.122; «Қазақ тілі» оқулығынан: «Табиғаттың таңғажайып құбылыстары» б.10; 6-жаттығу, 27-жаттығу, «Әнші құм»б.30 және т.б.; «Музыка» оқулығынан: А.Асылбек «Қазақстан – елім менің!» б.7; «Музыкадағы табиғат құбылыстары» б.68 және т.б.; «Жаратылыстану» оқулығынан: «Желдің пайдасы мен зияны» б.64; «Көбелек» б.30; «Қорықтар» б.42; «Ауаның маңызы қандай» және т.б. [151].

Пәнаралық байланыста бастауыш сынып оқушыларының ойлау мен сөйлеу дағдыларын қалыптастырудың теориялық-әдіснамалық негіздеріне сүйене отырып, әдістемелік кешен: бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған «Бастауыш мектепте ойлау мен сөйлеуді пәнаралық байланыста қалыптастыру негіздері» атты ғылыми-әдістемелік семинарының бағдарламасы, бастауыш сынып оқушыларына арналған «Ойлау мен сөйлеудің құпиясы» атты факультативтік курс бағдарламасы, пәнаралық байланыста ойлау мен сөйлеу дағдыларын қалыптастыруға арналған жаттығулар мен тапсырмалар жүйесі әзірленді. Әдістемелік кешенде ұсынылған оқыту бағдарламаларының толық мазмұнына алдағы тарауда тоқталатын боламыз.

Қорыта келе, әдістемелік жүйеде бастауыш сынып оқушыларының ойлау мен сөйлеу дағдыларын қалыптастыру мәселесінің сипаттауымен, педагогикалық эксперимент нәтижелерімен бірлесе отырып, бастауыш сыныпта білім беру үдерісін сапалы деңгейге көтерудің жаңа кезеңдерін ұсынады.

2.3 Пәнаралық байланыста бастауыш сынып оқушыларының ойлау мен сөйлеу дағдыларын қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі

Біздің зерттеуіміздің міндеттерінің бірі пәнаралық байланыста бастауыш сынып оқушыларының ойлау мен сөйлеу дағдыларын қалыптастырудың моделін жасау болғандықтан, алдымен «модель» ұғымына анықтама беру орынды болады. Педагогикалық ғылыми зерттеулерде модельдеу әдісін қолдану және модельді құру кең қолданылуда. Модель құру оның негізгі белгілері, олардың байланыстары, ерекшеліктері сипатталады, бұл зерттелініп жатқан объектіні жаңғыртуға, ғылыми тұрғыдан зерттеуге мүмкіндік береді. Модель болу үшін жаңа білім алуға мүмкіндік болатын қажетті шарттар айқындалуы тиіс.

Ғылыми еңбектерді талдау барысында «модель – қандай да бір объектінің, процестің үлгісі, үлгілі данасы, бейнесі, схемасы, сипаттамасы» ретінде қарастырылады. Ал анықтамалық сөздіктерді талдауда «модель» (француз) –

«өлшем, үлгі, норма; (лат.) - кескін, қысқартылған нұсқа» дегенді білдіреді [152].

Жалпы философиялық терминдер бойынша, модельдеу процесін талдау модельдеу объектілерінің бар екендігі туралы шындықты танудан басталуы керек екені анық. Бұл талдау келесі негізгі ережелерге негізделеді: 1) Модель – бұл нақты объектінің гносеологиялық көрінісі; 2) Модель – бұл объектінің гомоморфты көрінісі, оның нәтижесінде бастапқы құрылым қысқартылып, жеңілдетіледі. Модель зерттелетін объектінің зерттеу үшін ең маңызды болып табылатын негізгі аспектілерін ғана жаңғыртады; 3) Модель – бұл танымдық объектіні құруға, жобалауға, қатысуды қамтиды [154].

Ш.Т.Таубаева модельдеуді үлгі деп аталатын бір нысандағы басқа бір нысанның сипатын жүзеге асыру ретінде қарастырады. Оның ойынша, модель мен түпнұсқаның арасында айқын көрінетін ұқсастық қатынас бар: ғылыми таным үдерісінде модель түпнұсқаны алмастырады; модельді зерттеу түпнұсқа туралы ақпарат береді [153].

А.Н.Дахиннің пікірінше, «модель – схема, физикалық құрылымдар, таңбалы нысандар немесе формулалар түрінде жасанды жасалған үлгі, ол зерттелетін объектіге (немесе құбылысқа) ұқсай отырып, осы объектінің құрылымы, қасиеттері, өзара байланысы және элементтері арасындағы қарым-қатынасты неғұрлым қарапайым және өрескел түрде бейнелейді және жаңғыртады» [154,с.22]. Ал, М.Вартофский модельге келесі анықтама береді: «бір жағынан, модель идеяның көрінісі, ал екінші жағынан - бұл идеяны жүзеге асырудың динамикалық аспектісі» [155]. Біз модельді зерттелген объектіні жаңғыртатын және объект туралы жаңа ақпарат алуға мүмкіндік беретін, ақылмен ұсынылған және материалдық тұрғыдан жүзеге асырылған аналогы ретінде қарастырамыз.

Пәнаралық байланыста бастауыш сынып оқушыларының ойлау мен сөйлеу дағдыларын қалыптастыру моделін әзірлеу кезінде В.А.Штоффтың «модель - объект туралы жаңа ақпарат береді деген оймен ұсынылатын немесе материалдық іске асырылатын жүйе» деген идеясын басшылыққа алдық [156].

Ұсынылған анықтамаларды талдай келе, пәнаралық байланыста бастауыш сынып оқушыларының ойлау мен сөйлеу дағдыларын қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделін жасауда біз Қазақстан Республикасында білім беру мен ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын (Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 1 наурыздағы №205 Жарлығы), Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. 27.07.2007 ж., №319-III ҚРЗ. Астана. Ақорда, Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы), бастауыш білім беру деңгейінің 2-4 – сыныптарына арналған оқу бағдарламаларын, дербес пәндердің әдістемесін басшылыққа алдық.

Біздің ойымызша, зерттелетін мәселесінің теориялық моделі бастауыш сынып оқушысының мектеп жағдайында ойлау мен сөйлеу дағдысы дамыған оқушы ретінде қалыптасуының мақсаты мен күтілетін нәтижесін болжауға,

оқушының тілдік дағдыларын меңгеруге, қатысымдық қатынасты орнатуға және т.б. тетіктерін қамтамасыз етеді.

Ұсынылып отырған модель бастауыш сынып оқушыларының ойлау мен сөйлеу дағдыларын қалыптастырудың жоғары деңгейде дамуына бағытталған педагогикалық жүйенің үлгісі болып табылады. Модель білім беру үдерісінде бастауыш сынып оқушыларының ойлау мен сөйлеу дағдыларын қалыптастыру үдерісін сипаттайды, оның басты қызметі - оқушының ойлау мен сөйлеу дағдыларын қалыптастыру мәселенің мәнін ашуға, құрылым ретінде түсінуге мүмкіндік беру болып табылады.

Модельді жүзеге асыру негізінде оқушылардың ойлау мен сөйлеу дағдылары қалыптасып қана қоймай, алған білімдерін тәжірибеде жоғары деңгейде қолдана алулары, олар диалог құруға, көпшілік алдында еркін сөйлеуге, ой қорытындысын жасауға, пәнаралық мәтіндерді талдау дағдыларын оқу әрекетінде педагогикалық шығармашылықтың жоғары деңгейін көрсете білулері, оқушылардың жеке қабілеттері мен мүмкіндіктерін ескере отырып, олардың толыққанды дамуы және өзін өзі дамытуын қамтамасыз етілетіндігі күтіледі [157].

Пәнаралық байланыста бастауыш сынып оқушыларының ойлау мен сөйлеу дағдыларын қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық модельдің мақсаты – пәнаралық байланыста бастауыш сынып оқушыларының ойлау мен сөйлеу дағдыларын қалыптастырудың теориялық-әдіснамалық негіздерін, компоненттерін, өлшемдерін, көрсеткіштерін және деңгейлерін, нәтижелерін саралау болып табылады.

Енді модельдің құрылымына тоқталып, оның ішкі элементтерін жеке-жеке талдауға көшеміз.

Пәнаралық байланыста бастауыш сынып оқушыларының ойлау мен сөйлеу дағдыларын қалыптастыруда келесі тұғырларды басшылыққа аламыз. Олар: *жүйелілік тұғыр, интегративті тұғыр, іс-әрекеттік тұғыр, орта тұғыры.*

Ғылыми әдебиеттерде «*тұғыр*» ұғымы педагогика ғылымында әдіс-тәсілдердің жиынтығы ретінде қолданылады. Тұғыр – бұл негізгі идея мен мәселені шешудің әдіснамасы, философиялық, психологиялық-педагогикалық алғы шарттарды, мақсаттарды, принциптерді, мақсатқа жету кезеңдерін ашатын құрал болып табылады. Олай болса, біз қарастырып отырған бастауыш сынып оқушыларының ойлау мен сөйлеу дағдыларын пәнаралық байланыста қалыптастырудың әдіснамалық тұғырларын негіздеу қажеттілігі туындайды.

Жүйелілік тұғырды қазіргі ғалымдар құбылысты жүйе ретінде зерттеуді қамтитын зерттеу бағыты ретінде түсіндіреді. Жүйе - өзара байланысты қарым-қатынаста болатын және белгілі бір тұтастықты, бірлікті туғызатын элементтердің жиынтығы деп қарастыратыны белгілі. Жүйеге кіретін әрбір элемент кіші жүйе, жаңа жүйе ретінде қаралуы мүмкін. Жүйелілік тұғыр - нақты гносеологиялық жағдаяттағы диалектикалық әдістердің көрінісі. Сондықтан, жүйелілік жалпы ғылыми әдіснамалық зерттеудің бір құралы ретінде оқу-тәрбие үдерісін және бір-бірімен байланысты құбылыстарды жүйелі зерттеуге қажет сапалы ғылыми тұғыр болып табылады. Жүйелілік тұғыр бұл оқушыларға арналған нұсқаулар немесе элементтер жиынтығы ғана емес,

білім беру үдерісіне қатысты ойлау тәсілі. Жүйелілік тұғырдағы білім мақсаты - бастауыш білім беру үдерісіндегі пәнаралық байланысты жүзеге асыру, педагогикалық зерттеу субъектілері - мұғалім, оқушы; компоненттер құрылымына - пәнаралық байланыс, қатысымдық орта, танымдық іс-әрекет, мотив жатады. Жалпы, бастауыш сынып оқушыларының ойлау мен сөйлеу дағдыларын қалыптастыруда жүйелілік тұғырдың алатын орны ерекше. Себебі бұл жерде, біздің ойымызша бірнеше жүйе бар. Атап айтсақ оқушының өзі: физиологиялық, психологиялық т.б. ішкі құрылымдардан тұратын жүйе, ал білім беру де реттілікті, тәртіпті, кезеңділікті сақтауды талап ететін тұтас жүйе. Бұл ретте ішкі жүйе мен тұтас жүйенің бір-бірімен байланысын ретке келтіріп, пәнаралық байланыста ойлау мен сөйлеу дағдыларын қалыптастыруға бағыттау зерттеу нысанасына алып отырған мәселені шешуді нәтижелі ететіндігіне көзіміз жетеді. Жүйелілік тұғыр пәнаралық байланыстарды реттеуде пәнаралық ортақ ұғымдарды біріктіруге, құрылым жағынан сәйкес келетін пәндерді кіріктіруге бағыт береді, ондағы құбылысты келесі интегративті тұғыр байланыста дамытады [158].

Интегративті тұғыр – күрделі жүйелік құбылыстарды, процестерді, объектілерді зерттеу кезінде қолданылатын зерттеу әдістердің, объектілердің, үдерістердің, құбылыстардың жиынтығының нәтижесінде жаңа сапа құрылады деп қарастырады. Бұл тұғырды іске асыруда интегративті процестердің екі негізгі деңгейін жүзеге асыруды қамтиды: 1) *пәнаралық интеграция* - әртүрлі пәндер мазмұнының өзара байланысы мен өзара тәуелділігі, бұл оқыту қызметтің мәнін толық түсінуді және оны жүзеге асыруға дайын болуды қамтамасыз етеді; *пәнішілік интеграция* - пәннің бөлімдері арасында семантикалық, мазмұндық, құрылымдық және технологиялық байланыстарды орнатуға бағытталған. Интеграцияның бұл түрі жүйені құрайтын байланыстарды, сондай-ақ теорияның практикамен байланысын анықтауға мүмкіндік береді [121, с. 136].

Ғалым В.С.Безрукова білім беру жүйелеріне қатысты интегративті тұғырды «мақсаттарды, мазмұнды, оқыту нысандары мен әдістерін, іс-әрекет түрлерін, білімді, дағдыларды, қасиеттер мен жеке қасиеттерді интеграциялау қажеттілігін түсінуге негізделген тұғыр» деп түсінеді [159]. Яғни, интегративті тұғыр әлемнің күрделі объектілері мен процестерін зерттеуде тұтас бірлікті қамтамасыз етеді. Бұл бірлік алдымен ғылыми фактілер, тұжырымдамалар, заңдар деңгейінде белгіленеді, содан кейін әмбебап түрде көрсетіледі, оның тиімділігі жалпыланған білімнің (тұжырымдамалар, заңдар, жалпы теориялар) қалыптасуымен, әлемнің ғылыми бейнесін түсінумен және сайып келгенде тұтас ғылыми дүниетаныммен анықталады. Білім беру үдерісіндегі интегративті тұғыр оқушылардың жан-жақтылығын, білім тұтастығын қамтамасыз етудің, олардың жүйелі ойлауы мен ғылыми дүниетанымын қалыптастырудың нақты нысаны болып табылады. Интегративті тұғырдың көмегімен бір ғылыми пәннің білімін екінші ғылыми пәнде қолдану нәтижесінде әртүрлі ғылымдардың өзара байытылуы мен дамуы жүреді. Бұл, әрине, оның күшті жағы деп қарастырамыз.

Осы тұғырды басшылыққа алу арқылы пәнаралық және пәнішілік байланыстар оқу үдерісін оңтайландыруда, оқытудың ұйымдастырушылық формаларын тиімді пайдалану үшін, сондай-ақ оқу үдерісінің барлық негізгі буындарын мақсатты түрде қайта құру үшін ерекше маңызға ие. Мұндай жағдайда бастауыш сынып оқушыларының пәндік білім сапасының артуы жолға қойылады. Олай деуге негіз бар. Демек, интегративті тұғырға негізделген оқыту мыналарға мүмкіндік береді: ойлаудың жаңа жақтары мен компоненттерін анықтау, жаңа сұрақтар қою, байланысты анықтау; пәнаралық байланысқа негізделген оқу-танымдық іс-әрекетке қажетті құралдарды біріктіру; әртүрлі ғылыми салалар арасындағы кейбір қайшылықтарды жою; ғылыми терминологиялық аппараттың ортақ тілін анықтау; объектіні зерттеудің әдістемелік бірлігін қалыптастыру.

Сонымен, интегративті тұғыр оқушыға пәндік білімді кеңейтуге, жеке пәннен тыс барлық білімді қолдана отырып, мәселені шешудің жолын көрсетуге мүмкіндік беретінін, сондай-ақ жаңа сапалы нәтиже, жаңа жүйелік және тұтас білім беретін педагогикалық процестің әртүрлі аспектілерін тұтастай қарастыруды қамтитынын байқадық.

Іс-әрекеттік тұғыр. Ғалымдар (С.Л.Рубинштейн, А.Н.Леонтьев) іс-әрекеттік тұғырды тұлға әрекет субъектісі ретінде қарастырылды. Тұлға басқа адамдармен әрекет барысында қалыптаса отырып, осы әрекеттің сипаты мен қатынасын анықтайды. Іс-әрекеттік тұғыр мұғалім мен оқушының қызметінің негізгі компоненттерін бірыңғай әдіснамалық тұрғыдан қарастыруға мүмкіндік береді. Оқушының ойлау мен сөйлеу дағдыларын қалыптастыруда іс-әрекеттік тұғыр өзін-өзі дамытуда және өзін-өзі жүзеге асыруда қанағаттандыратын әрекет болып табылады. С.Л.Рубинштейн іс-әрекеттің негізгі ерекшеліктеріне қатысты келесі маңызды теориялық жалпылама тұжырымдар жасайды: іс-әрекет субъективті, яғни жануарға да, машинаға да емес, адамға тиесілі, субъектсіз іс-әрекет бола алмайды (іс-әрекет субъектісі); іс-әрекет субъектілердің бірлескен қызметі жағдайында жүзеге асырылады (іс-әрекет субъектісі мен бірлескен іс-әрекет субъектілері); іс-әрекет субъектінің объектімен әрекеттесуін қамтиды, яғни, әрқашан объективті, нақты, мағыналы; іс-әрекет саналы және мақсатты; шығармашылық және дербес іс-әрекетте адамдар мен олардың психикасы тек көрініс тауып қана қоймайды, оның негізінде құрылады, қалыптасады, дамиды, және ең алдымен, шындыққа жатпайтын жағдайда оларды объективті түрде зерттеуге болады [18,с. 18].

Ғалымның тұжырымдамалық идеясы адам іс-әрекетінің өзіндік ерекшелігі ретінде оның саналы және мақсатты сипатын бөліп көрсете отырып, оның көмегімен өз мақсаттарын жүзеге асыратынын, өзінің жоспарлары мен идеяларын объективті түрде көрсетеді десек қателеспейміз.

А.Н.Леонтьев атап өткендей, адамның өмірлік белсенділігінің барлық көріністерін іс-әрекетке жатқызуға болмайды. Түпнұсқалық белсенділік әрқашан шындықтың өзгеруімен байланысты. Педагогикада іс-әрекеттің негізгі үш түрі: ойын, оқу және еңбек әрекеттері жетекші болып бөлінеді. Психологияда келесі құрылымдық компоненттерді қамтитын іс-әрекет құрылымы: қажеттілік-мотив-міндет-құралдар (мәселені шешу), әрекеттер,

операциялар. Ғалымның айтуынша, іс-әрекет ұғымы міндетті түрде мотив ұғымымен тығыз байланыста. Осылайша, іс-әрекетке негізделген тұғыр мыналарды қамтиды: оқушыларда танымдық мотив пен оқуға деген ынтасының болуы; оқушылар білімін жетілдіруде белгілі бір әрекеттерді орындауы; оқушылардың алған білімдерін саналы түрде қолдануға мүмкіндік беретін іс-әрекет әдісін анықтау және дамыту; оқушылар өз іс-әрекетін бақылауды қалыптастыру [160].

Біздің ойымызша, ойлауы мен сөйлеу дағдылары қалыптасқан оқушының бойында жоғарыдағы аталған әрекеттер болуы тиіс, әрі педагогикалық әрекеттері осыларға сәйкес келуі қажет. Аталмыш тұғыр, бастауыш сынып оқушыларының оқу үдерісіне қойылатын талаптарды қанағаттандыратын және қатысымдық іс-әрекетке дайын болуын қамтамасыз етеді.

Орта тұғыры. «Орта» ұғымы педагогикалық мәні жағынан тәрбиенің әлеуетті құралы ретінде анықталса, функционалдық тұрғыдан алғанда өмір салтын қалыптастыратын және дамуына қолдау жасайтын объект ретінде қарастырады. Демек, орта тұғыры оқушы тұлғасының дамуы мен қалыптасуына саналы және бейсаналы түрде әсер етеді, мұндағы негізгі күш әлеуметтік және интеллектуалдық қарым-қатынас орнатуына, ақпараттық бағдарлау қабілетін қалыптастыруына, қалыптасқан дағдыларды басқа қызмет түрлеріне ауыстыру тетіктерін жандандыруына, рухани өзін-өзі дамуына және жетілуіне жұмсалады.

Ю.С. Мануйлованың зерттеуінде «орта тұғыры - тұлғаны қалыптастыру және дамыту (орта арқылы) жанама басқарудың теориясы мен технологиясын білдіреді» [161]. Ғалымдардың бұл пікірінен, біз орта тұғыр оқушы тұлғасының дамуы мен қалыптасуына әсер ететін негізгі фактор деп қарастырамыз.

Ю.С. Бродскийдің пікірінше, орта тұғыры тек тәрбие ғана емес, бүкіл педагогика теориясына қосылған елеулі ғылыми үлес деп санайды. Бұл тәсіл білім беру мекемелері қызметкерлерінің қызметін әдістеме, теория және білім беру технологиясы деңгейінде түбегейлі өзгертуге, қоршаған ортаны түсіну тәжірибесінен оны қолдануға көшуге мүмкіндік береді [162]. Демек, бастауыш сынып мұғалімдері білім ортасын құрушы, ондағы болып жатқан үдерістерді басқарушы, материалдық жағдай жасауды және оның тиімділін арттыру жолдарын ізденуші субъект болып табылады. Пәнаралық байланыста бастауыш сынып оқушыларының ойлау мен сөйлеу дағдыларын қалыптастыруда орта тұғыры білім беру ортасының орнын анықтауға мүмкіндік береді.

Зерттеу жұмысымыздың әдіснамалық негізін құруда басшылыққа алып отырған тұғырлар зерттеуіміздің әр кезеңінде ойлау мен сөйлеу дағдыларын қалыптастыруға жол ашады деп ойлаймыз.

Келесі кезекте біздің зерттеу жұмысымыздың әдіснамалық негізін құрайтын жүйелілік және бірізділік ұстаным, оқытудың сабақтастығы ұстанымы, теория мен практиканың бірлігі және т.б. ұстанымдарына тоқталамыз.

Жүйелілік және бірізділік ұстанымы оқушыларға үйретілген білімнің белгілі бір жүйемен байланысып, әрі кеңейіп, әрі тереңдетіп қорлана түсуін мақсат етіп, оқушылардың әр кезеңде меңгерген білімі өзара логикалық

байланысты түрде олардың санасында бекітіліп, кейінгінің алдыңғыға сүйеніп жаңаны игеруге дайын болуын мақсат етеді. Оқу үдерісінде оқушы білімінің жүйелі қалыптасуында салыстыру әдісін қолдана білудің маңызы ерекше. Жүйелілік пен бірізділік ұстанымы оқушы мен мұғалімнің әрекетінде жүзеге асып, жалпы ойды көрсету және оқушылардың зерттелетін құбылыстар мен фактілерді талдау, жүйелеу және жалпылау қабілетін дамытуға ықпал етеді [81,б. 45].


Оқытудың сабақтастығы ұстанымы. Пәнаралық тұрғысынан алғанда оқыту үдерісінде бір сыныпта оқытылатын немесе ортақ тақырыптар арқылы өтілетін тақырыптардың бір-біріне мағыналық жағынан сәйкес келетіндерді, бір-бірін үстемелеп толықтырып отыратын элементтерді алдын ала байқап, сабақтастыра жүзеге асыруды көздейді. Демек, оқушының ілгерідегі меңгерген білімінің жаңа материалды ұғыну үшін себебін тигізетіні тірек етіп пайдаланылады. Оқушы үшін жаңа материалды өткен материалмен шебер ұштастыруда нәтижелі болмақ.

Теория мен практиканың бірлігі ұстанымы, әрбір сабақта оқытылатын материалдың практикалық құндылығын көрсетуді, оқушының осы білімнің шешіммен байланысына көз жеткізуге мүмкіндік алатын жағдайларды, тапсырмаларды жасауды талап етеді. Сондай-ақ қызығушылықты арттырып, оқу жұмысының мазмұнына практикалық және тұлғалық мән береді. Бұл материалдың практикамен тікелей байланысы болмаған жағдайда, оқушының қиялын практикалық әрекетке қосуды әлі де қолдану керек. Өзі шешім қабылдауға және жауапкершілікті көтеруге тиісті практикалық жағдайды елестетудің өзінде оқушы оқыту қызметке тартылады, бұл өз кезегінде ұзақ мерзімді есте сақтау механизмдерін қосуға, ассимиляция күшін нығайтуға ықпал етеді. Олай болса, практикамен байланыстыру ұстанымын жүзеге асыру ұзақ уақыт есте сақтауға деген көзқарастың қалыптасуына, оқу материалын қабылдаудың жақсаруына ықпал етеді, соның арқасында оқытылатын пән терең мағынаға ие болады [70,б. 98].

Тілдік сезімге сүйену және оны дамыту ұстанымы. Оқушы сөздің мағынасын ажыратып, сөз тіркесі мен сөйлемдерді дұрыс құрастырып, ойды түсінікті етіп айта алады, байланыстырып сөйлеу тәсілдерін меңгереді. Тілдік сезімге сүйену оқушыға сауатты сөйлеудегі, сауатты жазудағы құралы ретінде қызмет атқарады. Ендеше, тіл құбылыстарын ажырата білу икемділігін өз бойына жақсы дарытқан бастауыш сынып оқушының сауатты түрде сөйлеу, сауатты жазу мүмкіндіктері де жоғары деңгейде қалыптасады.

Сөйлеу мәнеріне зейін қою ұстанымы. Сөйлеудің эмоциялық мәнерінің мәнін танытуды көздейді. Бұл ұстанымды тілдік пәндерді оқыту үдерісінде қолданғанда, көркем шығармаларды, басқа да мәтіндерді сабақта пайдаланып, сол үлгілерде функциялық-стильдік ерекшеліктердің айқын көрініс беретіні танытылады. Таңдап алынған материалдар мәтіннің эмоциялық және мағыналық нәзік белгілерін ұғындыруға мүмкіндік береді.

Нәтижеде: келесі беттегі 17-суретте берілгендей, ойлау мен сөйлеу дағдысы қалыптасқан бастауыш сынып оқушысы қалыптасады деп күтіледі.



Сурет 17 - Пәнаралық байланыста бастауыш сынып оқушыларының ойлау мен сөйлеу дағдыларын қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі

Пәнаралық байланыста бастауыш сынып оқушыларының ойлау мен сөйлеу дағдыларын қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық модельдің компоненттері: мотивациялық, танымдық, нәтижелік.

Мотивациялық компонент. Мотивация - мақсатқа негізделген мінез-құлыққа түрткі болатын және оны қуаттап отыратын процесс. Бұл анықтама танымдық сипатта, өйткені ол бойынша оқушылар алдарына қойған мақсаттарына жету үшін танымдық процестер (мысалы, жоспарлау, бақылау) мен мінез-құлық сапаларын (мысалы, табандылық, талпыныс) пайдаланады [163]. Оқушының мотивациясын тікелей бақылай алмаймыз. Оны тек тапсырманы таңдау, тапсырманы орындаудағы талпынысы, табандылық, мақсатқа жетудегі әрекеттеріне сүйене отырып түсіне аламыз. Мотивациялық компонент бастауыш сынып оқушысының ойлау мен сөйлеу дағдыларын қалыптастыру құрылымында реттеуші қызметін орындайды, оқушының пәнаралық білімге, ойлау және сөйлеу дағдыларын игеруге деген ұмтылысы мен талпынысын білдіреді. Бұл компоненттің өлшемі: «мотивациялық қатынас» деп алдық. Ендеше, бұл өлшемнің көрсеткіштері: *оқу пәндерін оқытуда пәнаралық танымдық тапсырмаларды орындауға деген қызғушылық; ортақ пәнаралық ұғымдарды меңгеруге деген талпыныс; пәнаралық байланыста ойлау мен сөйлеуді жетілдіруге деген ұмтылыс.*

Бастауыш сынып оқушысының ойлау мен сөйлеу дағдыларын қалыптастырудың келесі компоненті - бұл оқушыларды мектептегі пәнаралық білім беру жағдайында педагогикалық оқу іс-әрекетіне қажетті және жеткілікті оқытуға бағытталған білім, білік, дағдылар жүйесімен қаруландыруды көздейтін **танымдық компонент.**

Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын, Бастауыш білім беру деңгейінің 1-4 – сыныптарына арналған «Қазақ тілі», «Әдебиеттік оқу», «Математика», «Дүниетану» пәнінен үлгілік оқу бағдарламасын талдай келе, пәнаралық байланыс ортақ тақырып арқылы жүзеге асқандығын байқаймыз. Бұл дегеніміз оқу үдерісінде оқушылардың ойлау мен сөйлеу дағдыларын пәнаралық байланысты жүзеге асыруды көздейді. Ендеше, бастауыш сынып пәндерін пәнаралық байланыста оқытып, оқушылардың ойлау мен сөйлеу дағдыларын қалыптастыруға болады. Бұл компоненттің өлшемі: «когнитивті-мағынаны тану» деп алдық. Ендеше, бұл өлшемнің көрсеткіштері: *пәнаралық оқу материалдары бойынша білімі; ұшқыр ойлау мен тілдік дағдыларды еркін қолдану білігі; пәнаралық байланыста ойлау мен сөйлеуге бағытталған әрекет тәсілдерін білу белсенділігі.* Моделіміздің танымдық компоненттің негізгі жинағы пәнаралық байланыста бастауыш сынып оқушыларының ойлау мен сөйлеу дағдыларын қалыптастыруға арналған әдістемелік кешен әзірлеу болып табылады. Зерттеу барысында бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған «Бастауыш мектепте ойлау мен сөйлеуді пәнаралық байланыста қалыптастыру негіздері» атты ғылыми-әдістемелік семинарының бағдарламасы; бастауыш сынып оқушыларына арналған «Ойлау мен сөйлеудің құпиясы» атты факультативтік курс бағдарламасы; пәнаралық байланыста ойлау мен сөйлеу дағдыларын қалыптастыруға арналған жаттығулар мен тапсырмалар жүйесі әзірленді.

Нәтижелік компонент пәнаралық байланыста берілген білімнің мақсаты мен міндеттеріне жету үшін оқу үдерісін жоспарлаумен, ұйымдастырумен және жүзеге асырумен байланысты оқушының ойлау мен сөйлеу дағдыларын қалыптастыру нәтижелерін көрсетуге бағытталған. Бұл компоненттің өлшемі: «рефлексиялық-бағалаушылық» деп алдық. Ендеше, бұл өлшемнің көрсеткіштері: *пәнаралық білім алуда тың идея құра алу білігі; пәнаралық оқу материалдары бойынша танымдық тапсырмалар арқылы қол жеткен нәтижені рефлексиялау білігі; өз ойын еркін білдіріп, пәнаралық білімнің нәтижесін бағалауы.*

Сонымен, пәнаралық байланыста бастауыш сынып оқушыларының ойлау мен сөйлеу дағдыларын қалыптастырудың өлшемдері және көрсеткіштері төменде ұсынылған (кесте 7).

Кесте 7 – Пәнаралық байланыста бастауыш сынып оқушыларының ойлау мен сөйлеу дағдыларын қалыптастырудың өлшемдері және көрсеткіштері

Компонент	Өлшем	Көрсеткіштер
Мотивациялық	Мотивациялық қатынас	-оқу пәндерін оқытуда пәнаралық танымдық тапсырмаларды орындауға деген қызғушылық; - ортақ пәнаралық ұғымдарды меңгеруге деген талпыныс; - пәнаралық байланыста ойлау мен сөйлеуді жетілдіруге деген ұмтылыс.
Танымдық	Когнитивті-мағынаны тану	- пәнаралық оқу материалдары бойынша білімі; - ұшқыр ойлау мен тілдік дағдыларды еркін қолдану білігі; - пәнаралық байланыста ойлау мен сөйлеуге бағытталған әрекет тәсілдерін білу белсенділігі.
Нәтижелік	Рефлексиялық-бағалаушылық	-пәнаралық білім алуда тың идея құра алу білігі; -пәнаралық оқу материалдары бойынша танымдық тапсырмалар арқылы қол жеткен нәтижені рефлексиялау білігі; -өз ойын еркін білдіріп, пәнаралық білімнің нәтижесін бағалауы.

Жоғарыдағы аталған компоненттердің өлшемдері мен көрсеткіштерін талдай келе, біз пәнаралық байланыста бастауыш сынып оқушыларының ойлау мен сөйлеу дағдыларын қалыптастырудың келесі деңгейлерін анықтадық: «өте жоғары», «жоғары», «орташа», «төмен», «өте төмен».

«Өте жоғары» - бастауыш сынып оқушылары танымдық тапсырмаларды орындауда ортақ пәнаралық ұғымдардың мағынасын толық түсінеді, өз бетімен бір пәннің аясында алынған мәліметті екінші пәнде еркін қолдана алады, мәтінді талдау, жинақтау, салыстыру арқылы қорытынды жасайды, өз шешіміне дәлелдемелер келтіруге қабілетті, көпшілік алдында еркін сөйлей алады, қарым-қатынасқа еркін түседі, өз ойын жүзеге асыруда пікірі мен тұжырымын анық, түсінікті, сауатты түрде қалыптан тыс жеткізеді.

«Жоғары» - бастауыш сынып оқушылары танымдық тапсырмаларды орындауда ортақ пәнаралық ұғымдардың мағынасын түсінеді, өз бетімен бір пәннің аясында алынған мәліметті екінші пәнде қолдана алады, мәтінді талдау, жинақтау, салыстыру арқылы қорытынды жасайды, көпшілік алдында еркін сөйлей алады, қарым-қатынасқа еркін түседі, өз ойын жүзеге асыруда пікірін тұжырымдайды.

«Орташа» - бастауыш сынып оқушылары танымдық тапсырмаларды орындауда ортақ пәнаралық ұғымдардың мағынасын ішанара түсінеді, өз бетімен бір пәннің аясында алынған мәліметті екінші пәнде мұғалімнің кішігірім жетекшілігімен қолдана алады, мәтінді талдау, жинақтау, салыстыру арқылы қорытынды жасайды, көпшілік алдында сөйлей алады, қарым-қатынасқа түседі, бірақ өз ойын жүзеге асыруда пікірі мен тұжырымын жеткізуде қиналады.

«Төмен» - бастауыш сынып оқушылары танымдық тапсырмаларды орындауда ортақ пәнаралық ұғымдардың мағынасын түсінбейді, өз бетімен бір пәннің аясында алынған мәліметті екінші пәнде қолдануда қиналады, мәтінді талдау, жинақтау, салыстыру арқылы қорытынды жасауда, көпшілік алдында еркін сөйлей алуда, қарым-қатынасқа еркін түсуде, өз ойын жүзеге асыруда пікірі мен тұжырымын жеткізуде қиындыққа тап болады.

«Өте төмен» - бастауыш сынып оқушылары танымдық тапсырмаларды орындауда ортақ пәнаралық ұғымдардың мағынасын түсінбейді, өз бетімен бір пәннің аясында алынған мәліметті екінші пәнде қолдануды қажет етпейді, мәтінді талдау, жинақтау, салыстыру арқылы қорытынды жасай алмайды, көпшілік алдында сөйлеу, қарым-қатынасқа еркін түсу, өз ойын жүзеге асыруда пікірі мен тұжырымын жеткізуге қажетті дағдылары жоқ.

Тұжырымдай келе, біз әзірлеген модель пәнаралық байланыста бастауыш сынып оқушыларының ойлау және сөйлеу дағдыларын қалыптастыруға ықпал етеді деген қорытындыға келдік. Модельді әзірлеу барысында теориялық-әдіснамалық негіздері; әдіснамалық тұғырлар мен ұстанымдар; өзара тығыз байланыстағы мотивациялық, танымдық, нәтижелік компоненттерден түзілген өлшемдері мен көрсеткіштерінің жиынтығын құрайды және деңгейлеріне (өте жоғары, жоғары, орташа, төмен, өте төмен) сәйкес жүзеге асырылады.

Жұмысымыздың келесі тарауында ұсынылып отырған құрылымдық-мазмұндық модельдің тиімділігін дәлелдеуге бағытталған тәжірибелік - эксперименттік жұмыс барысы мен алынған нәтижелер сипатталады.

3 ПӘНАРАЛЫҚ БАЙЛАНЫСТА БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ОЙЛАУ МЕН СӨЙЛЕУ ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ТӘЖІРИБЕЛІК-ЭКСПЕРИМЕНТТІК ЖҰМЫСЫ

3.1 Пәнаралық байланыста бастауыш сынып оқушыларының ойлау және сөйлеу дағдыларын қалыптастырудың бастапқы диагностикасы

Тәжірибелік-эксперимент жұмысымызға 2018-2021 жылдары аралығында Шымкент қаласы білім басқармасына қарасты «№68 жалпы орта білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 4 сынып оқушылары (60) және Түркістан облысы, Сайрам ауданы №93 Абылай хан атындағы жалпы орта мектебінің 4 сынып оқушылары (59), барлығы 119 оқушы және 25 мұғалім қатысты. Тәжірибелік-эксперимент жұмысының басында екі мектептің сынып оқушыларын бөліп алдық: тәжірибелік (59 оқушы) және бақылау (60 оқушы) сыныптары. Екі сыныптың оқушыларының білім беру жүйесінде ешқандай айырмашылық болған жоқ, тек тәжірибелік сыныптағы оқушылар қосымша біз ұсынған пәнаралық байланыста бастауыш сынып оқушыларының ойлау мен сөйлеу дағдыларын қалыптастырудың моделі негізінде оқу үдерісі ұйымдастырылды.

Тәжірибелік-эксперимент жұмыс үш кезеңді қамтыды, олар: анықтау, қалыптастыру, бақылау (кесте 8).

Кесте 8 - Анықтаушы, қалыптастырушы және бақылау эксперименті кезеңдерінің міндеттері және күтілетін нәтижелері

Анықтау кезеңі (2018-2019 оқу жылы)	
1	2
Мақсаты	Оқушылардың ойлау және сөйлеу дағдыларының қазіргі даму деңгейін анықтау.
Міндеттері	Бақылау және тәжірибелік сыныптарды анықтау. Оқушылардың ойлау және сөйлеу дағдыларының қалыптасу деңгейінің алғашқы диагностикасын жүргізу.
Зерттеу әдістері	Нормативтік-әдістемелік құжаттарды зерттеу тақырыбы тұрғысынан талдау.
Тәжірибе нәтижелері	Бақылау және тәжірибелік сыныптар анықталды. Оқушылардың ойлау және сөйлеу дағдыларының қалыптасу деңгейінің алғашқы диагностикасы анықталды.
Қалыптастыру кезеңі (2019-2020 оқу жылы)	
Мақсаты	Пәнаралық байланыста оқушылардың ойлау мен сөйлеу дағдыларын қалыптастыру.
Міндеттері	Оқу процесінде пәнаралық байланысты қолдану арқылы оқушының ойлау мен сөйлеу дағдыларын қалыптастыруда мұғалімдерге арналған ғылыми-әдістемелік семинар бағдарламасы мен факультативтік сабақ ретінде әзірленген бағдарлама және жаттығулар мен тапсырмалар жүйесін іске асыру.
Зерттеу әдістері	Эмпирикалық және теориялық әдістермен жұмыс жасаудағы оқу-танымдық қызмет барысын тану әдістері.

8 - кестенің жалғасы

1	2
Тәжірибе нәтижелері	Әдістемелік кешен іске асырылды.
Бақылау кезеңі (2020-2021 оқу жылы)	
Мақсаты	Пәнаралық байланыста оқушылардың ойлау мен сөйлеу дағдыларын қалыптастырудың тиімділігін анықтау.
Міндеттері	Бақылау, тәжірибелік жұмыстың сандық және сапалық динамикасын талдау, ғылыми негізделген ұсыныстар әзірлеу.
Зерттеу әдістері	Салыстырмалы талдау және зерттеу нәтижелерін түсіндіру, эксперимент нәтижелерін екінші реттік өңдеудің статистикалық әдістері.
Тәжірибе нәтижелері	Қорытынды тұжырым, диссертациялық зерттеудің ұсыныстарын ұсыну.

Пәнаралық байланыста бастауыш сынып оқушыларының ойлау және сөйлеу дағдыларын қалыптастырудың диагностикасы екі кезеңнен тұрады: оқушылардың сауалнамасының нәтижелерін талдау және әдістемелер кешенінің көмегімен бастауыш сыныпта пәнаралық байланысты жүзеге асыру үдерісінде оқушылардың ойлау мен сөйлеу дағдыларының қалыптасу деңгейін анықтау. Диагностиканың нәтижелері әр компонент бойынша бастауыш сыныпта пәнаралық байланысты жүзеге асыру үдерісінде оқушылардың ойлау мен сөйлеу дағдыларының қалыптасуын сандық және сапалы сипаттауға мүмкіндік береді.

Ендеше, пәнаралық байланыста бастауыш сынып оқушыларының ойлау және сөйлеу дағдыларын қалыптастыруда төмендегідей сауалнамалар мен диагностикалық әдістемелер кешені таңдалды (кесте 9).

Кесте 9 – Пәнаралық байланыста бастауыш сынып оқушыларының ойлау және сөйлеу дағдыларын қалыптастырудың бастапқы деңгейін зерттеу әдістемелері

Компонент	Диагностикалық әдістемелер
Мотивациялық	1.«Оқытудың мотивациясын және оқуға эмоционалды қатынасты диагностикалау» (А. Д. Андреевтің модификациясы). 2.«Оқу белсенділігін анықтауға арналған сауалнама» (авторлық сауалнама).
Танымдық	1.«Сөйлеуді диагностикалау» әдістемесі (Р.С.Немов). 2.«Ауызша логикалық ойлауды зерттеу» әдістемесі (Э.Ф.Замбацявичене).
Нәтижелік	Арнайы әзірленген тапсырмалар.

Кестеде көрсетілген диагностикалық әдістемелердің көмегімен алғашқы алынған тәжірибелік мәліметтердің нәтижелерін қарастырамыз.

Ең алдымен бастауыш сынып оқушыларының оқуға деген мотивациясын анықтай отырып, біз ойлау мен сөйлеу дағдыларын қалыптастыру үшін бастауыш сынып оқушылары тақырыпты білуден басқа, белсенді өмірлік ұстанымға, мотивацияға ие болуы керек, бұл көбінесе педагогикалық іс-

әрекеттің мазмұны мен объектісіне байланысты болады. Олай болса, мотивациялық компонентін анықтау мақсатында қолданылған диагностикалық әдістеме мен сауалнаманың көмегімен алғашқы мағлұматтар алынды.

1. Анықтау кезеңінде бастауыш сынып оқушыларының оқу мотивациясын анықтау мақсатында **«Оқытудың мотивациясын және оқуға эмоционалды қатынасты диагностикалау» (А.Д.Андреевтің модификациясы)** әдістемесі қолданылды. Әдістеменің мақсаты – танымдық белсенділікті диагностикалау, жетістікке жету, ашу-ыза, мазасыздықты анықтау.

Нұсқау: Бұл әдістеме 40 сөйлемнен (Қосымша Б) және 4 шкаладан тұрады, оқушылар әр сөйлемді мұқият оқып шығып, берілген нұсқаларын тандайды, олар: 1 балл - «ешқашан»; 2 балл - «кейде»; 3 балл - «жиі»; 4 балл - «әрдайым».

Әдістеме төрт шкаладан тұрады:

Танымдық белсенділік – 2, 6, 10, 14, 18, 22, 26, 30, 34, 38

Жетістікке жету мотивациясы – 4, 8, 12, 16, 20, 24, 28, 32, 36, 40

Мазасыздық – 1, 5, 9, 13, 17, 21, 25, 29, 33, 37

Ашу-ыза – 3, 7, 11, 15, 19, 23, 27, 31, 35, 39

Шкала бойынша ең төменгі балл - 10, ең жоғарғы балл – 40.

Алынған нәтижелер бойынша, оқытудың мотивациясын және эмоционалды қатынасты талдауға болады.


10-кестеге сәйкес «Оқытудың мотивациясын және эмоционалды қатынасты анықтау» әдістемесінің төмендегідей нәтижелері алынды.

Кесте 10 – Оқытудың мотивациясын және эмоционалды қатынасты диагностикалау (В.И. Андреев) нәтижелері

Сыныптар	Көрсеткіштер				
	Өте жоғары	Жоғары	Орта	Төмен	Өте төмен
Бақылау	3,3%	8,3%	40%	38,4%	10%
Тәжірибелік	3,4%	5,1%	38,9%	49,1%	3,4 %

Кестеде көріп отырғанымыздай оқушылардың оқу мотивациясының «өте жоғары» деңгейлері тәжірибелік сыныпта – 3,4 пайызды, ал бақылау сыныпта – 3,3 пайызды көрсетті. Бақылау және тәжірибелік сыныптың оқуға деген мотивтерінің «орта» деңгейі арасында аса айырмашылық жоқ, екі сыныпта да шамамен 40 пайызды құрады. Оқушылардың оқуға деген күрт теріс қатынастың әсерінен оқу мотивациясының өте төмен деңгейі бақылау сыныпта – 10 пайыз, ал тәжірибелік сыныпта – 3,4 пайыз оқушыларда байқалды.

Бақылау және тәжірибелік сыныптардың «Оқытудың мотивациясын және эмоционалды қатынасты диагностикалау» нәтижелері диаграмма түрінде 18 – суретте көрсетілген.



Сурет 18 – Оқытудың мотивациясын және эмоционалды қатынасты диагностикалау (В.И. Андреев) нәтижелері

Алынған мәліметтерден көріп отырғанымыздай бастауыш сынып оқушыларының оқуға деген ынтасын арттырудың қажеттілігі туындап отыр.

2. **«Оқу белсенділігін анықтауға арналған сауалнама»** жүргіздік. Сауалнаманың мақсаты: оқушының оқуға деген ынтасын және мотивін анықтау. Сауалнама төрт сұрақтан тұрады.

Сауалнамаға 119 оқушы қатысты.

1. *Мұғалімнің берген тапсырмаларын қызғушылықпен орындап, мектеп пәндерінен жаңа білім алуға ұмтыласың ба?* деген алғашқы сауалға берілген оң жауаптар бақылау сыныптарында 51, теріс жауаптар 49 пайыз. Ал тәжірибелік сыныптарда оң жауаптар 46 және теріс жауаптар 54 пайызды құрады. «Жоқ» деп жауап беруінің себебін анықтағанымыздай, «Сабақтың қызық өтпеуі», «Тапсырмалардың түсініксіз берілуі», «Қызықты тапсырмалардың берілмеуі» және т.с.с пікірлер білдірді.

2. *Қазақ тілі сабағында басқа пәндерден алынған мәліметтердің болғанын қалайсың ба?* түрінде қойылған сауалға оң жауаптар бақылау сыныптарында 62, теріс жауаптар 38 пайыз. Ал тәжірибелік сыныптарда оң жауаптар 58 және теріс жауаптар 42 пайыз болды. Демек, оқушылар оқу пәндері аясында пәнаралық байланыстардың жүзеге асу керектігін көрсетті.

3. *Сабақта бір пәннің аясында алынған мәліметті екінші пәнде қолдана аласың ба?* деген сұраққа оң жауап бергендер бақылау сыныптарында 32, теріс жауап бергендер 68 пайыз. Ал тәжірибелік сыныптарта оң жауап 28 пайыз және теріс жауап бергендер 72 пайызды көрсетті. Мұнда оқушылардың басым көпшілігі қолдана алмайтындығын байқатты.


4. *Сабақтың барысында ойлау мен сөйлеуді дамытатын қызықты тапсырмалардың болғанын қалайсың ба?* түрінде қойылған сауалға оң жауаптар бақылау сыныптарында 52, теріс жауаптар 48 пайыз. Ал тәжірибелік сыныптарда оң жауаптар 58 және теріс жауаптар 42 пайыз болды. Демек, оқушылар ойлау мен сөйлеуді дамытатын танымдық тапсырмалар мен жаттығулардың болғанын қалайтынын көрсетті.

Төмендегі кестеде жүргізілген сауалнаманың айқындаушы эксперимент кезіндегі қорытындылары келтіріледі (кесте 11).


Кесте 11– Сауалнама сұрақтары мен нәтижесі

Сауалнама сұрақтары	Сауалнама жауаптары			
	Бақылау сыныптары		Тәжірибелік сыныптар	
	иә	жоқ	ия	жоқ
Мұғалімнің берген тапсырмаларын қызуғышылықпен орындап, мектеп пәндерінен жаңа білім алуға ұмтыласың ба?	51%	49%	46%	54%
Қазақ тілі сабағында басқа пәндерден алынған мәліметтердің болғанын қалайсың ба?	62%	38%	58%	42%
Сабақта бір пәннің аясында алынған мәліметті екінші пәнде қолдана аласың ба?	32%	68%	28%	72%
Сабақтың барысында ойлау мен сөйлеуді дамытатын қызықты тапсырмалардың болғанын қалайсың ба?	52%	48%	58%	42%

Бақылау және тәжірибелік сыныптардың сауалнама нәтижелерін диаграмма түрінде 19,20 – суреттерде көрсетілген.



Сурет 19 – Бақылау сыныптарының сауалнама нәтижесі



Сурет 20 – Тәжірибелік сыныптарының сауалнама нәтижесі

Сауалнама нәтижелерін талдай келе, біз мынадай қорытындыға келдік: оқушылардың оқуға деген ынтасының және білім алуға деген ұмтылысының орташа екенін байқадық, пәнаралық байланыста берілетін білімнің қажеттілігін, бір пәннің аясында алынған мәліметті екінші пәнде қолдану деңгейінің төмендігін, ойлау мен сөйлеуді дамытатын жаттығулардың болғанын қалайтынын көрсетті.

Зерттеулер көрсеткендей оқушылардың оқу жетістіктеріне деген мотивациясы оқу үдерісінде тиімді жүзеге асырудың қажетті шарты болып табылады, өйткені оқуға деген жағымсыз немесе енжарлық көзқарас оқушының сабақ үлгерімінің төмендеуінің себебі болуы мүмкін. Біздің жағдайымызда оқушылардың оқу іс-әрекетіне деген жағымды мотивацияны пәнаралық байланыста ойлау мен сөйлеу дағдыларын қалыптастыру арқылы жүзеге асырамыз. Ол жайында қалыптастырушы эксперимент кезеңінде толық тоқталатын боламыз. Нәтижесінде бастауыш білім беру пәндерін пәнаралық байланыста оқыту барысында оқушылардың ойлау және сөйлеу дағдыларының деңгейі артады. Ендеше, келесі анықтаушы эксперимент кезеңінде оқушылардың ойлау және сөйлеу деңгейін анықтау бойынша диагностикалық әдістеме жүргізілді.

3. Танымдық компонентті анықтау мақсатында *«Сөйлеуді диагностикалау» әдістемесі (Р.С. Немов)* қолданылды.

Әдістеменің мақсаты: бастауыш сынып оқушыларының сөйлеу деңгейін анықтау. Оқушыға адамдар мен әртүрлі заттар бейнеленген кез-келген сурет ұсынылады (Қосымша В). Оған 5 минут аралығында бұл суретте не бейнеленген және қандай іс-әрекет жасалып жатқандығын айтып беруі керек. Оқушының сөзі арнайы хаттамаға тіркеліп, одан кейін талданады. Бұл хаттамада баланың сөйлеу дағдысының даму деңгейін көрсететін әр түрлі сөйлемдердің қолданылған саны тіркеледі [164].

Психодиагностикалық зерттеу жүргізу барысында хаттамаға орындау нәтижесі белгіленеді (кесте 12).

Кесте 12 – Хаттама жүргізу үлгісі

Сөйлеу белгілерінің тіркелуі	Оқушының белгілерді қолдануы
Зат есім	
Етістік	
Есімше	
Көсемше	
Бастапқы формадағы сын есім	
Салыстырмалы сатыдағы сын есім	
Өтпелі сатыдағы сын есім	
Шылау	
Жұрнақ	
Жалғау	
Сөйлемнің бірыңғай мүшелері	
Күрделі сөйлемдерде «және», «ал», «бірақ», «иә», «немесе» және т.б. шылауларды пайдалануы	
Күрделі сөйлемдерде «себебі», «онда», «олай болса» шылауларды пайдалануы	
Сөйлемнің кіріспе сөзі «біріншіден», «менің ойымша» және т.б. сөздерден басталатындығы	

Даму нәтижелерінің деңгейлері төмендегідей:

10 балл – баланың сөздік қорында хаттамада көрсетілген белгілердің 10 және одан көбі орын алды;

8-9 балл – баланың сөзінде хаттамада көрсетілген белгілердің 8-9 пайдаланды;

6-7 балл – бала хаттамада көрсетілген белгілердің 6-7 қолданды;

4-5 балл – хаттамада көрсетілген белгілердің 4-5 ғана пайдаланды;

2-3 балл – хаттамада көрсетілген белгілердің тек 2-3 ғана пайдаланды;

0-1 балл – баланың әңгімесі мүлдем жоқ болып, немесе тек 1-2 сөйлем мүшесін пайдалана алды.

Нәтиже төмендегідей көрсеткіштермен бағаланды:

1 деңгей – сөздік қоры өте жоғары;

2 деңгей – сөздік қоры жоғары;

3 деңгей – сөздік қоры орташа;

4 деңгей – сөздік қоры төмен;


5 деңгей – сөздік қоры өте төмен.

«Сөйлеуді диагностикалау» әдістемесі оқушының сөздік қорын анықтап қана қоймай, оның деңгейін анықтауға мүмкіндік берді (кесте 13).

Кесте 13 – Сөйлеу деңгейінің нәтижесі

Сыныптар	Көрсеткіштер				
	1 деңгей	2 деңгей	3 деңгей	4 деңгей	5 деңгей
Бақылау	1,6	3,4%	41,7%	48,3%	5%
Тәжірибелік	1,7	5,1%	40,7%	44%	8,5%

Нәтижені талдауда бақылау сыныптарында сөйлеу әрекетінің дамуы тәжірибелік сыныптағыдай барлық деңгейлері анықталды, бұл сөйлеу дағдысын қалыптастыру үшін жүйелі жұмыс жүргізу қажеттілігін көрсетеді. Нәтиже диаграмма түрінде төменде ұсынылды (сурет 21).



Сурет 21 – Сөйлеуді диагностикалау әдістемесінің (Р.С.Немов) нәтижелері

Суретте берілгендей, оқушының сөздік қорының «орташа» деңгейлерін бақылау сыныптарда 41,7 пайызды, ал тәжірибелік сыныптарда 40,7 пайызды көрсетті. Бақылау сыныпта «өте жоғары» деңгей 1,6 пайыз, ал тәжірибелік сыныпта 1,7 пайызды құрады. Ал оқушылардың сөздік қорының «жоғары» деңгейі бақылау сыныптарда 3,4 пайызды және тәжірибелік сыныптарда 5,1 пайызды құрады. Сонымен қатар, оқушылардың сөздік қорының «өте төмен» деңгейі бақылау сыныптарда 5 пайызды және тәжірибелік сыныптарда 8,5 пайызды көрсетті. Зерттеу нәтижесі көрсеткендей оқушылардың сөйлеу дағдыларын қалыптастырудың қажеттілігін көрсетеді.

4. Оқушылардың ойлауын зерттеу мақсатында *«Ауызша логикалық ойлауды зерттеу» әдістемесі (Э.Ф.Замбацявичене)* қолданылды.

Әдістеменің мақсаты: тұжырымдамалық ойлаудың даму деңгейі мен ерекшеліктерін, маңызды логикалық операциялардың қалыптасуын зерттеу.

Әдістеменің сипаттамасы: әдістеме әртүрлі логикалық операцияларды орындау қабілетін анықтауға бағытталған төрт типтегі тапсырмалардан тұрады. Әр субтестке 10 тапсырма кіреді, 1,2,3,4 субтестілер қосымшада (Қосымша Г) көрсетілген [165].

Әдістемесінің бағалау шкаласы төмендегідей:

40 балл – өте жоғары;

37-39 балл – жоғары;

32-36 балл – орта;

27-31 балл – төмен;


0-26 балл – өте төмен.

«Ауызша логикалық ойлауды зерттеу» әдістемесі (Э.Ф.Замбацявичене) бойынша алынған сұрақтар нәтижесінде бастауыш сынып оқушыларының ойлау деңгейі анықталды (кесте 14):

Кесте 14 – Ойлау деңгейінің нәтижесі

Сыныптар	Көрсеткіштер				
	Өте жоғары	Жоғары	Орта	Төмен	Өте төмен
Бақылау	-	3,3%	40%	38,4%	18,3%
Тәжірибелік	-	5,1%	37,3%	42,4%	15,2%

Жоғарыда берілген нәтиже диаграмма түрінде төменде ұсынылды (сурет 22).



Сурет 22 – Ауызша логикалық ойлауды зерттеу әдістемесінің (Э.Ф.Замбацявичене) нәтижелері

Анықтаушы эксперимент көрсеткендей, оқушының логикалық ойлауының «орта» деңгейлерін бақылау сыныптарда 40 пайызды, ал тәжірибелік сыныптарда 37,3 пайызды көрсетті. Ал оқушылардың логикалық ойлауының «жоғары» деңгейі бақылау сыныптарда 3,3 пайызды және тәжірибелік сыныптарда 5,1 пайызды құрады. Сонымен қатар, оқушылардың логикалық ойлауының «өте төмен» деңгейі бақылау сыныптарда 18,3 пайызды және тәжірибелік сыныптарда 15,2 пайызды көрсетті. Демек, зерттеу нәтижесі бастауыш сынып оқушыларының ойлау дағдыларын қалыптастырудың қажеттілігін көрсетеді.

5) Арнайы әзірленген тапсырмалар.

Тапсырманың мақсаты: пәнаралық байланыста берілген мәтін арқылы оқушылардың ойлау мен сөйлеу деңгейін анықтау. Оқушыға 7 тапсырма ұсынылды. Тапсырманы орындауға 40 минут уақыт берілді.

Тапсырманың бағалау шкаласы төмендегідей:

9-7 балл – жоғары;

6-4 балл – орта;
0-3 балл – төмен.

Тапсырмалардың түрлері бойынша толық ақпарат кестеде келтірілген. Сонымен бірге кестеде әр тапсырманы реттік нөмірі мен бағалау шкаласы бар (кесте 15).

Кесте 15 – Тапсырманың бағалау шкаласы


Тапсырма №	Тапсырма түрлері	Пәнаралық байланыс	Балл
1	Мәтіннен ақпарат таба білу, сауатты көшіру, қателерді тексеру, түзету	Қазақ тілі	1
2	Мәтін ақпаратын пайдалана отырып сұрақ құрастыру	Қазақ тілі, Әдебиеттік оқу	1
3	Мәтінді мағыналық бөліктерге бөліп, оларға тақырып қоя білу	Әдебиеттік оқу	1
4	Сөйлемнің грамматикалық негізін таба білу, сөз тіркестерін жазу	Қазақ тілі	1
5	Объектіні сипаттау бойынша оның тіршілік ету ортасының табиғи-климаттық аймағын анықтау білігі, табиғи аймақтарды білу	Дүниетану	1
6	Есепті шешу	Математика	2
7	Қойылған сұраққа жауап беру, қажетті дәлелдерді келтіру	Қазақ тілі. Әдебиеттік оқу	2
Барлығы			9

Анықтау кезеңде орындалған тапсырмалардың орындалу нәтижесін 16-кестеден көруге болады.

Кесте 16 – Тапсырмалардың орындау нәтижесі

Сыныптар	Көрсеткіштер		
	Жоғары	Орта	Төмен
Бақылау	8,3%	45%	46,7%
Тәжірибелік	6,8%	42,4%	50,8%

Нәтиже диаграмма түрінде 23-суретте көрсетілген.



Сурет 23 – Тапсырманың нәтижелері

Нәтижені бақылау барысы оқушылардың пәнаралық білімге негізделген мәтінмен жұмыс істеуі жоғары деңгейде бақылау сыныпта 8,3 пайызды және тәжірибелік сыныпта 6,8 пайыз, ал төмен деңгейде 46,7 және 50,8 пайызды, бақылау және тәжірибелік сынып оқушыларының деңгейі шамамен 4,1 пайызға артықшылық көрсетті.

Педагогикалық эксперименттің айқындаушы кезеңінде жүзеге асатын келесі міндет бастауыш сынып мұғалімдерінің оқу пәндері шеңберінде пәнаралық байланысты іске асыру жағдайын анықтау болатын. Сауалнамаға №93 Абылай хан атындағы жалпы орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімдері (25 мұғалім) қатысты. Сауалнама сұрақтарының жауаптарын талдау барысында пәнаралық байланысты жүзеге асыруда туындайтын қиындықтарды анықтауға мүмкіндік берді. Сауалнама сұрақтарын 17-кестеден көруге болады.

Кесте 17 – Мұғалімге арналған сауалнама нәтижесі

Сұрақ	Жауап	Мұғалім саны, пайызы	
		саны	%
«Төмендегі айтылғандардың қайсысы сізге қиындық тудырады? Пәнаралық байланысты жүзеге асыру үшін мұғалім не білуі керек?»	а) пәнаралық байланысты жүзеге асыру бойынша оқу-әдістемелік жұмысты ұйымдастырудың негізгі принциптерін білу;	2	16,6
	б) пәнаралық байланыстарды іске асырудың құрылымы, жіктелуі және ерекшеліктері туралы түсінік болу;	2	16,6
	в) пәнаралық байланыстарды іске асыру мәселелері туралы түсінік болу;	3	25
	г) пәнаралық байланыстарды қолдану арқылы оқытудың психологиялық-педагогикалық аспектілерін білу;	3	25
	д) пәнаралық байланыстардың дидактикалық жүйесінің құрылымы туралы түсінік болу;	5	41,6
	е) пәнаралық байланыстарды жүзеге асырудың формаларын, әдістерін, құралдарын білу.	4	33,3

Пәнаралық байланысты жүзеге асыру үшін мұғалім не білуі керек?» деген сұраққа мұғалімдердің үштен бір бөлігі 41,6 пайызы пәнаралық байланыстардың дидактикалық жүйесінің құрылымы туралы түсінік олар үшін түсініксіз болып табылатынын атап өтті, мұғалімдердің 33,3 пайызы оқыту процесінде пәнаралық байланыстарды жүзеге асырудың формалары, әдістері, құралдары таныс емес, мұғалімдердің 25 пайыз пәнаралық байланыстарды іске асыру мәселелері туралы түсініктің болмауы және пәнаралық байланысты қолдану арқылы оқытудың психологиялық-педагогикалық аспектілерімен таныс емес, мұғалімдердің 16,6 пайызы пәнаралық байланыстарды іске асырудың құрылымы, жіктелуі және ерекшеліктері туралы түсінік болмауы және пәнаралық байланысты жүзеге асыру бойынша оқу-әдістемелік жұмысты ұйымдастырудың негізгі принциптерін мәнін жете түсінбейді.

Сауалнамадан алынған нәтижені диаграмма түрінде 24-суреттен көруге болады.



Сурет 24 – «Пәнаралық байланысты жүзеге асыру үшін оқытушы не білуі керек?» сауалнамасының нәтижесі

Осылайша, оқу пәндері аясында пәнаралық байланыстарды жүзеге асыру кезінде мұғалімдер үшін ең қиын нәрсе - оқу қызметінің көптеген аспектілері дәйекті түрде салынған пәнаралық байланыстардың дидактикалық жүйесінің құрылымын түсіну және пәндерді оқыту кезінде басқа пәндерде қалыптасқан ұғымдар жиі қолданылмайды. Пәнаралық байланыстардың жекелеген маңызды мәселелері әлі әзірленбегендіктен, оларды пайдаланудағы қиындықтар мұғалімдердің тиісті даярлығының әлсіздігінен де туындайды.

Қорытындылай келе, эксперименттік жұмыстың алғашқы анықтау кезеңі бойынша төмендегідей тұжырым жасалынды:

- біріншіден, бастауыш сынып оқушыларының оқу мотивациясын анықтау мақсатында «Оқытудың мотивациясын және оқуға эмоционалды қатынасты диагностикалау» әдістемесі бойынша бақылау және тәжірибелік сыныптың оқуға деген мотивтерінің «орта» деңгейі арасында аса айырмашылық жоқ, екі сыныпта да орта деңгей басымдық танытты;

- екіншіден, авторлық сауалнама нәтижесі бойынша оқушылардың мектеп пәндерінен білім алуға деген ұмтылысының орташа екенін, пәнаралық байланыста берілетін білімнің қажеттілігін және бір пәннің аясында алынған мәліметті екінші пәнде қолдану ынтасының төмендігін көрсетті;

- үшіншіден, «Сөйлеуді диагностикалау» әдістемесі нәтижесі көрсеткендей оқушының сөздік қорының бесінші деңгейі (өте төмен) бақылау сыныпта 5 пайызды және тәжірибелік сыныпта бесінші деңгей (өте төмен) 8,5 пайызды

құрады. Демек, сөздік қорының төмендігі тәжірибелік сыныпта анықталып, сынып оқушыларының сөйлеу әрекетін дамыту қажеттілігін көрсетті;


- төртіншіден, «Ауызша логикалық ойлауды зерттеу» әдістемесінің нәтижелері көрсеткендей бақылау және тәжірибелік сынып оқушылары логикалық операцияларды орындау қабілетін анықтауға бағытталған төрт типтегі тапсырмаларды орындауда қателіктер жіберді. Бұл оқушылардың логикалық амал-тәсілдерді меңгермегендігін көрсетті;

- бесіншіден, оқушылардың пәнаралық байланыста ойлау мен сөйлеу әрекетін анықтауға арнайы әзірленген тапсырмалар нәтижелері көрсеткендей оқушылар мәтінмен жұмыс істеу барысы қиындық келтіретінін анықтадық;

- алтыншыдан, «Пәнаралық байланысты жүзеге асыру үшін оқытушы не білуі керек?» сауалнамасының нәтижесі көрсеткендей мұғалімдер пәндер арасындағы байланысты орнатуда пәнаралық байланыстардың дидактикалық жүйесінің құрылымын түсінбейтіні және пәндерді оқыту кезінде басқа пәндерде қалыптасқан ұғымдарды жиі қолданылмайтыны анықталды.

3.2 Пәнаралық байланыста бастауыш сынып оқушыларының ойлау және сөйлеу әрекетін қалыптастырудың әдістемесі

Жұмысымыздың 3.1 тармақшасында пәнаралық байланыста оқушылардың ойлау мен сөйлеу дағдыларын қалыптастырудың қажеттілігі айқындалды. Диссертациялық зерттеу жұмысымыз бойынша жасалған пәнаралық байланыста бастауыш сынып оқушыларының ойлау және сөйлеу дағдыларын қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделінің танымдық компонентін жүзеге асыру бөлігі сипатталатын болады. Оқушылардың ойлау мен сөйлеу дағдыларының деңгейі төмен болғандығын анықтаушы эксперимент көрсеткеннен кейін, біздің алдымызда осы олқылықты толтыру міндеті тұрды. Бұл олқылықтардың орнын толтыру үш кезеңмен жүргізілді (сурет 25).



Сурет 25 – Пәнаралық байланыста бастауыш сынып оқушыларының ойлау мен сөйлеу дағдыларын қалыптастырудың кезеңдері

Қалыптастыру экспериментінің *бірінші кезеңінде*, 2019-2020 оқу жылының қараша айында «Бастауыш мектепте ойлау мен сөйлеуді пәнаралық байланыста қалыптастыру негіздері» атты ғылыми-әдістемелік семинарының бағдарламасы 24 сағатқа сәйкес дайындалып, бастауыш сынып мұғалімдеріне ұйымдастырылды.

Ғылыми-әдістемелік семинарының мақсаты: бастауыш сынып мұғалімдерінің жаңартылған білім беру тұжырымдамаларына сәйкес пәнаралық байланысты жүзеге асыру арқылы оқушылардың ойлау мен сөйлеу дағдыларын қалыптастырудың негіздері жайлы кәсіби құзыреттілігін арттыру.

Ғылыми-әдістемелік семинарының міндеті:

- жаңартылған білім беру мазмұнында пәнаралық байланысты қолданудың мүмкіндіктерін білу;
- ойлау мен сөйлеу дағдыларын қалыптастырудың жолдарын қарастыру;
- нормативтік құжаттар мен білім беру бағдарламаларын саралау;

Күтілетін нәтиже:

- пәнаралық байланысты қолданудың мүмкіндіктерін біледі;
- ойлау мен сөйлеу дағдыларын қалыптастырудың жолдарын біледі;
- нормативтік құжаттар мен білім беру бағдарламалары сараланады;

Бағдарламаның оқу-тақырыптық жоспары төмендегі 18-кестеде берілді.

Кесте 18 – «Бастауыш мектепте ойлау мен сөйлеуді пәнаралық байланыста қалыптастыру негіздері» атты бағдарламаның оқу-тақырыптық жоспары

Тақырыптың атауы	Өткізу формасы					Сағат саны
	Бинарлы дөріс	Зерттеу семинары	Академиялық дау-дамай пікірталасы	Тренинг	Симпозиум	
1	2	3	4	5	6	7
I МОДУЛЬ. Нормативтік модуль						
Білім берудегі ойлау мен сөйлеу дағдыларын қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік құжаттар мазмұны.	2					2
Бастауыш білім берудің жалпыға міндетті білім беру стандарты. Білім туралы Заңы.	2					2
ҚР білімді дамыту тұжырымдамалары.	2					2
Білім беру жүйесіндегі пәнаралық байланыс ұстанымы.	2					2
II МОДУЛЬ. Мазмұндық модуль.						
Ойлау мен сөйлеу дағдыларын қалыптастырудың теориялық-әдіснамалық негіздері. Ойлау мен сөйлеу дағдыларының философиялық, психологиялық, педагогикалық теориялары.		2				2

18 – кестенің жалғасы

1	2	3	4	5	6	7
Жаңартылған білім мазмұны жағдайында пәнаралық байланысты жүзеге асырудағы жаңаша философиялық тұжырымдар.				2		2
Пәнаралық байланыс бастауыш сынып оқушыларының ойлау мен сөйлеу дағдыларын қалыптастырудың құралы ретінде.			2			2
Бастауыш сынып оқушыларының ойлау мен сөйлеу дағдыларын қалыптастыру жолдары.					2	2
III МОДУЛЬ. Технологиялық модуль.						
Ойлау мен сөйлеу дағдыларын қалыптастыруда STEM білім беру технологиясының компоненттерін жүзеге асыру.		2				2
Ойлау мен сөйлеу дағдыларын қалыптастыруда 4К моделін қолдану.				2		2
Ойлау мен сөйлеу дағдыларын қалыптастыруда «пәндік-тілдік кіріктіру технологиясын (CLIL әдісін)» қолдану.					2	2
Ойлау мен сөйлеу дағдыларын қалыптастыруда қашықтықтан оқыту технологияларын қолдану.			2			2
Барлығы	8	4	4	4	4	24

Бағдарламаның оқу-тақырыптық жоспарында келтірілгендей мазмұн 3 модульден тұрады.

I МОДУЛЬ-ді білім беру жүйесін дамытудағы нормативтік құжаттар деп ұсынып, онда қарастырылған тақырыптардың мазмұны келесідей:

Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Ұлттық даму жоспары (Стратегиялық даму жоспары жаңа редакцияда – ҚР Президентінің 26.02.2021 № 521 Жарлығымен); Қазақстан Республикасында білім беру мен ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 1 наурыздағы №205 Жарлығы); Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. 27.07.2007 ж., №319-III ҚРЗ. Астана. Ақорда; Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы); Қазақстан Республикасының Президенті Қ.Тоқаевтың 2019 жылғы 2 қыркүйектегі «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауы және т.б.

II МОДУЛЬ мазмұнында ойлау мен сөйлеу дағдыларын қалыптастырудың философиялық, психологиялық, педагогикалық, лингвистикалық теориялары беріледі.

«Ойлау» мен «сөйлеу» ұғымдарының философиялық бағыты: логика, танымдық іс-әрекет, белсенді процесс, мақсатты әрекет, жалпы және жанама көрініс, тілден бастау алатыны, тіл мен ойдың, ойлау мен сөйлеудің бірлігі және т.б. түсініктермен қамтамасыз етіледі; психологиялық тұрғыда: тұлғаның танымдық процесі, шындықтың жалпыланған және жанама түрдегі көрінісі,

шығармашылық белсенділігінің жоғары нысаны, білімді интеллектуалдық тұрғыда қолдану, когнитивті іс-әрекет ретінде көрініс табады; педагогика ғылымында: қатысымдық әрекет, тілдік дағдылар, ұғым қалыптастыру, дағды икемділіктері, тілдік дағдыларды орынды қолдануда қарастырылады. Сонымен қатар, пәнаралық байланыстың көп аспектілі: «пәнішілік байланыс», «ортақ тақырып», «пәнаралық іскерлік», «пәнаралық интеграция», «пәнаралық тапсырма» және т.б. ұғымдары қарастырылады.

III МОДУЛЬ ойлау мен сөйлеу дағдыларын қалыптастыруда қолданылатын инновациялық технологиялар ұсынылады, атап айтсақ: STEM білім беру технологиясының компоненттерін; 4К моделін қолдану іске асырылады; «Пәндік-тілдік кіріктіру технологиясын (CLIL әдісін)» қолдану; қашықтықтан оқыту технологияларын қолдану жүзеге асырылады.

«Бастауыш мектепте ойлау мен сөйлеуді пәнаралық байланыста қалыптастыру негіздері» атты ғылыми-әдістемелік семинарының бағдарламасы бойынша өткізу формасын жүзеге асыруда дәстүрлі түріне қарағанда келесі оқыту формаларын пайдалану жоғары нәтижелер береді:

- *бинарлы дәріс* – оқу материалын жүйелі, әр аспектіде пәнаралық байланыс тұрғысынан беру;

- *зерттеу семинары* - шағын топ құрап, сабақтың тақырыбы бойынша проблемалық сұрақтар тізімін жасайды. 5-15минут ішінде пікір алмасады, сөз сөйлеуге даярланады;

- *академиялық дау-дамай пікірталасы* – тақырып бойынша кемінде екі шешімі бар проблеманы мұғалімдерге ұсыну. Мұғалімдер төрт адамнан тұратын шағын топқа бөлінеді. Соңында әр жақтан ұтымды дәлелдер ескеріледі.

- *тренинг* (ағыл. training от train - «оқыту, тәрбиелеу») - білімді, іскерлікті және дағдыларды, сондай-ақ элеуметтік ұстанымдарды дамытуға бағытталған белсенді оқыту әдісі. Тренинг-интерактивті оқытудың бір түрі, оның мақсаты қарым-қатынаста тұлғааралық және кәсіби мінез-құлықтың құзыреттілігін дамыту болып табылады.

- *симпозиум* – берілген тақырып бойынша өз баяндамаларын топ алдында оқып, тыңдаушылардың сұрақтарына жауап береді. Пікірталас баяндамашының ұстанған көзқарасы төңірегінде ұйымдастырылады.

Қалыптастыру экспериментінің **екінші кезеңі**, бастауыш сынып оқушыларына арналған «*Ойлау мен сөйлеудің құпиясы*» атты 34 сағаттан тұратын факультативтік курс бағдарламасы жасалып тәжірибеден өтті.

Түсініктеме хат мазмұны

Бастауыш сынып оқушыларының ойлау мен сөйлеу дағдыларын қалыптастыруда оқу бағдарламасындағы қазақ тілі пәнінің алатын орны ерекше. Өйткені, сөйлеу әрекетінің түрлерін: тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылымды дамыту арқылы тіл туралы бастапқы білімді меңгерту және оны тілдік нормаларды сақтай отырып, оқу әрекеті мен күнделікті өмірде қолдану – қазақ тілі пәнін оқыту мақсаты болып табылады.

Бұл бағдарлама Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына, Бастауыш білім беру деңгейінің 2-4-сыныптарына арналған «Қазақ тілі» пәнінің

үлгілік оқу бағдарламасына сүйеніп жасалынды. Бағдарлама бастауыш сынып оқушыларының ойлау және сөйлеу дағдыларын пәнаралық байланыста қалыптастыру үшін құралған. Бастауыш білім беру деңгейінің 4-сыныбына арналған «Қазақ тілі» оқу бағдарламасының оқу мақсаттары негізге алынды.

Сонымен, бағдарламаның мазмұндық құрылымы шиыршық ұстанымы негізінде оқу мақсаттарына сәйкес түзілуімен, ортақ тақырыптардың негізінде пәнаралық байланыстарды жүзеге асыруда ортақ пәнаралық тақырыптарды қолданылуымен, оқушының өз мүмкіндіктері мен танымдық қажеттіліктерін жүзеге асыруда жеке, жұптық, топтық, дереккөзбен және т.б. жұмыс түрлерінің болуымен сипатталады. Оқулықта берілген жаңа ұғымдар мен түсініктер пәнаралық тақырыптар аясында таныту көзделген. Бұл бағдарламаның ерекшелігі – пәнаралық ортақ ұғымдар аясында бастауыш сынып оқушыларының дүниетанымын кеңейтіп, ойлау дағдысын талдау, жинақтау, салыстыру әдістерін қолдану арқылы және тілдік дағдыларды сөз, сөйлем, мәтінмен жұмыс жасау барысында қалыптастыру.

Бағдарламаның өзектілігі: ҚР Президентінің 26.02.2021 №521 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Ұлттық даму жоспарында: «Оқушылардың ойлау дағдыларын қарапайым деңгейден (білу, түсіну, қолдану) жоғары деңгейге дейін (талдау, синтездеу, бағалау) қалыптастыру, пәнаралық байланыстарды барынша тиімді ұйымдастыруға мүмкіндік беретін «өтпелі тақырыптардың» болуы маңызды» деп көрсетіледі [3]. Осы орайда бастауыш сынып оқушыларының ойлау мен сөйлеу дағдыларын қалыптастыруда ортақ тақырыптар арқылы пәнаралық байланыстарды жүзеге асыру ұстанымын басшылыққа аламыз.

Бағдарламаның мақсаты: оқушылардың ойлау мен сөйлеу дағдыларын, өз ойы мен көзқарасын дұрыс, нақты, түсінікті жеткізіп пікірін пайымдай білуге үйрету және мәтіндермен жұмыс жасауға, талдауға, жинақтауға салыстыруға үйрету.

Бағдарламаның міндеттері:

- ортақ ұғымдар арқылы пәнаралық байланысты жүзеге асыру;
- мәтін құрастыруды меңгеруге қажетті тілдік дағдыларды қалыптастыру;
- логикалық ойлаудың амал-тәсілдерін дамыту;
- ауызша және жазбаша сөйлеуін дамыту;

Тұрақтылау (мазмұндық) бөлім

Кіріспе (1 сағат). Курстың мақсаты мен мазмұнын таныстыру.

I БӨЛІМ. Ойлау мен сөйлеуді қалыптастыруға арналған мәтіндермен жұмыс. Барлығы 8 сағат.

1. Мәтінмен жұмыс (1 сағат). Мәтін туралы түсінік беру. Мәтінмен жұмыс істеу тәсілдеріне тоқталу. Мәтін арқылы оқыту жолдары. Берілген мәтінді тыңдалым жұмыстары арқылы зейін қойып талдау. Пәнаралық ортақ ұғым: Отан, жер, су және т.б.

2. Дарқан дала (1 сағат). Тыңдаған материал бойынша негізгі тұсын түртіп алу және солардың негізінде мәтіннің мазмұнын айту. Ауызша мәтін бойынша сұрақтар жүйесін құру және негізгі ойды қысқаша сипаттап, баяндау. Пәнаралық ортақ ұғым: дала, қал, мемлекет, астана, және т.б.

3. Табиғат ғажайыптары (1сағат). Дереккөздерден ақпарат жинау. Пәнаралық ортақ ұғым: жел, дала, ел, жер, шөл, және т.б.

4. Отбасы құндылықтары (1 сағат). Мәтін түрлерін және олардың құрылымдық бөліктерін анықтау. Мәтінді талдау, әңгімелеу, сипаттау, пайымдау мәтіндерін құрастыру. Сөздің мағынасын дұрыс түсіну үшін орфографиялық, синонимдік, антонимдік, этимологиялық, түсіндірмелі сөздіктерді пайдалану. Пәнаралық ортақ ұғым: сыйлау, құрметтеу, адал және т.б.

5. Жылы сөз (2 сағат). Мәтіннің тақырыбы мен мазмұнының өзара сәйкестігін анықтау және ондағы негізгі ойды тұжырымдау. «Салыстыру» әдісін қолдану арқылы ойлауды дамыту. Мәтіннің кейіректерін Э.Венн диаграммасы арқылы ұқсастығы мен айырмашылығын табу. Пәнаралық ортақ ұғым: жылы, әдемі, сөз және т.б.

6. Отбасының бюджеті (1 сағат). Тыңдаған, оқыған және аудиовизуалды материалдар бойынша жоспар құрып, тірек сөздерді пайдаланып эссе жазу. Қалай ойлайсындар, экономикадағы бағаның көтерілуі біздің отбасы бюджетімізге әсер ете ме? деген мәселелік сұрақ қоя отырып, оқушыға экономикаға қатысты жеке ұғымдарды қолдана отырып, өз ойын жазуға кеңес беру.

7. Досыма хат (1 сағат). Тірек сөздерді қолданып белгілі бір стильде мәтін (мақала, мінездеме, сұхбат) жазу. Пәнаралық ортақ ұғым: дос, адал, ата-ана, қасиет және т.б.

II БӨЛІМ. Ойлау мен сөйлеуді қалыптастыруға арналған танымдық тапсырмалар. Барлығы 8 сағат.

1. Мұражай (1 сағат). Тірек сөздерді қолданып «Мұражай» тақырыбына әңгіме құрастыру. Тақырыпқа қатысты сұрақтарға жауап беру. Дереккөздермен жұмыс. Пәнаралық ортақ ұғым: мұражай, мәдениет, музей және т.б.

2. Домбыра - асыл мұра (2 сағат). Тыңдаған шығарманы сипаттап айту. Домбыра құрылымын анықтау. Домбыра аспабына жарнама жасайды. Пәнаралық ортақ ұғым: домбыра, ел, мәдениет және т.б.

3. Түркістан (1 сағат). Мәтіннің мазмұнын түсіну, талдау. Сөздердің мағынасын түсіну. Тапсырмаларды орындау. Мәтіндердегі деректердің маңызды тұстарын анықтап графикалық, сурет, сызба түрінде жазу. Өз көзқарастарын жүйелі, дәлелді жеткізу. Пәнаралық ортақ ұғым: дала, ел, жер, шөл, және т.б.

4. Мен кім боламын (2 сағат). Мәтіннің мазмұнын түсіну, талдау. Рөлдерге бөліп, қойылым ұйымдастыру. Ойлауды дамытуға арналған 10 сұрақтық тест сұрақтарына жауап беру. «Артық сөзді тап» әдісін қолдану. Пәнаралық ортақ ұғым: мамандық, мұғалім, ұшқыш, кәміп және т.б.

5. Құрылысшы (2 сағат). Мәтіннің мазмұнын түсіну, талдау. Мәтіннен синоним, антонимдерді табу. «Артық сөзді тап» әдісін қолдану. Пәнаралық ортақ ұғым: мамандық, мұғалім, ұшқыш және т.б.

III БӨЛІМ. Ойлау мен сөйлеуді қалыптастыруға арналған пәнаралық тапсырмалар. Барлығы 10 сағат.

1. Кемпіркөсак қалай пайда болады? (2 сағат). Мәтін мазмұны бойынша

шешім табуға бағытталған сұрақтар құрастыру. Мәтіннен тиісті ақпаратты тауып, математика, дүниетану, жаратылыстану пәндерінен алған білімді қолдана отырып, сұрақтарға жауап бер. Пәнаралық ортақ ұғым: күн, бұлт, жаңбыр, жауын және т.б.

2. Отан таңы (1 сағат). Белгілі бір тақырыпта берілген мәтіннің түрлерін, жанрын, стилін салыстырып, ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтау. Мәтіннен тиісті ақпаратты тауып, математика, дүниетану, жаратылыстану пәндерінен алған білімді қолдана отырып, сұрақтарға жауап бер. Пәнаралық ортақ ұғым: мұз, тұман, қырау және т.б.

3. Жыл мезгілдері (2 сағат). Дереккөздерден ақпарат табу, жаңа сөздердің мағынасын анықтау. Мәтіннен зат есім, сын есім, сан есімдерді тап. Мәтінді пайдаланып кестені толтыр. Мәтіннен тиісті ақпаратты тауып, математика, дүниетану, жаратылыстану пәндерінен алған білімді қолдана отырып, сұрақтарға жауап бер. Пәнаралық ортақ ұғым: күн, бұлт, жаңбыр, жауын және т.б.

4. Акула (2 сағат). Мәтіннің тақырыбы мен берілген диаграмма, сызба, кесте бойынша мәтіннің мазмұнын болжау және өз ойын дәлелдеу. Пәнаралық ортақ ұғым: күн, бұлт, жаңбыр, жауын және т.б.

5. Салтанатты кеш (2 сағат). Мәтіннің тақырыбы мен мазмұнының өзара сәйкестігін анықтау және ондағы негізгі ойды тұжырымдау. Мәтіннен тиісті ақпаратты тауып, сұрақтарға жауап бер. Пәнаралық ортақ ұғым: күн, бұлт, жаңбыр, жауын және т.б.

6. Күзгі қыс керуені (1 сағат). Мәтіннен тиісті ақпаратты тауып, сұрақтарға жауап бер. Пәнаралық ортақ ұғым: күн, бұлт, жаңбыр, жауын және т.б.

IV БӨЛІМ. Ойлау мен сөйлеуді қалыптастыруға арналған шығармашылық жұмыстар. Барлығы 7 сағат.

1. Байқоңыр (1 сағат). Мәтіннің тақырыбы мен мазмұнының өзара сәйкестігін анықтау және ондағы негізгі ойды тұжырымдау. Пәнаралық ортақ ұғым: ғарыш, аспан, жер, Байқоңыр және т.б.

2. Ғарыштық симфония (1 сағат). Мәтін мазмұны бойынша шешім табуға бағытталған сұрақтар құрастыру және жауап беру. Пәнаралық ортақ жұлдыз, жер, симфония және т.б.

3. 4К модель технологиясын жүзеге асыру (3 сағат). Мәтіннің тақырыбы мен мазмұнының өзара сәйкестігін анықтау және ондағы негізгі ойды тұжырымдауда 4К моделін қолдану. Оның кілттік компоненттері сыни ойлау, шығармашылық, қарым-қатынас, ынтымақтастық ортасын құру. Пәнаралық ортақ ұғымдар: ғарыш, аспан, жер, күн, жұлдыз.

4. STEM білім беру технологиясының компоненттерін жүзеге асыру (2 сағат). «Ғарышқа ұшу кезіндегі ауа-райының өзгеруі» атты ақпараттық жоба әзірлеу. Жоба құруда пәнаралық байланыстардың кең түрдегі көрінісі орын алады.

Факультативтік курстың нормативтік бөлімі қосымшада ұсынылған (Қосымша Д).

Осылайша біз өз зерттеуімізде оқушылардың ойлау мен сөйлеу дағдыларын қалыптастыруға жағдай жасайтын «Ойлау мен сөйлеудің құпиясы» атты факультативтік курс бағдарламасына сәйкес сабақтар ұйымдастырдық. Сонымен қатар, оқушылардың ойлау мен сөйлеу дағдыларын қалыптастыруды пәнаралық байланысты жүзеге асыру мақсатында 4-сыныпта оқытылатын басқа да пәндердің мүмкіндіктері пайдаланылды. Оқыту мәтіндік негізде жүргізілді. Сөйлеу әрекетінің барлық түрлерін (тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым) қалыптастыруға бағытталған материалдары бар мәтіндер қолданылды.

Осы ретте, факультативтік курсты жүргізу барысында әрбір тақырыпты оқушыларға игертуде оқыту әдістері мен технологияларын дұрыс таңдаудың маңызы ерекше. Бұл курсты жүргізуде оқушылардың ойлау мен сөйлеу дағдыларын қалыптастыру үшін әдістемелік жүйеде көрсетілген оқыту мен үйретудің жаңа технологияларын, әсіресе талдау, жинақтау, салыстыру тәсілдерді барынша кеңінен қолдандық.

Эксперимент барысында жүргізілген сабақтардың үлгісі қосымшада тіркелген. (Қосымша Е).

Қалыптастыру экспериментінің *үшінші кезеңі*, пәнаралық байланыста ойлау мен сөйлеу дағдыларын қалыптастыруға арналған *жаттығулар мен тапсырмалар жүйесі* әзірленді. Жаттығу – тіл үйретудің ең тиімді әдістерінің бірі. Тілдерді оқытуға арналған жаттығулардың оңтайлы жүйесін құру әрқашан тілдік пәндерді оқытудың өзекті мәселелерінің бірі болды.

Жаттығулар мен тапсырмалар жүйесін жасамас бұрын, біз Ә.Е. Жұмабаева, Г.И. Уайсова, Г.Т. Сәдуақас әзірленген жалпы орта білім беретін мектептің 4-сыныбына арналған «Қазақ тілі» (1,2-бөлім) оқулығының мазмұнына және көлеміне, сағаттың бөлінуіне талдау жасалды (кесте 19).

Кесте 19 – Қазақ тілі оқулығын талдау 4 сынып (1,2-бөлім)


Ортақ тақырыптар	Тоқсан			
	I тоқсан	II тоқсан	III тоқсан	IV тоқсан
Менің Отаным – Қазақстан	14 сағат			
Құндылықтар	18 сағат			
Мәдени мұра		16 сағат		
Мамандықтар әлемі		16 сағат		
Табиғат құбылыстары			20 сағат	
Қоршаған ортаны қорғау			20 сағат	
Ғарышқа саяхат				16 сағат
Болашаққа саяхат				16 сағат
Барлығы	32 сағат	32 сағат	40 сағат	32 сағат
Жалпы	136 сағат			

Сонымен, оқулықтың 1,2-бөлімін талдау негізінде оқулықтың мазмұны екі тоқсанға бөлінгенін, әр тоқсанда екі ортақ тақырыптың қарастырылғанын, сөйлеу әрекетіне бөлінген тақырыптар, сондай-ақ сөйлеу әрекетінің түрлеріне және қайталауға бөлінген сағат санын нақтыладық.

Пәнаралық байланыстарға негізделген оқу бағдарламасына сәйкес мұғалімдер тілдік пәндер мазмұнын жеке тақырыптар, мәтіндер, жаттығуларды қолдану арқылы толықтыра алады. Бұл оқушылардың академиялық тілін дамытуға ықпал етеді. Мысалы, оқушылардың сөйлеу әрекетінің барлық түрлерінің дамуына келесі әрекеттер көмектеседі - әр түрлі көзқарастарды ескере отырып тақырыпты талқылау, пікір мен фактіні ажырату, даулы тақырыптарды талқылау, әр түрлі ақпарат көздерін бағалау, мәтіндерді салыстыра білу және т.б.

Ендеше, пәнаралық байланыста ойлау мен сөйлеу дағдыларын қалыптастыруға арналған тапсырмалар мен жаттығулардың арнайы жүйесі құрылды, олардың негізгі айырмашылығы мәтін түрінде берілуі болып табылады. Сондықтан біздің жүйеміздегі жаттығулардың мазмұны: ортақ тақырыптың негізінде дайындалған, яғни әдебиеттік оқу, математика, жаратылыстану, дүниетану және т.б. пәндердің оқулықтарынан алынған мәтіндер.

Тапсырмалар мен жаттығулар жүйесінің өзіндік мазмұны мен оқыту құралдары төмендегі кестеде көрсетілген (сурет 26).



Сурет 26 - Тапсырмалар мен жаттығулар жүйесі

Жүйедегі жаттығулар жалпы мақсатпен біріктірілген, оқушылардың ойлау мен сөйлеу дағдыларының қалыптасуы қатысымдық-әрекеттік тұғырмен байланысты, бұл тілдік білімді игеруді және осы білімді нақты өмірлік жағдайларда қолдануды қамтиды. Оқушылардың оқу процесіне барынша тарту, жаңа білім мен дағдыларды игеру және тиімді жағдайлар жасау үшін жаттығулардың сапасына ерекше назар аудару керек.

Жаттығуларды құрастыруда мынадай талаптарды ескердік:

- оқушылардың үнемі белсенді танымдық-ойлау әрекетін қамтамасыз ету;

- топпен, жұппен, жеке орындалатын тапсырмалар түрлерінің, сондай-ақ ақпаратты ұсыну тәсілдерінің әртүрлілігін қамтамасыз ету;

- тапсырмалар мен жаттығуларды орындауда логикалық байланысына қол жеткізу;

- материалды меңгерудің барлық кезеңдерінде шығармашылық әлеуетті пайдалану арқылы дағдылар мен икемділіктерді меңгеруді және бекітуді ынталандыру;

- қатысымдық қарым-қатынасты қамтамасыз ету.

Олай болса, оқушылардың ойлау мен сөйлеу дағдыларын қалыптастыру мақсатында арнайы тапсырмалар жүйесі екі бағытта жүйеленді:

I бағыт. Танымдық жаттығулар – теориялық білімді меңгеруде барлық танымдық процестерді белсендіруді талап етеді. Теориялық білімді өз тәжірибесінде қолдану мүмкіндігі қалыптасады. Мұнда оқушының іс-әрекеті: мәтін тақырыбын анықтау, мәтіннің мазмұндық құрылымын талдау, мәтіндегі тілдік бірліктердің қолданысын талдау. Танымдық жаттығулар оқушылардың дүниетанымын кеңейтуді мақсат етеді. Бұл бағытқа бағытталған тапсыралардан мысал келтірейік.

4 сынып. «Зат есім» тақырыбы. (Ортақ тақырып: Табиғат құбылыстары).

Лексикалық материал: «Жаратылыстану» пәнінен алынған мәтін.

Кемпірқосақ қалай пайда болады?

Сен «ақ жарық» деген сөзді естіген боларсың. Күн сәулесін біз ақ жарық ретінде көреміз. Осы ақ жарық жеті түстен құралады. Оны ең алғаш 1672 жылы ағылшын ғалымы Исаак Ньютон ашқан. Ол жарық сәулесі шыны призма арқылы өткенде жеті түске: қызыл, қылғылт сары, сары, жасыл, көгілдір, көк, күлгін түстерге бөлінетінін байқаған. Кемпірқосақ та дәл осылай пайда болады. Мұнда су тамшылары призманың рөлін атқарады. Жаңбырдан кейін күн шығып, күннің сәулесі ауадағы мөлдір су тамшылары арқылы өткенде ол жеті түске жіктеледі [135,б. 8].

(4-сынып, «Жаратылыстану» оқулығы)


Кесте 20 - 1-тапсырма. Мәтіннен сөз таптарын теріп, кестені толтыр

Сөз таптары								
Зат есім	Етістік	Сын есім	Сан есім	Есімдік	Үстеу	Шылау	Одағай	Еліктеу

Кесте 21 - 2-тапсырма. Сөздіктен сөздердің мағынасын анықтап, сөз таптарына қарай ажырат

Сөздер	Менің білуімше	Сөздіктен анықталған анықта	Қай сөз табы?
призма			

3-тапсырма. Э.Венн диаграммасы арқылы қарамен жазылған сөздерді салыстыр, зат есімнің септелу түрін анықта.



Сурет 27

4-тапсырма. Мәтіннен жекеше, көпше түрдегі зат есімдерді тап.

5-тапсырма. Дереккөздерден кемпірқосақ туралы мәлімет тауып, дәптеріңе жаз.

6-тапсырма. Мәтіннен қарамен жазылған сөздердің ішінен бастауыш болатын сөйлемді жаз, оның қай септікке жататын анықта.

7-тапсырма. «Кемпірқосақ» сөзіне синквейн жаз.

1-ші жол – бір сөзден тұратын тақырыптың атауы, зат есім

2-ші жол – тақырыпты не затты сипаттайтын екі сын есім

3-ші жол – автордың көзқарасын білдіретін үш етістік

4-ші жол – тақырыптың мағынасын ашатын төрт сөз

5-ші жол – бірінші сөзінің синонимі

4 сынып. «Етістіктің жіктелуі» тақырыбы. (Ортақ тақырып: Қоршаған ортаны қорғау).

Лексикалық материал: «Әдебиеттік оқу» пәнінен алынған мәтін.

Күзгі қыс керуені


Жылы жаққа кетіп бара жатқан құстар топтасып немесе тізбектеліп, көбінесе үшбұрыштанып ұшады. Әр топтың алдында өте тәжірибелі өз жолбасшысы жүреді. Ол жолды жақсы біледі, себебі бұған дейін бұл жолмен талай рет әрі-бері ұшып өткен. Құстардың бір үйірінде мұндай жолбасшы бірнешеу. Олардың міндеті көп. Құстардың жерге қонып, тамақтанатын, демалатын орнын солар таңдайды. Үйірдің қауіпсіздігін де солар бақылайды. Құстар бір жерге қонып, демалған кезде жолбасшылар кезектесіп оларды күзетеді. Аспанда да жолбасшылар ауыр жұмыс атқарады. Тізбектің ең алдында ұшатын болғандықтан, олар қанаттарымен ауаны жарып, соңындағыларға жол салып отырады. Жолбасшы салған жолмен ұшу оның соңындағыларға жол салып отырады. Жолбасшы салған жолмен ұшу оның соңындағы құстарға жеңіл болады. Сондықтан жолбасшы ауада өте көп күш жұмсайды [132, б. 106].

(4-сынып, Әдебиеттік оқу)

1-тапсырма. Мәтінді оқып, ойланып көр: жазушы бізге қандай құстар туралы айтты? Құстарды ата?

2-тапсырма. Мәтіннің идеясын анықта.

3-тапсырма. Мәтінді жүйелеуде «Ассоциограмма» әдісін қолданамыз. «Құстар» сөзін ұсынамыз.



Сурет 28

4-тапсырма. Мәтіннен етістіктерді тауып, қай жақта тұрғанын анықта.

4 сынып. «Зат есімнің жіктелуі» тақырыбы. (Ортақ тақырып: Қоршаған ортаны қорғау).

Лексикалық материал: «Дүниетану» пәнінен алынған мәтін.

Салтанатты көш.

Олар күнкөріс жағдайы үшін табиғаттан тек керегін ғана алды. Олар жер жағдайын жақсы білгендіктен, жылдың қай мезгілі болса да, адаспай жол табатын. Аспанда да жолбасшылар ауыр жұмыс атқарады. Өздерін табиғаттың бір бөлшегі санаған бабаларымыз табиғатпен үйлесімді өмір сүріп, сұлулығын бағалай білді. Табиғат көшпелілер үшін туған үйіндей болды. Бабаларымыздың табиғатқа деген қамқорлығын үлгі тұтамыз [134,б. 94].

(4-сынып, «Дүниетану» оқулығы)

1-тапсырма. Мәтіндегі сөйлемді ретімен орналастыр. Артық сөйлемді тап.

2-тапсырма. Мәтіннен жіктік жалғаулы зат есімдерді тап.

3-тапсырма. Зат есімдерді тиісті жалғаулармен сәйкестендір.

4 сынып. «Сын есім» тақырыбы. (Ортақ тақырып: Ғарышқа саяхат).

Лексикалық материал: «Музыка» пәнінен алынған мәтіндер.

Байқоңыр

Ертеде Қорқыт бабамыз желмаясына мініп, адам мәңгілік жасайтын жер іздейді. Қанша шарласа да, Байқоңырдай жер таппайды.

Сыр өңірін зерттеген ғалымдар Байқоңырда жердің тартылыс күші аз, себебі экваторға жақын, ғарышқа ұшуға ең қолайлы жер деп шешкен. «Экватор» латын тілінде «теңестіргіш» деген мағынаны береді. Жер ғалам шарының қақ ортасынан өтетін шартты сызық экватор сызығы деп аталады [136,б. 116].

Байқоңыр

*Қазақтың байтақ даласы,
Кімнің бар оған таласы.
Әлемге даңқы тараған,
Байқоңырыма қарашы.*

*Атыңды білді бар ғалам,
Айтамын саған арнап ән.
Байқоңыр жердің кіндігі,
Аспанмен Жерді жалзаған.*

*Егемен елміз бұл күні
Қырандай көкте самғаған [136,б. 117].*

(4-сынып, «Музыка» оқулығы)

1-тапсырма. Мәтіннен жаңа сөздерді теріп жаз, сөздіктен мағынасын біліп ал.

2-тапсырма. «Салыстыр және қарама-қарсы қой» стратегиясын қолдану арқылы оқушыларға мынадай сұрақтар қойылады: Бұл мәтіндердің ұқсастығы

неде? Қай мәтінді түсіну оңай: бірінші автордың «Байқоңыр» туралы сипаттағаны ма, әлде екінші автордың «Байқоңыр» туралы айтқаны ма?

3-тапсырма. Мәтіннен «сын есім+зат есім» сөз тіркестерін теріп жаз.

4-тапсырма. Зат есім мен сын есімнің септелуін анықта.

Олай болса, бұл жаттығуларды орындау үшін мәтін туралы білім қажет: мәтін дегеніміз не, мәтін түрлерін білу (әңгімелеу, сипаттау, пайымдау), мәтіннің идеясын анықтау, мәтіннен қажетті ақпаратты табу, тірек сөздің көмегімен мәтіннің мазмұнын айту және т.б. Ендеше, жаттығулар жүйесінің негізгі мақсаты оқушылардың ойлау мен сөйлеу дағдыларын қалыптастыруға бағытталған.

Жаттығудың лексикалық негізі - бастауыш сыныптарда оқытылатын пәндердің («Дүниетану», «Әдебиет», «Жаратылыстану», «Музыка») оқулықтарындағы ғылыми танымдық мәтіндер, ақпараттық мәтіндер, жағдаятқа негізделген мәтіндер ұсынылған. Пәнаралық лексикалық материалды қолдану оқушылардың дүниетанымын дамытуға, сөздік қорын көркемдегіш және бейнелі сөздермен байытуға, сөздердің мағыналарын қалыптастыруға ықпал етеді.

II бағыт. Пәнаралық жаттығулар - бір немесе одан да көп оқу пәндерінің білімдерін пайдалануды талап етеді. Пәндік және пәнаралық білімдерін қолдану мүмкіндігі жүзеге асады. Пәнаралық тапсырманың артықшылығы оқушы мәтін аясында берілген тапсырманы орындау барысында басқа пәнде игерген білімді қолдана алады.

Педагогикалық үдерісте пәнаралық байланыстарды жүзеге асыру құралы пәнаралық тапсырма болып табылады, ол психологиялық-педагогикалық әдебиеттерді талдауға сәйкес танымдық тапсырма ретінде сипатталады және оқушыны оқу материалының құрылымдық элементтері мен әртүрлі оқу пәндеріндегі дағдылар арасындағы байланыстарды орнату және игеру қызметіне қосады.

Төменде мәтін ұсынылған (ойлануға арналған ақпарат). Мәтіннен тиісті ақпаратты тауып, математика, дүниетану, жаратылыстану пәндерінен алған білімді қолдана отырып, сұрақтарға жауап бер.

1-тапсырма. Мәтінді оқы.

Қарағанды

Қарағанды облысы – Қазақстандағы ең ірі облыс. Ол еліміздің орталығында орналасқан. Мұнда көмір өндіреді. Облыстың бас қаласы – Қарағанды. Қарағандыны көмір кеншілерінің астанасы деп атайды.

Облыс аумағында аласа таулар бар, онда марал, қабан, түлкі, борсық, арқар және тағы басқа да аңдар кездеседі.

Бұл облыста Қазақстанның тарихи және географиялық орталығы – Ұлытау тауы бар. Өткен замандарда ұлы хандар маңызды істерін бастау алдында осында кеңеске жиналған. Ұлытау аумағында ботаникалық және географиялық зерттеулер бойынша 617 өсімдік түрлері белгілі болған, оның ішінде 90 түрінен дәрі-дәрмекке пайдаланылады.

Облыста Балқаш көлі бар. Ол – әлемдегі ерекше көлдердің бірі. Өйткені оның бір бөлігі ащы, екіншісі бөлігі – тұщы су.

1. Мәтін түрін анықта.
 - а) әңгімелеу
 - ә) сипаттау
 - б) пайымдау
2. Мәтіннің жанрын анықта.
 - а) қысқаша әңгіме
 - ә) прозалық мәтін
 - б) ақпараттық мәтін
3. Мәтін бойынша тірек сөздерді тап (кемі үш).

4. Тірек сөздердің көмегімен мәтіннің мазмұнын айтып көр

6. Сипатталған оқиғалардың тәртібін қалпына келтір. 1 саны бар тармақ – оқиғаның басталуы болып табылады.

Таулар мен аңдар

Ұлытау тауы

1. Қарағанды облысы

Балқаш көлі

5. Айтылған пікірлер дұрыс немесе жалған екенін анықта. Дұрыс жауапқа «+» таңбасын қой. Жалған пікірді дұрыс пікірге айналдырып жаз.

Кесте 22

Пікір	Дұрыс	Жалған
Қарағанды облысы – Қазақстандағы ең ірі облыс.		
Қарағанды еліміздің батыс аймағында орналасқан.		
Қарағанды – көмір кеншілерінің астанасы.		
Балқаш көлінің бір бөлігі ащы, екінші бөлігі – тұщы су.		

7. Сөздерді сәйкестендір.

Үлгі: Шымкент қаласы

Атырау қаласы

Көкшетау қаласы

Өскемен қаласы

Қарағанды қаласы

Орталық аймақ

Солтүстік аймақ

Батыс аймақ

Оңтүстік аймақ

Шығыс аймақ

8. Мәтіндегі деректерді пайдаланып, кестені толтыр. Егер мәтінде қандай да бір ақпарат жоқ болса «-» таңбасын қой.

Кесте 23

Аттары	Орналасуы	Ерекшелігі	Өсімдіктер	Жануарлар
Ұлытау				
Балқаш				

9. Есепті шығар.

2019 жылғы 1 қаңтардағы көрсеткіш бойынша Қарағанды облысында қала халқының тұрғыны 1 097 419, ал ауыл халқының тұрғыны 281 144 құрайды. Қарағанды облысында барлығы қанша тұрғын бар?

Жауабы: _____

10. Неге Қарағандыны көмір кеншілерінің астанасы деп атайды? Мәтіннен жауабын тауып, жаз.

2-тапсырма. Мәтінді оқы. Тапсырмаларды орында.

Ақсу-Жабағылы – Орта Азия мен Қазақстандағы ежелгі қорық. 2006 жылы оған 80 жыл толады. Қорық құру мәселесін көтерген белгілі гидробиолог А.Л.Бродский болатын. Қазіргі кезде Ақсу-Жабағылы қорығының көлемі 128 118 га, ол Оңтүстік Қазақстан мен Жамбыл облыстарында орналасқан.

(Қазақстанның ұлттық қорықтары мен бақтары, А., 2006)

1. Мәтіннен қорықтың көлемі мен орналасқан жері туралы жазылған сөйлемді тауап, қатесіз жаз.

2. Мәтіннен қорықта мекендейтін жануарлардың барлығын алфавиттік ретпен жаз.

3. Сөйлемді жалғастыр.

4. Мәтінді мағынасы жағынан бөліп, ат қой.

6. Ақсу-Жабағылы қорығына 2006 жылы 80 жыл толды. Ал 2022 жылы қанша жыл болады? Есепті шығар, жауабын жаз.

6. Мәтіннің мазмұнын біле отырып, жауап беруге болатын сұрақ ойлап тап және жаз. _____


7. Мәтінде қарамен берілген сөздердің буын үндестігіне сәйкес келеді ме? Себебін дәлелде.

8. Мәтіндегі деректерді пайдаланып кестені толтыр

Кесте 24

Атауы			
Мекендейтін жері			
Қоректенуі			
Қызыл кітапқа енуі			

10. Ақсу-Жабағылы қорығын картадан көрсет.



Сурет 29

3-тапсырма. Мәтінді оқы.

Бурабай

Астананың жанында табиғаты көркем Бурабай шипажайы орналасқан. Оның аумағында қарағайлы орман, 14 көл және гажайып пішіндегі жартастар бар. Ғалымдардың айтуынша, бұл өлке осыдан миллиондаған жылдар бұрын мұздықтардың еруінен пайда болған екен.

Бурабай қазақтың «бура» түйе сөзінен шыққан. Бурабай ұлттық паркінің жалпы аумағы 83 510 гектарды құрайды, ал 47 400 гектары орманды алқап. Бұл жерде өсімдіктің 757 түрі бар, оның 12-сі қызыл кітапқа енгізілген.

Бурабай өзінің мінсіз табиғатымен, таза ауасы, мөлдір көлдерімен, жұмбақ тау шыңдары және мәңгі жасыл қылқан жапырақты ормандарымен кез-келген адамды баурап алады. Осы өлкенің сұлулығы жайында аңыз-жырлар мен өлеңдер айтылады.

(«Менің Отаным - Қазақстан» оқу құралы)

1. Мәтін не жайлы? Дұрыс жауабының тұсына «+» таңбасын қой.

- а) Астана жайында
- ә) Бурабайдың табиғаты жайында
- б) Бурабайдың ұлттық паркінің аумағы жайында
- в) Бурабайдың аңыз-жырлары жайында

Қазақ тілі пәнінде мәтін түрлерімен танысқан оқушылар келесі тапсырманы қатесіз орындайды.

2. Мәтіннің түрін анықта? Дұрыс жауабының тұсына «+» таңбасын қой.

- а) әңгімелеу
- ә) сипаттау
- б) пайымдау

Оқушы мәтіндегі көп ақпарат ішінен өзіне керектісін ғана бөліп алады.

3. Мәтіннен Бурабайдың табиғатын сипаттаған жерін жаз.

4. Мәтіннің екінші абзацынан сын есімдерді теріп жаз.

Оқушылар мәтінмен танысқаннан соң, белгілі бір мәселе төңірегінде пайымдау жасайды.

5. «Аңыз» дегеніміз не?

Оқушы өзі білмейтін, білгісі келетін қажетті ақпаратты өзі іздестіре отырып төмендегідей тапсырманы орындайды.

6. «Бурабай» туралы қандай аңыздарды білесің? Қысқаша мазмұнын жаз.

Қорытындылай келе, мәтін талдауда жоғарыдағы әдіс-тәсілдер мен оқыту құралдарының негізінде ұйымдастырғанда мынадай нәтижелерге қол жеткізуге болады:

1. Мәтін құрастыруға үйрену барысында оқушының дүниеге деген өзіндік түсінігі мен танымы әр пән бойынша ғылыми білім негізі қалыптасады.

2. Оқушы бойында жауапкершілік, өз ойын жазуға деген қажеттілік пен қызығушылығы артады.

3. Өз бетінше түрлі шығармашылық, логикалық түрдегі тілдік тапсырмаларды орындау, құрастыру арқылы ойлау, салыстыру, талдау, жалпылау, нақтылау, абстракциялау, жинақтау, ассоциациялау тәсілдерін меңгеріп, өз пікірін білдіруге үйренеді.

4. Ойлау іске асыру барысында оларды жиі қолдану білігі мен дағдылары қалыптасып, ойлау шапшаңдығы күшейеді.

5. Өзін-өзі бағалауға, басқаруға үйренеді, өз бетінше білімді игеруі жүзеге асырылады, өз өмірінің нысаны болуға талпынысы пайда болады.

Факультатив сабағында мәтінмен жұмыс жасау арқылы оқушылардың ойлау мен сөйлеу дағдыларын қалыптастыруда пәнаралық байланыста жүргізілген сабақтар нәтижелі болды. Оқушылардың ойлау мен сөйлеу дағдыларын қалыптастыруда арнайы тапсырмалар жүйесі әзірленді. Бұл тапсырмалар бір немесе одан да көп оқу пәндерінің білімі мен дағдысын қамтыды.

3.3 Зерттеу мәселесі бойынша жүргізілген тәжірибелік-эксперименттік жұмыс нәтижелері

Тәжірибелік-эксперименттік жұмыс барысында оқушыларда қалыптасқан ойлау мен сөйлеу дағдыларына талдау жүргізіп, зерттеу нәтижелерін әр әдістеме бойынша қайта жүргіздік.

1. *«Оқытудың мотивациясын және оқуға эмоционалды қатынасты диагностикалау»* (А.Д.Андреевтің модификациясы) әдістемесінің қалыптастырушы эксперименттен кейінгі нәтижелерін алғашқы анықтау кезеңінің нәтижелерімен салыстырдық. Нәтиже көрсеткіштері төмендегі 25-кестеде берілді.


Кесте 25 - «Оқытудың мотивациясын және оқуға эмоционалды қатынасты диагностикалау» (А.Д.Андреевтің модификациясы) әдістемесінің салыстырмалы нәтижелері

Көрсеткіштер	Бақылау сыныбы 60		Тәжірибелік сынып 59	
	Экспер. дейін	Экспер.кейін	Экспер. дейін	Экспер.кейін
1	2	3	4	5
Өте жоғары	3,3%	5%	3,4%	8,5%

25 – кестенің жалғасы

1	2	3	4	5
Жоғары	8,3%	13,3%	5,1%	39%
Орта	40 %	46,7%	38,9%	45,8%
Төмен	38,4%	28,3%	49,1%	6,7%
Өте төмен	10%	6,7%	3,4%	-

Кестеде көрсетілгендей, алғашқы анықтау кезеңіне қарағанда қалыптастыру экспериментінен кейінгі нәтижелер тәжірибелік сыныпта әлдеқайда өскен. Мысалы, «өте жоғары» деңгей 8,5 пайызға, «жоғары» деңгей – 39 пайызға, «орта» деңгей 45,8 пайызға, ал «төмен» деңгей керісінше 6,7 пайызға төмендеген (сурет 30).




Сурет 30 – «Оқытудың мотивациясын және оқуға эмоционалды қатынасты диагностикалау» (А.Д.Андреевтің модификациясы) әдістемесінің салыстырмалы нәтижелері

2. *Оқу белсенділігін анықтауға арналған сауалнаманың* қалыптастырушы эксперименттен кейінгі нәтижелерін алғашқы анықтау кезеңінің нәтижелерімен салыстырдық. Нәтиже көрсеткіштері төмендегі кестеде берілді (кесте 26):

Кесте 26 – Сауалнаманың салыстырмалы нәтижелері


Сұрақ	Бақылау сыныбы 60				Тәжірибелік сынып 59			
	Экспер. дейін		Экспер.кейін		Экспер. дейін		Экспер.кейін	
	иә	жоқ	иә	жоқ	иә	жоқ	иә	жоқ
1-ші сұрақ	51%	49%	63%	37%	46%	54%	94%	6%
2-ші сұрақ	62%	38%	63%	37%	58%	42%	95%	5%
3-ші сұрақ	32%	68%	35%	65%	28%	72%	92%	8%
4-ші сұрақ	52%	48%	55%	45%	58%	42%	94%	6%

Оқушылардан алынған сауалнама нәтижелері 31,32 – суретте көрсетілген.



Сурет 31 – Бақылау сыныптардың сауалнамасының салыстырмалы нәтижесі

Бақылау сыныбының сауалнама нәтижесін талдау барысында 1-ші сұрақ бойынша 63 пайызға жоғарылағанын, 2-ші сұрақ бойынша қазақ тілі пәндерден алған мәліметтерді болғанын 37 пайыз оқушы қаламайтынын, 3-ші және 4-ші сұрақ бойынша 35,55 пайызға көтерілгенін анықтадық. Суреттен көріп отырғанымыздай, бақылау сыныптардың экспериментке дейін және эксперименттен кейінгі нәтижелерінің айтарлықтай өзгерісін байқамаймыз.



Сурет 32 – Тәжірибелік сыныптардың сауалнамасының салыстырмалы нәтижесі

Тәжірибелік сыныптардың сауалнама нәтижелерін талдау барысында 1-ші сұрақ бойынша оң жауаптар 94 пайызға, 2-ші сұрақ бойынша 95 пайызға өскенін, ал 3-ші сұрақ бойынша бір пән аясында басқа пәннен меңгерген білімдерін қолдануға ынтасы 92 пайызға жоғарылағанын, 4-ші сұрақ бойынша 94 пайызға көтерілгенін байқаймыз. Алынған мәліметтерді талдаудан шығатын

қорытынды: оқушылардың оқуға деген ұмтылысының, пәнаралық білімді қолдануға деген ынтасының, ойлау мен сөйлеуді дамытатын танымдық тапсырмаларды орындауға деген қызығушылығының жоғарылағанын байқаймыз.


3. Мазмұндық компонентті анықтау мақсатында «Сөйлеуді диагностикалау» (Р.С. Немов) әдістемесінің қалыптастырушы эксперименттен кейінгі нәтижелерін алғашқы анықтау кезеңінің нәтижелерімен салыстырдық. Нәтиже көрсеткіштері төмендегі кестеде берілді (кесте 27):

Кесте 27 – Сөйлеу деңгейінің салыстырмалы нәтижесі

Көрсеткіштер	Бақылау сыныбы		Тәжірибелік сынып	
	Экспер. дейін	Экспер.кейін	Экспер. дейін	Экспер.кейін
1 деңгей	1,6%	1,7%	1,7%	6,8%
2 деңгей	3,4%	8,3%	5,1%	22%
3 деңгей	41,7%	51,7%	40,7%	66,1%
4 деңгей	48,3%	36,7%	44%	5,1%
5 деңгей	5%	1,6%	8,5%	-

Кестеде берілгендей, тәжірибелік сыныпта оқушының сөйлеу деңгейі 1 деңгей 6,8 пайызға, 2 деңгей 22 пайызға, 3 деңгей 66,1 пайызға өскенін, ал 4 деңгей 5,1 пайызға төмен түскенін байқаймыз.

Жоғарыда берілген нәтиже диаграмма түрінде төменде ұсынылды (сурет 33).



Сурет 33 – «Сөйлеуді диагностикалау» (Р.С. Немов) әдістемесінің салыстырмалы нәтижелері

Диаграмма көрсетіп отырғандай тәжірибелік сыныптағы оқушының сөздік қорының деңгейінің нәтижесі бақылау сыныптардағы нәтижелермен салыстырғанда біршама жоғарылағанын көрсетті.


4. Оқушылардың ойлау дағдысын зерттеу мақсатында «Ауызша логикалық ойлауды зерттеу» (Э.Ф.Замбацявичене) әдістемесінің қалыптастырушы

эксперименттен кейінгі нәтижелерін алғашқы анықтау кезеңінің нәтижелерімен салыстырдық. Нәтиже көрсеткіштері төмендегі кестеде берілді (кесте 28).

Кесте 28 – Ойлау деңгейінің салыстырмалы нәтижесі

Көрсеткіштер	Бақылау сыныбы		Тәжірибелік сынып	
	Экспер. дейін	Экспер.кейін	Экспер. дейін	Экспер.кейін
Өте жоғары	-	1,7%	-	5,1%
Жоғары	3,3%	8,3%	5,1%	20,3%
Орта	40%	46,7%	37,3%	66,1%
Төмен	38,4%	33,3%	42,4%	8,5%
Өте төмен	18,3%	10%	15,2%	-

Көріп отырғанымыздай, тәжірибелік сыныптың оқушыларының «өте жоғары» деңгейі 5,1 пайызға жоғарылап, «жоғары деңгейі» 20,3 пайызға, «орта деңгей» 66,1 пайызға, «төмен» деңгей 8,5 пайызға түскенін көреміз. Жоғарыда берілген нәтиже диаграмма түрінде төменде ұсынылды (сурет 34).



Сурет 34 – «Ауызша логикалық ойлауды зерттеу» (Э.Ф.Замбацявичене) әдістемесінің салыстырмалы нәтижелері

Диаграммадағы тәжірибелік сыныптың экспериментке дейінгі және эксперименттен кейінгі көрсеткіштерін салыстырар болсақ, онда нәтиженің айтарлықтай өскенін байқаймыз.

5) Арнайы әзірленген тапсырмалар.

Эксперименттік кезеңнен кейін оқушылардың пәнаралық мәтінді талдауда игерген дағдыларының деңгейін тексеру мақсатында бұл тапсырмаларды оқушыларға қайта ұсындық.

Тапсырмалардың түрлері мен деңгейі бойынша бөлу туралы толық ақпарат кестеде келтірілген. Сонымен бірге кестеде әр тапсырманы бағалау шкаласы бар (кесте 29).

Кесте 29 –Тапсырманың бағалау шкаласы


Тапсырма №	Тапсырма түрлері	Пәнаралық байланыс	Балл
1	Мәтіннен ақпарат таба білу, сауатты көшіру, қателерді тексеру, түзету	Қазақ тілі	1
2	Мәтін ақпаратын пайдалана отырып сұрақ құрастыру	Қазақ тілі, Әдебиеттік оқу	1
3	Мәтінді мағыналық бөліктерге бөліп, оларға тақырып қоя білу	Әдебиеттік оқу	1
4	Сөйлемнің грамматикалық негізін таба білу, сөз тіркестерін жазу	Қазақ тілі	1
5	Объектіні сипаттау бойынша оның тіршілік ету ортасының табиғи-климаттық аймағын анықтау білігі, табиғи аймақтарды білу	Дүниетану	1
6	Есепті шешу	Математика	2
7	Қойылған сұраққа жауап беру, қажетті дәлелдерді келтіру	Қазақ тілі. Әдебиеттік оқу	2
Барлығы			9

Оқушылардың ұсынылып отырған әр тапсырма бойынша анықталатын нәтижелерінің тізімі төмендегі кестеде көрсетілген (кесте 30).

Кесте 30 – Тапсырмалардың орындау нәтижесі

Көрсеткіштер	Бақылау сыныбы		Тәжірибелік сынып	
	Экспер. дейін	Экспер.кейін	Экспер. дейін	Экспер.кейін
Жоғары	8,3%	16,7%	6,8%	25,4%
Орта	45%	56,7%	42,4%	66,1%
Төмен	46,7%	26,6%	50,8%	8,5%

Алынған диагностикалық жұмыс нәтижесінде бақылау және тәжірибелік сынып оқушыларының пәнаралық нәтижелерінің деңгейі арасында айтарлықтай алшақтық пайда болғанын байқаймыз (сурет 24).



Сурет 35 - Тапсырмалардың орындау нәтижесінің салыстырмалы сипаты

Жоғарыда келтірілген деректер диссертациялық зерттеу барысында жүргізілген қалыптастырушы эксперименттің нәтижелі болғандығын көрсетеді.

Сонымен зерттеу жұмысымызды қорытындылай келе, пәнаралық байланыста бастауыш сынып оқушыларының ойлау мен сөйлеу дағдыларын қалыптастырудың теориялық-әдіснамалық негіздері айқындалып, «пәнаралық байланыста ойлау мен сөйлеу дағдыларын қалыптастыру» түсінігі нақтыланып, оның әдістемелік жүйесі және құрылымдық-мазмұндық моделі және әдістемелік кешені дайындалып, білім беру үдерісіне шығармашылықпен енгізілсе, онда оқушылардың ойлау мен сөйлеу дағдыларын қалыптастырудың жоғары деңгейіне қол жеткізу мүмкін болады, өйткені пәнаралық байланыста жүргізілген жұмыстар бастауыш сынып оқушыларының ойлау мен сөйлеу дағдыларын қалыптастыруда қоғам сұранысын қамтамасыз етеді деген болжамымыз дәлелденді. Төменде пәнаралық байланыста бастауыш сынып оқушыларының ойлау мен сөйлеу дағдыларын қалыптастырудағы тәжірибелік сыныптың экспериментке дейінгі және эксперименттен кейінгі көрсеткіштері ұсынылып отыр (кесте 31).

Кесте 31 – Тәжірибелік сыныптың экспериментке дейінгі және эксперименттен кейінгі көрсеткіштері

Компонент	Әдістеме	Деңгейлері	Тәжірибелік сынып (пайыздық көрсеткіш)	
			ЭД	ЭК
Мотивациялық	«Оқытудың мотивациясын және оқуға эмоционалды қатынасты диагностикалау» (А.Д.Андреевтің модификациясы).	Өте жоғары	3,4%	8,5%
		Жоғары	5,1%	39%
		Орта	38,9%	45,8%
		Төмен	49,1%	6,7%
		Өте төмен	3,4%	-
	Оқу белсенділігін анықтауға арналған сауалнама.	1-ші сұрақ	46%	94%
		2-ші сұрақ	58%	95%
		3-ші сұрақ	28%	92%
4-ші сұрақ		58%	94%	
Танымдық	«Сөйлеуді диагностикалау» әдістемесі (Р.С. Немов).	1 деңгей	1,7%	6,8%
		2 деңгей	5,1%	22%
		3 деңгей	40,7%	66,1%
		4 деңгей	44%	5,1%
		5 деңгей	8,5%	-
	«Ауызша логикалық ойлауды зерттеу» әдістемесі (Э.Ф.Замбацявичене).	Өте жоғары	-	5,1%
		Жоғары	5,1%	20,3%
		Орта	37,3%	66,1%
		Төмен	42,4%	8,5%
		Өте төмен	15,2%	-
Нәтижелік	Арнайы әзірленген тапсырма.	Жоғары	6,8%	25,4%
		Орта	42,4%	66,1%
		Төмен	50,8%	8,5%

Тәжірибелік сынып оқушыларының ұсынылған әдістемелік кешенді қолданғаннан кейінгі пайыздық көрсеткішінің жоғарылауы және әдістемелік

тиімділігі жөніндегі тұжырымымыздың дұрыстығын тексеру үшін және алынған нәтижелердің статистикалық тұрғыдан мәнділігін анықтау үшін Пирсонның χ^2 (хи - квадрат) критерийін пайдаландық.

Ол үшін пәнаралық байланыс арқылы бастауыш сынып оқушыларының ойлау мен сөйлеу дағдылары қалыптасады деген болжамды тексереміз.

Эмпирикалық болжамды дәлелдеу мақсатында алынған нәтижелерін математикалық өңдеу барысында екі гипотеза ұсынылды:

H_0 - пәнаралық байланыс арқылы бастауыш сынып оқушыларының ойлау мен сөйлеу дағдылары қалыптаспайды. H_1 - пәнаралық байланыс арқылы бастауыш сынып оқушыларының ойлау мен сөйлеу дағдылары қалыптасады.

χ^2 - критериймен
$$\chi^2 = \sum_{i=1}^k \frac{(f_i^I - f_i^{II})^2}{(f_i^I + f_i^{II})}$$
 формуласы бойынша есептейміз.

Мұндағы f_i^I және f_i^{II} - салыстырылып отырған таңдамалардың жиіліктері.

Жүргізілген барлық әдістемелер бойынша статистикалық талдау нәтижелері корреляциялық мәнділікке ие болды. Бұл біздің пәнаралық байланыста бастауыш сынып оқушыларының ойлау мен сөйлеу дағдыларын қалыптастыру тәжірибесінің тиімділігін толық дәлелдейді.

Қорыта айтқанда, зерттеудің міндеттері толығымен орындалды және болжамы теориялық және эксперименттік мәліметтермен дәлелденді деген тұжырым жасалады.

ҚОРЫТЫНДЫ

«Пәнаралық байланыста бастауыш сынып оқушыларының ойлау мен сөйлеу дағдыларын қалыптастыру» атты диссертация бойынша жүргізілген теориялық және тәжірибелік зерттеу жұмысының нәтижелері төмендегідей қорытындылар жасауға мүмкіндік берді:

1. Зерттеу жұмысы бойынша нормативтік құжаттарға және ғылыми еңбектерге талдау жасалды, пәнаралық байланыста бастауыш сынып оқушыларының ойлау мен сөйлеу дағдыларын қалыптастыру мәселесінің өзекті екендігі дәлелденді. Пәнаралық байланыста бастауыш сынып оқушыларының ойлау және сөйлеу дағдыларын қалыптастыру мәселесінің теориялық-әдіснамалық негіздері айқындалды, философиялық, психологиялық-педагогикалық еңбектерге талдаулар жасалып «пәнаралық байланыс», «ойлау мен сөйлеу дағдылары» ұғымдарының мәні мен құрылымы анықталды. **Пәнаралық байланыс** - білімнің жүйелілік логикасын сақтай отырып, жоғары деңгейлі ойлауға бағыттайтын кешен, ал, **бастауыш сынып оқушыларының ойлау мен сөйлеу дағдыларын қалыптастыру** – тілдік қатысым барысында талдау, жинақтау, салыстыру арқылы өз ойын анық, дұрыс және түсінікті жеткізуде тілдік дағдыларды меңгерту үдерісі деп авторлық анықтама берілді.

2. Пәнаралық байланыста бастауыш сынып оқушыларының ойлау және сөйлеу дағдыларын қалыптастырудың әдістемелік жүйесі: бастауыш сынып оқушыларының ойлау мен сөйлеу дағдыларын қалыптастырудың әдістемелік негізін қамтамасыздандыру; оқушылардың айтылым, тыңдалым, оқылым, жазылым дағдысын дамытуға арналған әдіс-тәсілдерді пайдалану; пәнаралық және танымдық мәтіндерін қолдану және пәнаралық байланыста ойлау мен сөйлеу дағдыларын қалыптастыруға арналған тапсырмалар мен жаттығулар жүйесімен қамтамасыз етілді.

3. Пәнаралық байланыста бастауыш сынып оқушыларының ойлау мен сөйлеу дағдыларын қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі жасалды. Модель зерттеу жұмысымыздың мақсатына жауап береді. Оның компоненттерінің бір тұтастығы (мақсаты мен міндеті, тұжырымдамалық және әдіснамалық негізі, мазмұны мен теориялық негізі, компоненттері мен өлшемдері, әдістері мен құралдары, қол жеткізетін нәтиже) бірлігін қамтамасыз етеді. Пәнаралық байланыста бастауыш сынып оқушыларының ойлау мен сөйлеу дағдыларын қалыптастырудың әдіснамалық негіздерінде жүйелілік тұғыр, интегративті тұғыр, іс-әрекеттік тұғыр, орта тұғырлар, жүйелілік және бірізділік ұстаным, оқытудың сабақтастығы ұстанымы, теория мен практиканың бірлігі ұстанымы, тілдік сезімге сүйену және оны дамыту ұстанымы, сөйлеу мәнеріне зейін қою ұстанымы басшылыққа алынған мотивациялық, танымдық, нәтижелік компоненттен тұратын бұл құрылымда жаңартылған білім беру жағдайында пәнаралық байланысты қолдану мүмкіндігін толық пайдалану арқылы бастауыш сынып оқушысының ойлау мен сөйлеу дағдыларын қалыптастыруға болатындығы дәлелденді.

4. Пәнаралық байланыста бастауыш сынып оқушыларының ойлау және сөйлеу дағдыларын қалыптастыру әдістемесі педагогикалық эксперименттен

өткізіліп, тиімділігі дәлелденді. Зерттеу жұмысын нәтижелі ететін мұғалімдерге арналған «Бастауыш мектепте ойлау мен сөйлеуді пәнаралық байланыста қалыптастыру негіздері» атты ғылыми-әдістемелік семинар бағдарламасы, бастауыш сынып оқушыларына арналған «Ойлау мен сөйлеудің» құпиясы атты факультативтік курс бағдарламасы, пәнаралық байланыста ойлау мен сөйлеу дағдыларын қалыптастыруға арналған жаттығулар мен тапсырмалар жүйесінен тұратын әдістемелік кешен әзірленді.

5. Тәжірибелік-эксперимент жұмысының қалыптастырушы кезеңінде алынған нәтижелер оқушылардың пәнаралық байланыс тұрғыда оқу қажеттілігін түсініп, ойлау мен сөйлеуді қалыптастыруға арналған жаттығулар мен тапсырмаларына деген қызығушылықтарының артқанын, танымдық және пәнаралық тапсырмалардың мәнін, қызметін ұғынғанын, пәнаралық білім, біліктерінің артқандығын көрсетті.

